1-2 суретте көрсетілген тапсырмалар ерекше болып табылады және графика суретшілеріне қажетті декоративтік көркемсуреттік ойды дамытуға бағытталған. Студенттер осы тапсырмалардың үлгісінде заттарды жалпылама, стилизациямен бейнелеуді үйренеді, көлемі шартты көрсетіледі. Формасы мен түсі де шартты түрде жергілікті декоративті шешімін табады.

Реалистік бейнелеуді стилизациялау әлбетте күрделі үрдіс. Натураны зерделемей тұрып, оқу тапсырмасының барлық декоративтік элементтерінің пластикалық шешімдерін және нақты ритмді көрсете алу мүмкін емес [2].

Келешек график-суретшілерін графикалық суретке оқытуда реалистік түрде натурадан қарап бейнені декоративті бейнелеуге айналдыруға бағытталған. Студенттер бірінші графикалық тапсырманы орындау барысында (жапырақ, өсімдік және жеке заттар) декоративтік стилизациялауларының әдіс-тәсілдерін меңгеріп, заттардың түстері мен формаларының ерекшеліктерін айқындай отырып заттың формасын декоративтік кескіндеме тілінде бейнелеуге үйренеді.



1–сурет



2–сурет

3–курс графика мамандығы студенттерінің аудиториялық жұмыстары

Мысалы, «Гүлдер шоғы» натюрмортының декоративтік шешімін табу үшін композицияның барлық элементтерінің ырғақты жүйелілігін жасауға, гүл шоғы тұтастай декоративті дақ ретінде тұтастығы мен бағыныштылығының шешіміне жету.

Декоративті натюрмортта негізгі тапсырма болып натураның декоративтілігін айқындау, парақтағы композициялық жазықтықты ұйымдастыру, үйлесімді бояу түсі мен үндестік шешімі. Декоративтік натюрморт натураны нақты бейнелеу емес, берілген натураны стилизациялау. Мысалы, оқу тобының алдына орамалға, витражға, гобеленге натюрморттың эскизін жасауға тапсырма беру сияқты және т. б. Декоративті натюрмортты шешудің негізгі принциптері болып шартты кеңістік жазықтығында кеңістік тереңдігіндегі бейнеге айналдыру. Декоративті натюрмортты жазу үрдісінде студенттің алдына қойылатын тапсырма натюрморттың декоративті шешімінде анағұрлым айқын мінездемесінің сапасын байқай алу және практикалық орындау. Қойылған натюрмортты қарап орындау барысында ойдан кездейсоқ басқа заттарды қосудан аулақ болған жөн.

Декоративті натюрморт келешек графика суретшілеріне бояу түсінің үйлесімділігін, үрдісін, жарықтығы мен фактурасын түйсінуін, дамыту мүмкіндігін береді және де студенттердің шығармашылық күштерін бүтіндей белсенділігін арттырады.

Натюрморт қойылымының композициясына табиғи немесе жасанды жарық болуы үлкен рөл атқарады. Жарық бір шеттен, бағытталған немесе шашыраңқы (терезеден не жалпы жарық) болуы мүмкін. Натюрмортқа жарықтың алдынан, не бір жағынан түсуі заттарда қарама-қарсы жарық-көлеңке пайда болады, сонымен бірге бірінші (немесе негізгі) планды айқын көрсету үшін артқы планға түсетін жарықты жартылай жауып қойуға болады.

Заттардың тондық айырмашылықтары шашыраңқы жарықта айқын көрінеді. Студенттерге декоративтік шешімдерін орындау барысында бояу түстерін шартты түрде немесе шектелген аз

көлемде пайдалануды ұсыну пайдалы. Бұл натюрмортқа тондық және бояу түстеріне қатысты үйлесімділік сезімі мен көңіл бөлуді дамытады.

Формальді композициялық шешімінде нақты форманың шартты шешім деңгейін шамалыдан толық бұзуға дейінгі аралықта болуы мүмкін. Қосымша алтын, күміс, қола бояу түстерін, сондай-ақ коллаж, тырнап сызу т.б. техникаларын пайдалануға болады.

Бірінші тапсырмадан кейін студенттерге натюрморттар сериясын орындау ұсынылады. Содан кейін натюрмортты декоративті кескіндемелік бейнелеуді шешу керек. Осы тапсырмаларды орындау барысында студенттер көрініп тұрған заттық дүниенің кескіндемелік заңдары мен амалдарын және декоративтік шешімдері жайлы базалық білім алады. Заттық- кеңістіктік композицияны тұрғызуда, дәстүрлі қол өнері заттарынан тақырыптық натюрморт орындау барысында оқу жұмысын тондық-түстік шешімі бойынша дағдысы мен білімін жетілдіру жалғасады. Бұл тапсырмаларды орындау-күрделі түстік гамманың үйлесімділігі нақты кескіндемелік шешіміне бағытталған. Тақырыптық натюрморттың декоративтік шешіміне өрнектелген заттарды қосу арқылы композицияның айқын декоративті- стилистикалық шешімімен теориялық және практикалық біліктілігін көтеруге септігін тигізеді. Оқу жұмыстарында халықтық қол өнер бұйымдарды, гипстік өрнектерді қоса отырып тақырыптық натюрмортты декоративті шешуде студенттер декоративті композицияны жасау, бейнелеу жазықтығындағы заттарды сауатты орналастыру тапсырмаларын орындау, кескіндемелік ортадағы дәстүрлі қол өнер бұйымдарының формалары мен фактураларын бірыңғайландыру мен стилизациялау дағдыларын қалыптастырады. «Өнер», «Музыка», «Шәй ішу» т.б. тақырыптық натюрморттарында бірыңғай көркемсуреттік композицияға біріктіретін түрлі мақсатқа арналған заттар. Бұндай тапсырмалар болашақ декоративтік жұмыстар жасау дағдысын дамытуға себепкер болады.



3-сурет



4-сурет

Студенттердің үйде орындаған тапсырмалары

Графикалық сурет пәнінің 3 курс 6 семестрінде оқытылатын бағдарламасында толығымен адам портретінен бастап толық фигураға дейін дәліздік қойылымдарға арналған (3-4 сурет). Келешек график суретшілеріне қажетті тапсырма адам бейнесін декоративті стилизациялау болып табылады.

Бұл тапсырмада фигураның өте айқындылығын көрсету, декоративті құралдармен модельдің мінездемесін және қойылымның жалпы бояу түстерін шешу қажет. Модельдің пластикасы мен мінездемесін көрсете отырып, оның анағұрлым ашық декоративтілік жағынан келбеті мен ерекшелігін көрсету. Бұл тақырыпты оқу келесі кезекпен жүргізіледі: портрет, бас киіммен портрет, беліне дейін қолымен портрет, толық бойымен фигура, ұлттық киіммен фигура [3].

«Ұлттық киімдегі фигура» - оқу тапсырмасы үйренген білім мен дағдыларын, фигураны сауатты тұрғыза білу, қозғалысты көрсете алу, бейнеленіп отырғанның өзіндік ерекшелігі мен мінездемесін, түс қатынастарының бояу үйлесімділігін таңдай алуды талап етеді. Бұл тапсырмада студенттер костюмді әрлейтін декоративті элементтер мен өрнектік композициялар жасайтын, модельдің қозғалысын көрсететін костюм қыртыстарының орналасу заңдылықтарымен танысады.

Масштабтары мен фактуралары әртүрлі декоративтік стилизациялар мен формаларын жасаудың амалдарын игере отырып, студенттер тепе-теңдікті, стилистиканы сақтаған, бірыңғай структуралық-пластикалық композицияны жасайды [4]. Оқу үрдісінде студенттер әртүрлі графикалық құралдармен жұмыс тәсілдерін меңгереді: гуашь, сангина, пастель, көмір, тушь. Әрбір тәсіл көркемсуреттік құралдармен қоршаған шындықты көрсетуде өзіне ғана тән ерекшелікті көрсету мүмкіндігі бар, сол себепті студенттер графикалық суреттің әртүрлі тәсілдерінің мүмкіндіктері мен түрлі құралдарды пайдалана отырып шығармашылық тапсырманы шеше алулары керек.

Графикалық суреттен жаңа тапсырмаларды оқу үрдісіне жасай отырып және ендіріп, композицияны декоративтік шешу тәңірегінде ертерек натурадан қарап орындалған кескіндемелік және графикалық жұмыстар мен әдістемелік құралдарды пайдалана отырып, біз студенттердің белсенді интеллектуальді шығармашылығын дамытуға ұмтылдық. Жекелей бағытталған жаңашыл оқу әдістері мен дәстүрлі әдістерді қолданудың үйлесімділігі студенттердің графикалық суреттен дайындық деңгейіне тиімді әсер етті.

Графикалық суретті оқыту бағдарламасы студенттердің көркемсуреттік- пластикалық образдар мен стандартты емес, шығармашылық жұмыстарындағы шешімдерді жасауға бағытталған. Студенттер графикалық суреттен оқу тапсырмаларын арнайы орындау үрдісінде кәсіптік және шығармашылық тапсырмаларын жетістікпен шешуге қажетті білім мен дағдыларын, сәнді-қолданбалы өнердегі шығармашылығын дамыту жолдарын меңгереді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рабилова З.Ж., Тұрдығұлов Ж.А. Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдеріне кескіндемені оқытудың теориялық негіздері. Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы «Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы - әдістемесі» сериясы. – №1(50), 2017. – С 46-50.
2. Василенко В. М. Народное искусство: избранные труды о народном творчестве X-XX вв. – М., 1974. – 79 с.
3. Беда Г.В. Тоновые и цветовые отношения в живописи. – М.: Сов. художник, 1964. – 248 с.
4. Богатырев П.Г. Вопросы теории народного искусства. – М., 1971. – 91с.

ӘОЖ 378.126
МРНТИ 14.07.03

А.Л. Сеитова¹, Г.Б. Ахметова²

¹педагогика ғылымдарының магистры, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Өнер, мәдениет және спорт институтының аға оқытушысы,
Алматы қ., Қазақстан

²1 курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ, педагогика және психология институты,
Алматы қ., Қазақстан

ЕРЕСЕКТЕРДІҢ ОҚУ ҮРДІСІНДЕГІ ӨЗІНДІК БАҒАЛАУЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі кезеңде экономиканы дамытатын қаржылық құрылымдар жүйесі және өндірістік қатынастармен қатар әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынастың да маңызды рөл атқаратындығы белгілі. Жаһандағы болып жатқан жағымсыз оқиғалардың барлығы дерлік субъектілер арасындағы оң қарым-қатынастың орнамағандығынан деп айтуға болады. Шындығында, адамдар арасындағы оңды қарым-қатынас көптеген істердің тиімді аяқталуының кепілі екендігі анық. Осы жерде қойылатын маңызды мәселелердің бірі – қоғамдағы ересек адамдар арасындағы тиімді байланысты орнатудың тетігін қарастыру. Бұл орайда әлеуметтік ортада, адамдар арасында жиі қарым-қатынас орнату үдерісінде психологиялық, мәдениеттанушылық, тарихи, әдеби, жаңа заманғы технологиялық біліммен бірге андрагогикалық білімді меңгеру өзекті болып табылады. «Ересек» адамдар сөзіне қатысты дүниежүзінің ғалымдары біршама талқылаулар мен өзіндік анықтамалар берген. Алдымен осы сөзге байланысты ойларды талқылап көрсек. Көптеген психолог, физиолог, социолог, философ ғалымдар тұтас адам өмірінің хронологиясын 3 негізгі нақты кезеңдерге бөліп қарастырады.

Түйін сөздер: ересек, өзіндік бағалау, оқу іс-әрекеті.

Аннотация

А.Л. Сеитова¹, Г.Б. Ахметова²

¹старший преподаватель Института искусств, культуры и спорта при КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

²магистрант 1 курса кафедры педагогики и психологии, Института педагогика и психология при
КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан

САМООЦЕНКА ВЗРОСЛЫХ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ

Изменения происходят постоянно, а значит, менеджерам систематически нужно учиться и переучиваться самим и обучать своих подчиненных. Навыки тренера сегодня необходимы не только для корпоративных специалистов по обучению и эйчаров, но и для всех руководителей, особенно в тех организациях, где основной акцент делается на развитии сотрудников. Обучение же взрослых имеет целый ряд особенностей. Понятие образование взрослых (adult education) охватывает собой весь комплекс непрерывных процессов обучения – как формального, так и весь спектр его неофициальных форм и видов, с помощью которых взрослые люди развивают свои способности, обогащаются знаниями, совершенствуют профессиональные квалификации или же применяют их в новом направлении. Отличия взрослых учащихся от учащихся-детей постепенно осознавались наукой. В педагогике появился даже особый раздел дидактики, получивший название андрагогика. Была предложена и андрагогическая модель организации обучения, в рамках которой обучающийся несет ответственность за определение области обучения, выбор методов, планирование сроков, а также за оценку результатов. Он выступает в качестве основной «движущей силы» обучения, в то время как преподаватель играет роль координатора процесса, «архитектора», создающего новые формы, методы и возможности.

Ключевые слова: самооценка, взрослых учащихся, андрагогика, действия.

Abstract

Seitova A.L.¹, Akhmetova G.B.²

¹magister of Education sciences, Senior teacher of the Institute of arts, culture and sport at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

²master of 1 course of the Chair of Pedagogy and Psychology KazNPU of the name of Abay, Almaty, Kazakhstan

SELF-ASSESSMENT OF ADULTS IN THE EDUCATIONAL PROCESS

Nowadays the system of economical institutions developing the economy and along with the industrial relations, social – psychological relationships play important role. All the adverse actions happening in the world can show the nonpositive relations between subjects. It is clear that, the positive relationship between people is the ascertain of good end of the actions. Here is put the important problem of considering the establishment of the beneficial relationships between adults' outbreak in society. From this part of view, it is actual to investigate the andragogical knowledge along with the psychological, cultural, historical, literal, new innovative technological education in establishing the process of constant relationship between people in social environment.

Key words: andragogical, cultural, historical, literal.

Қоғамның жаһандану барысына қатысты жастармен қатар ересек адамдарды үздіксіз оқыту маңызды екендігі анық. Ақпараттар тоқтаусыз өсуі мен өмірағымының тез өзгеруі қоғамдағы кез-келген тұлғаның заман ағымына байланысты әлеуметтенуін қажет етеді. Соған байланысты ересек адамдардың тұрақты білімін жетілдіру мен уақыт талабына сай өзгертіп отыруы өзекті болып табылады. Сол себептен қазіргі таңда ересектерге білім беруді педагогикалық-психологиялық тұрғыдан зерттеуге назар аудару қажет деп санаймыз.

«Ересек» адамдар сөзіне қатысты дүниежүзінің ғалымдары біршама талқылаулар мен өзіндік анықтамалар берген. Алдымен осы сөзге байланысты ойларды талқылап көрсек. Көптеген психолог, физиолог, социолог, философ ғалымдар тұтас адам өмірінің хронологиясын 3 негізгі нақты кезеңдерге бөліп қарастырады. 1-кезең – жасөспірімдік шақ, бұл кезең әртүрлі эксперимент нәтижелеріне байланысты алынған 18-22 жас аралығындағы адамдар, 2-кезең – ересектік шақ, ол 20-дан 65 жасқа дейінгі (кейде 18-22-ден 60-75 жас) аралықтағы адамдар болып анықталды. Бұл ерте ересектік (35 жас) және кеш ересектік (50 жас) деп бөлінеді. Ал, 65 жастан жоғары кәрілік жастағы адамдар 3-кезеңге жатқызылады. [1, 80 б.].

М.Ш. Ноулздың айтуынша, ересек адам дегеніміз – өзін-өзі ересек адамша ұстай білетін, жұбайлық және ата-ана жауапкершілігі мен азамат рөлін атқара алатын кісі десе, ал ресей ғалымы Ю.Н. Кулюткин де: «ересек адам – ең бірінші қоғам талабына сай, өз алдына шешім қабылдай алатын әлеуметтік толық жетілген адам» - деп, атап көрсетті.

Атақты француз ғалымы, ересектерді оқыту жөнінде тәжірибе жүргізуші Р.Муккиели: Ересек адамдар деп, 23 жастан асқан, кәсіби өмірге толықтай енген, белсенді әлеуметтік рөлді иемденген, жеткілікті деңгейде мағлұматтарға ие болған адамды айтады [1, 80 б.].

Әрине, ересек шақтың өзіндік белгілі-бір анықталған мөлшері бар. Бұл жөнінде әр ғалым ересек адамдардың жастарын әртүрлі кезеңдерге бөледі. Әйгілі ғалымдар: Дж. Биррен – 17-75 жас; Е.И. Степанова –18-40 жас; Ю.Н. Кулюткин –16-70 жас; ағылшын зерттеушілері: Д.М. Бромлей және Б.Г. Ананьев – 21-65 жас, Д.И. Фельдштейн – 21-75 жас кезеңіндегілерді ересек адамдардың жас мөлшерлері деп қарастырды. Ал, американдық атақты психолог Э.Эриксон болса, 20 жастан асқан адамдардың бәрі ересектер деп пайымдайды [1, 81 б.].

Өз зерттеуінде Г.К. Джуманова: «ересек адам – бұл іс жүзінде жетуі қиын үлгі, оның қасиеттері жеткіншекте көбіне болмайтын өмірлік жағдайлармен қатынастарда көрінеді, ал құрдасы-жеткіншекке нақты мүмкіндіктер деңгейінде өзін-өзін бағалауға, өзі тікелей теңесуіне болатын адамға жүзеге асырылған түрінде көруге жағдай жасайтын өлшем», - деген тұжырымын ұсынды [2,16 б.].

Айта кететін жай, шетел зерттеушілері ересек адам ұғымын анықтауда әлі де ортақ пікірге келмеген, мұның себебі адам өміріндегі осы даму кезеңін бірыңғай жүктейтін нақты сипаттамаларды бөліп көрсету қиындығында болып отыр. П. Джарвистің пікірінше, ересек адам ұғымын анықтау өте күрделі деп санайды. Ересектер білімімен жалғастырылған білімінің халықаралық сөздігінде П.Джарвис осы ұғымның қазіргі шетел андрагогикасында қабылдаған бірнеше мағынасын береді.

1. Биологиялық кемел жасқа жеткен адам.
2. Қоғам заң жүзінде ересек деп қарастыратын заңды хронологиялық жасқа жеткен адам.
3. Адам өзін ересек сезінетін жас – ересек мінез-құлық мәнері.

Ересек болу – өз әлеуметтік тобында ересек ретінде есептелуі П.Джарвис негіздемесі бойынша «бұл терминнің көп мағыналылығы ересектер білімі ұғымын анықтаудың қиындығының басты себебі болып табылады» [3, 302 б.].

Ең жеңіл де кең тараған тәсіл – адамды ересектер категориясына белгілі бір жасқа жеткенде жатқызу. Алайда көптеген шетел зерттеушілері шынайы көріністі байқағандай, бұл көрсеткіш сырт қарапайымдылығына қарамастан мәселеге жақын келетін сипатта. М.Тайт дәлел ретінде адамдар 18 жастан ересек саналатын Ұлыбритания елін мысалға келтіреді. Мұнда 18 жастан азаматтар дауыс беру құқына ие. Бірақ жақында ғана дауыс берудің жастық шектеуі 21 жасты құраған, ал ересек адамның басқа рөлдерін: ата-ана, қызметкер, салық төлеуші рөлдерін орындауға адамдар 18 жасқа жетпей кірісе алады.

Осы көрсеткіштердің нақтылығын дәлелдейтін басқа да жайттар бар: Еуропа елдерінде ересек адам жасын заң бекітеді, ал дамушы елдерде ересек жасы жергілікті дәстүрлермен сараланады [4, 137]

Р.Петерсон ересектерді оқытып, оларды тұлға ретінде дамыту үдерісі деп қарастырды. Оның идеясына қосымша М.Ноулз талқылауға адамның өзін-өзі бағалауын жаңа критерий ретінде енгізді. Оның пікірінше, адамға ересек ретінде қарауымыздың негізі, бір жағынан, олардың «ересек» мінез-құлқында, екінші жағынан, олардың өзін-өзі ересек адам ретінде сезінуінде [5, 400 б.].

Оқушылардың өзіндік бағалауы мәселесі психологияда жан-жақты қарастылған. Бірақта, ересек адамдардың оқу барысындағы өзіндік бағалауы әліде зерттеуді қажет етеді.

Өзіндік бағалау адамның білім алуға, өзінің мінез-құлқы мен іс-әрекетін реттеуге тікелей қатысушы ретінде тұлғаның автономды сипаты, өзінің белсенділігінде қалыптасатын және оның ішкі жан дүниесін көрсететін маңызды орталық компонент деп қарастырылады.

Өзіндік бағалау оны құрайтын екі факторлардың, атап айтқанда, адамның өзі туралы білімін айқындайтын рациональды және бұл білімді қабылдауы мен бағалауын бейнелейтін эмоциональды факторлардың бірлігімен қалыптасады.

Жалпы алғанда, өзіндік бағалау адамның мінез-құлқын, оның оқудағы белсенділігін, қарым-қатынасын, өзін-өзі тәрбиелеуін, еңбегін реттеуші сапасы ретінде қатысады.

Сонымен өзіндік бағалау ересектердің оқыту үрдісіндегі белсенділігіне, өзін-өзі бақылауы мен өзін-өзі байқауына байланысты қалыптасады. Әрбір жас ерекшелік кезеңінде өзіндік бағалаудың қалыптасуына сол жастағы белсенді іс-әрекеті жағымды әрі мәнді ықпал етеді.

Жеке өзіндік бағалау қандай негізде индивидтің өзіне жағымды және жағымсыз сезімді интеграциялайды деген сұрақ маңызды болып саналады.

Батыс әдебиеттерінде терең өзіндік бағалауды (өзін-өзі сыйлау, өзіне қатынасы) және оның құрылымын түсінудің алуан тәсілдері бөліп көрсетіледі.

Біздің пікірімізше, тұлғаның өзіне қатынасы маңызды, ол «Мен-тұжырымдамасының» алуан түрлі аспектісімен байланысты өзіндік бағалаудың нәтижесін көрсетеді. Өзіндік сана – «Мен» образын тану субъектісі ретінде «Мен» іс-әрекеті (Мен концепциясы). Өзін-өзі бағалау нақтыдан сәл ғана жоғары болса, ол адамның жаңа деңгейге көтеріліп отыруына көмектеседі.

Психологияда рефлексия адам санасының ең маңызды ерекшелігі ретінде анықталады. Рефлексия терминінің латын тілінен аудармалары: «reflektō» – кері бұру; «refleksys» – кері қозғалу, кері бұрылу; «reflexio» – кері қарау. Сонымен қатар латын тілінде «animus reflektare» – көңіл бөлу, еске түсіру, ойлау дегенді білдіреді. Рефлексия – субъектінің өзіндік ішкі психикалық күйін тану үдерісі дегенді білдіреді

Философ, логик, психолог, педагог ғалымдардың еңбектерінде (Л.И. Божович, Д.В. Выготский, В.В. Давыдов, А.И. Зимняя, А.Н. Леонтьев, Л.С. Рубинштейн, Д.Б. Эльконин және т.б.) «рефлексия» ұғымына берілген анықтамаларды төрт топқа бөлуге болады:

- әлеуметтік-психологиялық анықтамалар (рефлексия – субъектінің ойлану, өз ойларын талдау, өзінің психикалық күйін саралау, өз әрекетін талдауға деген бейімділігі; рефлексия ойлау мен іс-әрекетте – тұлғаның өзінің әрекет етуінің механизмі; кооперация мен коммуникацияда – «үстіне»,

«сыртқа» позициясына шығу механизмі; өзіндік танымда – ішкі бағыттылықта өзінің орнын анықтау механизмі мен «Мен-ділік» шекарасын белгілеудің әдісі);

- логикалық-гносеологиялық анықтама (рефлексия – адам ойының қағидасы, өзіндік әрекеттердің алғышарттарын ұғыну, білімнің мазмұнын және оның танымдық әдістеріне талдау жасау);

- әлеуметтік-философиялық анықтамалар (рефлексия – өзіндік сананың маңызды элементі, оны дамыту факторы; рефлексия – бұл ішкі қарама-қайшылықтардың өзектілігін тауып, оларды шешу жолдарын көрсететін, өзінің тәжірибиелік іс-әрекетін сезінуге бағытталған, адамның өзін-өзі тану қабілеті);

- педагогикалық анықтамалар (рефлексия – өзін-өзі танудың, түсінудің, тексерудің, бағалаудың негізгі тәсілі және ойлаудың қажетті құралы).

Демек, рефлексия – адамның өз іс-әрекеттерін, психикалық жағдайларын талдап, ой елегінен өткізу деген мағынаны білдіреді.

Оның пікірінше, диалог тұлғаны қалыптастырудың құралы ғана емес, оның адамдық болмысын да көрсетеді. Тұлғаның белсенділігі, өзін-өзі дамытып отыруға ұмтылуы өзгелерден бөлек жағдайда емес, өзге адамдармен диалогтық қатынастарға түсу кезінде жүзеге асырылады. Бірлескен қарым-қатынас негізінде ересектер мен оқытушы арасында өзара құрметтеу, мойындау, түсіне білу және сыйластық әрекеттері пайда болып, толеранттық пен мейірімділік көзқарастары қалыптасады.

Сонымен бірге сыни ойлау арқылы тұлға бойында рефлексиялық сапаларды қалыптастыру. Рефлексиялық сапа дегеніміз білім мен тәрбиені өзіндік сана арқылы қабылдап, тұлғаның рухани дамуы, ғылыми ақпараттарды игеруі болып табылады.

Ересек білім алушылардың арасында өзіндік бағалауды анықтауға бағытталған зерттеу жұмыс жүргізілді. 50 ересек адамдар қатысты. Оладың жас мөлшері орта есеппен 40 жасты құрайды. 27 әйел, 23 ер адам. Мамандықтары әр түрлі, 70% жоғары білімді, арнаулы және орта білім бар ересек адамдар. Ересек адамдардың өзіндік бағалуы өз мамандықтары тұрғысынан келгенді, кәсіби тұлғалық қасиеттерін айқындауда, қалыпты жағдайды көрсетті. Оқу барысындағы өзіндік бағалуы қалыпты емес. Мәселен, оқу материалдарын меңгеруге келгенде өздеріне сенімсіздік байқалды. Менің жасым үлкен, есте сақтау қасиетім азайған, басқалар менен білімі жоғары деген сияқты өздеріне күмәнмен қарайтын жауаптар берді. Оқу барысындағы ересек адамдардың өзіндік бағалауын айқындау оқу үдерісінің сапалы нәтижесіне беруіне кепіл бола алады деп санаймыз. Ересек адамдардың оқу үдерісінің сапасын арттыру мақсатында психологиялық ахуалды жақсарту, оқытушылар білім алушы ересектердің оқуға қатысты өзіндік бағалауды жоғарлату назарға алған дұрыс.

Ол үшін төмендегі басты ерекшеліктерді дағдыға айналдырудың маңызы зор:

- өз тәжірибесін пайдалана отырып, жаңа білім арқылы дүниеге өзіндік түсінік пен танымды қалыптастыру;

- өзге адамдардың ұсынатын идеяларына конструктивтік көзқараспен қарай алу;

- өзіне қарама-қарсы идеяларды жоққа шығаруға емес, түсінуге ұмтылу, одан өзі үшін нәтиже шығару;

- өз біліміндегі олқылықтарын көре білу және оны жоюдың жолдарын табу.

Сондықтан өзіндік бағалау адамның өзінің қылығы мен іс-әрекетін, оның мотивтерін, мақсатын саналы түсінуді, өзінің қабілеті мен мүмкіндіктерін көре білуі мен бағалауын сипаттайды.

Өзіндік бағалаудың бірнеше өлшеулері бар: ол дұрыс әрі дұрыс емес; салыстырмалы жоғары әрі төмен; тұрақты және тұрақсыз болуы мүмкін.

Ересектердің өзіндік бағалауының ерекшелігі дифференциалдығымен ажыратылады, себебі, ересек адам өмірдің, өз іс-әрекетінің күшті саласын жете түсінеді, ол кездесетін кедергілерді және оны жеңу мүмкіндіктерін біледі, сөйтіп жоғары нәтижеге жете алады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1 Змеев С.И. «Андрогогика: основной теории, истории технологии обучения взрослых». – М.: Персе, 2007. – 264 с.

2 Джуманова Г.К. Оқушылар зейіндерін дамыту арқылы өзін-өзі тәрбиелеудің психологиялық ерекшеліктері: псих. ғыл. канд....дис.: 19.00.07. – Алматы, 2008. – 16 б.

3 Jarvis, P. *Adult and Continuiug Education.Theory and Practice.* – London: Routledge, 1995.vol. – XV, 302 p.

4 Tighf. M., *Educait;on for adults.* – 1998. – Vo.17, №1-2. – P. 137.

5 Knowles M.S, *The Modern practice of adult education.* – Chicago: Association Association Press, 1980. – 400 p.

ӘОЖ 378.02:37.016

МРНТИ 14.35.09

А.С. Сманова¹

¹п.ғ.к., қауымд. профессор, Өнер, мәдениет және спорт институты, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ, Қазақстан

КӨРКЕМДІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢАША ӘДІСТЕМЕЛІК ДАЯРЛЫҚТАР

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы бойынша «Диалогтік оқыту» модулін сабақта пайдалану әдістерінен түсініктер мен мысалдар ұсынылған. Сонымен қатар, топтық жұмыстарда орындалған материалдар мен студенттер, магистранттар көзқарастары мен аталған әдістеме бойынша оң пікірлер талданған. Сондықтан да әзірге ендіріліп жатқан, жаңаша бағыттар бойынша болашақ мұғалімдердің әдістемелік даярлығына, кәсіби біліктіліктеріне талаптар да әмбебап, жаңаша қаралуда. Топтық жұмыстарды ұйымдастырудағы «Диалогтік оқыту» модулінің бейнелеу өнерінен білім берудегі пәндердегі тиімділігі айтылған. Осы аталған модульдер бойынша дәрісте, ашық семинар-практикалық сабақтарда пайдаланылған әдістерден мысалдар беріліп, жүйелі баяндалған.

Кілтгі сөздер: көркемдік білім беру, топтық жұмыс, диалогтік оқыту, әдіс, әдістеме, галерея әдісі, фишбоун, мозайка.

Аннотация

А.С. Сманова¹

¹к.п.н., ассоц. профессор, Институт Искусств, культуры и спорта при КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан

ИННОВАЦИОННО-МЕТОДИЧЕСКАЯ ПОДГОТОВКА В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ

В данной статье представлены методические рекомендации и примеры использования модуля «Диалоговое обучение» по программе дополнительного профессионального образования для выпускников высших учебных заведений, которые были разработаны на основе программы повышения уровня подготовки преподавателей Республики Казахстан. Вместе с тем, были проанализированы результаты материалов групповой формы работы, положительные отзывы студентов, магистрантов по данной методике.

В связи с чем, внедрение в методическую подготовку будущих учителей новых инновационных подходов в формировании у них профессиональных навыков рассматриваются как приоритетные. Поэтому внедрение модуля «Диалогическое обучение» в организации групповых занятий указывается как один из эффективных методов обучения предметам изобразительного искусства. Указанные модули описываются примерами использования методов обучения на лекционных, семинарско-практических занятиях.

Ключевые слова: художественное образование, искусство, диалогическое обучение, метод, методика галерея, фишбоун, мозайка.

Abstract

Smanova A.S.¹

¹ candidate of pedagogical sciences, the associate professor, Institute of Arts, culture and sport at, Kazakhstan at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

INNOVATIVE AND METHODOICAL PREPARATION IN ART EDUCATION

The methodical recommendations and examples of use of the Dialogue Training module about the program of additional professional education for graduates of higher educational institutions which have been developed on the

basis of the program of increase in level of training of teachers of the Republic of Kazakhstan are presented in this article. At the same time, results of materials of a group form of work, positive reviews of students, undergraduates on this technique have been analysed.

In this connection, introduction in methodical training of future teachers of new innovative approaches in formation at them professional skills are considered as priority. Therefore introduction of the Dialogical Training module is specified in the organization of group occupations as one of effective methods of training in objects of the fine arts. The specified modules are described by examples of use of methods of training on lecture, a seminar practical training.

Keywords: art education, art, dialogical training, method, technique gallery, фишбоун, mozaika.

Бүгінгі жоғары білім берудегі жаңаша бастамалар ең алдымен білім беру үдерісіндегі әдістемелік даярлық пен оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуінен басталады. Яғни, оқытушының әдістемелік даярлығы мен білім берудегі негізгі құрамдас бөліктер, құраушылар оқу құралдары, оқу-әдістемелік кешендер және т.б., қамтамасыз етілуі. Осы бағытта педагогикалық шеберлік орталықтарында әрбір оқу жылында жалғасын тауып жатқан ДББҰ «Назарбаев интеллектуалды мектептері» бөлімінде «Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагогикалық жоғары оқу орны бітіруші курс студенттеріне арналған қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы» бойынша оқытылып жатқан жеті модуль бойынша әдістемелік даярлықтың оқу үдерісінде тиімділігі жоғары. Кез келген оқытушының білімді жаңаша түсіндіріп, тартымды сабақтарды ұйымдастыруы үшін шебер әдіскер болуына аталған модулдердің ықпалы орасан екені құптарлық. Сол жеті модуль ішіндегі топтық жұмыстарды ұйымдастыру мен диалогтік модулді пайдаланып, өткізілген сабақтар барысын ұсынып отырмыз.

Топтық жұмысты ұйымдастыру мен пайдалану. Топтық жұмысты оқытуда ұйымдастыру, топқа біріктіруден бастау алады. Топқа біріктірудің мақсаты студенттер мен магистранттар білім алуға түгелдей зерттеу іс-әрекеті барысында қол жеткізу, белсенділікті арттыру, өзара ынтымақтастық пен сыйластық көзқарасты қалыптастыру, топта жұмыс жасату әдістерін пайдалану арқылы жаппай топ мүшелерін түгел білім алып, өзара талдап, нәтижелерін ұсынады. Жалпы топтық жұмыс оқыту үдерісінде тиімді. Бірінші бетпе-бетте түсіндірілген, меңгерілген білімдер нәтижесінде, жоғары оқу орнында тәжірибеден өткізуде магистранттарда «Жарнама психологиясы» пәнінде, «Жарнама психологиясының теориялық мәселелері» тақырыбында өткен дәрісте топтық жұмыс жасату магистранттар мен докторанттарда тәжірибеде қолданылды. Ең алдымен магистранттарға топтық жұмыс ережелері мен сабаққа қойылатын критерийлер түсіндірілді. Топқа біріктіру «Мозайка» әдісі қолданылды. Конверттен магистранттар түрлі формада қиылған суреттерді алып, өздерінің картиналарын құрастырып, өз топтарын тауып, бірігіп отырды. Барлығы үш топ болды. Әр топта 4 магистранттан отырды.

Жаңа сабақтың тақырыбы тақтаға жазылып, «Жарнама» дегеніміз не? Қандай түрлерін білеміз? Біздің өмірімізде қаншалықты маңызды екені туралы сұрақтар қойылып, әр топтан өз еркімен жауап берілді. «Миға шабуыл» әдісі қолданылды. Дәрістің тақырыбына байланысты үлестірмелі материал мәтін ретінде әрбір топқа таратылып берілді. Әр топ мүшелеріне жекелеп, мәтін бірдей бір топта, басқа топтарда басқа тақырыптарда.

Оқылымға 15 минут берілді. 15 минуттан соң топ ішінде талқылауға 5 минут беріліп, оларға постерлерге оқыған түсінген, білгендерін өз көзқарастарымен бейнелеу ұсынылды. «Концептуальді карта», «Фишбоун», «Өрмекші» әдістерін пайдалану нұсқасы таратылып, түсіндірілді. Топқа 20 минут уақыт берілді. Берілген мерзім аяқталған соң әрбір топтан қабырғаға өздерінің плакаттарын іліп, «галереяны шарлау» әдісі бойынша әрбір топ мүшелері түгелдей түсіндіріп, қорғады.

«Екі тілек бір жұлдыз», «екі жұлдыз бір тілек» әдісі түсіндіріліп, топтарға өз ұсыныстары мен тілектерін білдіруге еркіндік берілді.

Сабақ соңында магистранттар «Менің есімімнің тарихы» әдісін қолданып, өздерінің есімдері жайлы ауызша жарнамалық ақпараттар берді.

«Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» пәні топқа біріктіру аспан денелерін таңдау арқылы жұлдыздар, бұлттар, күндер болып үш топқа біріктірілді.

Үш топқа «Ең жақсы ұстаз» атты видеоролик 7 минуттық көрсетіліп, топта өзара ой бөлісуге уақыт берілді. 5 минут. Әр топ мүшелері өз еркілерімен ойлары мен пікірлерін жеткізді. Түйінді қоры-

тынды пікірлер айтты. Мәселен, «Ұстаздық өте жауапты іс болғандықтан, әрбір оқушыға жеке де, бірдей де қарай алуымыз тиіс», 2-курс магистранты Дайырбаева Айгерім «Кемтар балалар мектебінде ғылыми зерттеу жұмысына қатысты, практика жүргізгенде, өзінде осы көрсетілген видеороликке қатысты жағдайдың болғаны туралы есіне алып, «Қазіргі уақытқа лайық мұғалім болу үшін, шын жүрегімен өз мамандығын жақсы көруі керек» міне осындай және т.б., пікірлері мен өз көзқарастарын білдірді. Топтағы білім алушылар бір мезет өздерінің мамандықтарына сүйіспеншілікпен қарап, жауапты атқарылуы міндетті екені туралы ойланды, ой қозғалды.

Әр топта төрт студенттен болды, топтың ішінде екі түрлі мәтіндер таратылып берілді. Оқылымға 15 минут уақыт жарияланып, топтың ішінде талдап, бөлісуге 10 минут уақыт берілді. Талдап болған соң топқа постер таратылып берілді. «Эйлер шеңбері», «Вен кестесі» әдістері ұсынылды. Берілген мәтін бойынша түсінгендерін, білгендерін осы постерлерде бейнелеп, түсіндіруге 10 минут уақыт ұсынылды. Әр топ мүшелері түгел шығып өздерінің постерлерін қорғады. Басқа топтардан сұрақтарға жауап берілді. Өзара сұрақ-жауаппен алмасты. Топтық жұмыс өз тақырыптары бойынша түсініктерін беріп болған соң, сергіту «Ханзада, ханшайым, айдаһар» сергіту әдісі жүргізілді. Студенттер сергіп, көңіл-күйлерін көтеріп алды.

Жалпы, топтық жұмысты ұйымдастырып дәріс, семинар-практикалық сабақтарда қолдану ыңғайлы, оң нәтижелерді бере алды. Студенттер де, магистранттар мен докторанттар да маңызды мән берушілік пен белсенді қызығушылық білім алушылар тарапынан байқалды. Топтық жұмыстың ерекшелігі, біздің беріп жүрген дәстүрлі сабақ үлгімізге қарағанда, әдістердің көбірек қолданылуында, 50 минуттық дәрісте уақытты да тиімді жүзеге асырып, 4-5 әдістер пайдаланылды.

Топтық жұмыста орындалған жұмыстар дәлелдері:



1-сурет. Топқа біріктіруде қолданылған материалдар.



2-сурет. Топтық жұмыстағы магистранттар



3-сурет. Топтық жұмыстар нәтижелері

Диалогтік оқытуда басшылыққа студенттер диалог әдісін қолдана отырып, талқылау; білімді бірлесіп құру; түсіну; дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алады. Әрбір сабақта сұрақ қою арқылы тақырып бойынша өз ойларын айтуға мүмкіндік берілуі; өзара талқылау арқылы түрлі ойлардың болатындығын, бір-бірінің түсінуіне көмектесетінін көрсетті. Әңгімелесу нәтижесінде өз ойларын дәлелдеуге тырысты. Студенттердің қандай деңгейде екенін түсінуге көмектеседі. Диалогтік модуль студенттердің ашылуына, ойын жеткізуіне, сөздік қорының молаюына көмектесетіні байқалды.

Бранс пен Мерсер зерттеушілік әңгіме сұрақ қою тәсілін меңгеру жайында

- бірден көп сұрақ қоймау;
- студенттерге ойлауға уақыт беру;
- орынсыз сұрақ қоймау;
- ойлауды дамыту үшін мәселелік сұрақтар пайдалану;
- студенттердің жауап беру ниетін басатын сұрақтарды қоймау;
- оқушылардың алдыңғы жауабы сұрақтарына байланысты сұрақтарды құрастыру;
- сұрақтарды қоя білу техникасын меңгеру [1].

Осы жасалынған жіктеме бойынша магистранттарға «Эйлер шеңбері» әдісі ұсынылды. Осы кезеңдерде не? Қалай дамыды? Неге? Нәтижелері көрсетілуі түсіндірілді. Магистранттар екеуара «Эйлер» шеңберін сызып А 4 қағазда түсінгендерін түсіріп, нәтижелерін көрсетті.


Магистранттарға бұл диалогтік оқыту әдістері ұнады. Сабақта қолданғанда тиімділігі магистранттар белсенділігінен, материалдарды жетік түсініп, қолжетімді көбірек тақырыптар бойынша білімдер туралы сұрақ жауаптар да байқалды.

3 курс студенттері «Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» пәнінде «Орта ғасыр өнерін оқушыларға таныстыру» тақырыбында диалогтік оқыту модуліндегі әдістер арқылы өткізілді. 1 курс студенттерінде «Артбілім» пәні бойынша диалогтік оқытудың әдістері қолданылды.

Жалпы ұсыныстар мен диалогтік оқыту модуліне сипаттама берер болсақ, өткен, қазіргі, келешек бойынша айтуға болады екен. Бұрынғы, қазір де сабақ барысында қатар жүріп отырған оқыту үдерісі, бірақ осы тиімді оқыту бағдарламасындағыдай жүйелі, арнайы ұсынылмаған. Ал, аталған тиімді оқыту бағдарламасында бұл модуль ыңғайлы, ресурстарымен сабақта қалай қолданысқа енгізу мүмкіндіктерімен бізге жетік меңгерілгендіктен, білім алушыларға алдын ала түсінік беріліп, модуль туралы, өткізілетін сабақта осы модульмен жүргізілгендіктен, олардың да тарапынан қызығушылық танылып, дәріс сабақтың жаңаша бір өткізілген түрі болды. Белсенділік артты, білім туралы ақпараттар алмасты, пысықтады. Қорытынды нәтижелерін берді.

Осы диалогтік оқытуды сабақта пайдаланып, тәжірибеден өткізуде сабаққа қатысқан әріптестердің де пікірі оң болды.

Диалогтік оқытуды қолданып өткізілген сабақтардан дәлелдер:



4-сурет. Топтық, жұптық диалогтік оқытудан көріністер

Аталған модульдер де мұғалімнің сабақты жүргізудегі әдістемелік шеберлігі, бағыттылығы, сабақ барысында оқушымен жұмыс жасауда жеке, топтық, зерттеу іс-әрекеттері белсенді жүзеге асады. Бұл модульдердің ерекшеліктері барлық білім алушылар түгел зерттеу іс-әрекетімен айналысады. Сабақ беру үдерісінде еркіндік, жағымды ахуал, белсенділіктер тиімді көрініс береді. Жеке тұлға дамуында өзіндік ізденістің қалыптасуына әсер етеді. Бұл жеті модуль бойынша біздерге ұсынылған әдістер де өте ыңғайлы. Осы әдістерді сабақта қолдану да негізгі төрт дағдылар (оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым) толықтай үздіксіз атқарылады. Жеті модульдің мақсат, міндеттерін біліп, түсініп өз тәжірибемізде қолданып, дәріс, семинар-практикалық сабақтарды ұйымдастыру жаңаша сабақ үлгісін көрсетеді.

Бүгінгі білім берудегі қарқынды даму үдерісі үшін әрбір болашақ кәсіби білікті маман иесіне қажетті әдістеме.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Mercer N. and Littleton, K., (2007). *Dialogue and the development of thinking. A sociocultural approach.* [Диалог және ойлауды дамыту. Әлеуметтік мәдени тәсіл]. NY: Routledge
- 2 Alexander R.J., (2008). *Towards Dialogic Teaching. Rethinking classroom talk.* [Диалогтік оқыту жолында: сыныпта талқылаудағы жаңа тәсілдер]. 4th edition, York, Dialogos.
- 3 Студентке арналған нұсқаулық www.cpm.kz. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015.

ЭОЖ 378.02:37.016
МРНТИ 14.35.09

Ш.Ә. Ақбаева¹, Р.С. Бакаиев²

¹Абай атындағы ҚазҰПУ-ң «Бейнелеу өнері және сәндік қолөнер әдістемесі мен теориясы» кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты

²Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Өнер, мәдениет және спорт институтының «Бейнелеу өнері және сәндік қолөнер әдістемесі мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы.

СЫЗУ ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада авторлар жалпы орта және жоғары мектепте сызу пәнін оқыту әдістемесінің кейбір мәселелерін қарастырады. Сонымен қатар сызу пәнін оқыту әдістемесінің қыр-сыры мен маңызын ашып, негізгі мақсат-міндеттерін, сызу пәнін оқытудың мазмұнын анықтап, негізгі тақырыптары мен дидактикалық заңдылықтарын айқындап, оқытудың тиімді әдіс тәсілдерін ұсынып, олардың технологиялық ерекшеліктеріне терең талдаулар жасаған.

Сонымен қатар мектепте сызу пәнінде білім алушылардың графикалық дағдыларын қалыптастыру мәселелері, білім алушыларды сызбаны безендірудің негізгі ережелерімен таныстыру жолдары, мектептегі сызу сабағын оқытудың негізгі бағыттарын, сызудың негізін құрайтын ұғымдар, теориялық қағидалар, терминдер мен анықтамаларды білім алушыларға меңгерту қағидалары қарастырылған.

Кілтті сөздер: әдістеме, сызу, оқыту, технология, сызба, графикалық тапсырмалар, техника, принциптер, дағдылар, шрифт, аксонометриялық проекциялар, техникалық сурет

Аннотация

Ш.А. Ақбаева¹, Р.С. Бакаиев²

¹кандидат педагогических наук, доцент кафедры

теории и методики изобразительного и декоративно-прикладного искусства КазНПУ им. Абая.

²старший преподаватель кафедры

теории и методики изобразительного и декоративно-прикладного искусства института искусств, культуры и спорта КазНПУ им. Абая

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ ЧЕРЧЕНИЕ

В статье рассматриваются некоторые вопросы приемы и методы преподавания предмета черчение в общеобразовательной и высшей школе. А также авторами определяется сущность и важность учебного предмета черчение, определяются основные цели и задачи, содержание учебного курса, раскрыты основные темы и дидактические принципы обучения данного предмета, рассматриваются эффективные методы и приемы обучения, новые инновационные и интерактивные методы обучения и их анализ и технологических особенностей.

Существуют также проблемы формирование графических навыков учащихся в методике преподавание черчение, а также решение способов и приемов ознакомления студентов с основными правилами графических работ по предмету черчение. Основные направления, концепции, теоретические принципы обучение, термины и определения курса черчение в средней общеобразовательной школе.

Ключевые слова: методика, черчение, преподавание, технология, чертеж, графические задание, техника, принципы, дидактика, навыки, шрифты, аксонометрические проекции, технический рисунок

Abstract

Akbaeva S.A.¹, Bakaiev R.S.²

¹candidate of pedagogical science, Assistant Professor of theory and methodology of fine and decorative art KazNPU of Abai.

²Senior Lecturer of theory and methodology of fine and decorative arts of the Institute of Arts, culture and sports KazNPU of Abai

ACTUAL PROBLEMS OF METHODOLOGY OF TEACHING DRAWING

This article discusses some issues tricks and techniques drawing teaching in secondary and higher education. As well as the authors determined the nature and importance of the subject sketching, main objectives and tasks are defined, the content of the training course, the basic themes and didactic principles of teaching this subject are considered effective methods and tricks for learning new innovative and interactive teaching methods and their analysis and technological features.

There are also problems of formation of graphic skills of pupils in the methodology of teaching drawing, as well as addressing ways and techniques of familiarization of students with the basic rules of graphic works on the subject of the drawing. The main directions of the theoretical principles, concepts, terminology and definitions, training course of drawing in high school.

Key words: methodology, technical drawing, teaching, technology, drawing, graphics, engineering job, principles, didactics, skills, fonts, axonometric projection, technical drawing

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу» - делінген. [1].

Сонымен қатар қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы атты жолдауында «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетті.[2]

Қоғамның қазіргі даму кезеңі жеткіншек ұрпаққа білім беру мәселесін жаңа сатыға көтеруді қажет етіп отыр. Осыған байланысты соңғы жылдары мектеп реформасы мемлекеттік деңгейде жүзеге асуда. Яғни оқытудың мақсаты мен принциптері, құрылымы, жекелеген пәндердің білім мазмұны, тағы басқа жақтарда үлкен өзгерістер болып жатыр. Мұндай жағдайда жеткіншек ұрпақтың шынайы графикалық дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын сызу пәні де шетте қалған жоқ. Заман талабына сай жаңа технологияларды пайдаланып оқушылардың оқу-танымдылық құзіреттілігін қалыптастыру үшін мектепте барлық жағдай жасауға шабандылық байқалады.

Қазіргі кезде бүгінгі ұстаздардың алдында оқушыға білім, білік, дағдыларын игертіп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімдерін, яғни жан-жақты, азат, шығармашыл, өз бетімен жұмыс жасай білетін, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дамыту, терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі дамытудағы адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, акпаратты технологияны терең меңгерген, жылдам өзгеріп жататын бүгінгі заманға лайықты, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру міндеті тұр.

Қазіргі таңда жалпы орта білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарында сызу пәні бір жылдық курс ретінде берілуде. Сызу пәні танымдық жағынан қызықты да, әрі тез қабылдауға лайықты пән десек те болады. Жалпы сызу дегеніміз – сызбаларды орындау, оқу және олардың көмегімен есептерді шешу ережелерін баяндайтын пән. Сонымен қатар ол – сызбаны, ықшамсызба, графикалық тұрғыда ма айтуір сызудың әдісі мен ережесін анықтап белгілейтін қолданбалы техникалық пән ретінде танылады.[3]

Сызу пәнін оқытудың негізгі мақсаты, оқушылардың кеңістіктегі көріністерді көз алдына елестету, сызбаларды еркін оқи білу және олардың техникалық суреттерін орындау мен олардың сұлбасын сыза білулерін дамыту болып табылады.

Оқушыларға жалпы сызбаларды оқуды үйретуде, оның ішінде жұмыс сызбасын орындауға деген ынтасын арттыру, жазықтық бетіне кеңістіктегі формаларды кескіндеу арқылы оның мазмұнын түсіну, басқа пәндермен тығыз байланысын қарастыру қажет деп білеміз.

Терең теориялық біліммен қаруланған оқушы, практикалық білімді тығыз ұштастыру арқылы ғана өз дәрежесімен графикалық сауатты оқушы бола алады. Әртүрлі тәсілдермен орындалған түрлі сызбаларды, графикалық кескіндерді, схемаларды еркін оқып, орындай да білген оқушы осы пәнді толық игерді деп есептеуге болады.

Жалпы мектептегі сызу пәнін оқытудың мазмұнына келетін босақ, ол сызуды мектепте оқытудың мақсат міндеттеріне байланысты анықталады. Сызуды мектепте оқытудың мақсаты оқушыларға машина құрылысы сызбаларын, машина құрылысы бөлшектерін, сәулет құрылысы сызбаларын таныстырып, мектептерде сызуға арналған оқулықтар мен оқу бағдарламалары туралы түсініктер беріп, сызбалар туралы қарапайым түсініктерді меңгерту міндеттері қойылады.

Сызуды мектепте оқытудың негізгі тақырыптары сызбаны безендіру мен сызу құрал жабдықтарымен жұмыс жасау, проекциялау, проекция түрлері, кескінді екі немесе үш жазықтыққа проекциялау әдістері, белгісіз проекцияны табу, аксонометриялық проекциялар, техникалық сурет және эскиздер сызбалары, қима мен тілік сызбалары, аксонометриялық қиылысу сызбалары, стандарттармен танысу, сызбаны безендіру мен сызу құрал жабдықтарымен жұмыс жасау бағыттары қарастырылады. Сонымен қатар оқушылар аксонометриялық проекциялар, техникалық сурет және эскиздер, сызбаны оқу, қима мен тілік, аксонометриялық қиылысу, шрифт тақырыптары бойынша практикалық сабақтарда түрлі сызба жаттығуларын орындайды.

Сызуды мектепте оқытудың негізгі тақырыптарына байланысты сызуды оқыту әдістері таңдап алынады. Олар сызбаны безендіру мен сызу құрал жабдықтарымен жұмыс жасауды үйрету әдістері, проекциялау, проекция түрлері, екі немесе үш жазықтыққа проекциялау түрлерін оқыту әдістері, проекцияны шешу жолдарын оқытып үйрету әдістері болып бөлінеді. Сонымен қатар болашақ мұғалімдер жоғары оқу орынында сызуды оқыту әдістемесі пәнінің дәрісбаян сабақтарында аксонометриялық проекциялар тақырыбын оқыту әдістері, техникалық сурет және эскиздер тақырыбын оқыту әдістері, сызбаны оқыту сабағы және оның әдістері, қима мен тілік сабағын жүргізу әдістері, аксонометриялық қиылысуды оқыту әдістері стандарттармен танысу жолдары мен оқыту әдістері, жалпы орта білім беру мектептерінде сызуға арналған оқулықтар мен оқу бағдарламаларын терең талдау әдістері, сызбаны безендіру мен сызу құрал жабдықтарымен жұмыс істеу әдістері, проекция түрлері, екі немесе үш жазықтықтағы проекциялау түрлері, проекцияны шешу жолдары тақырыптарын оқытып үйрету әдістерімен таныстыру көзделген.

Сызу пәнін оқытудағы негізгі мәселенің бірі оқушыларды сызбаны безендірудің негізгі ережелерімен таныстыру. Мектептегі сызу сабағын оқыту негізгі екі бағытты қамтиды. Оның біріншісі оқушыларға сызудың негізін құрайтын ұғымдарды, теориялық қағидаларды, терминдер мен анықтамаларды меңгерту болса, оның екіншісі, проекциялау әдісін оқушыларға үйрету мен қарапайым сызуды меңгерту болып табылады. [4]

Сызбадағы нәрсенің үш көрінісін салуды оқушылар біле бермеймейді. Мысалы, бір көрініс берілгенде, оның суретіне қарап бірден көріністерін салу қиындық тудырады. Себебі, ол заттың қуыс-қуыстарын көз алдына елестете алмайды.

Қазіргі таңда сызу пәнін қалап, шығармашылық жолға түскен оқушылардың көбіне өз шеберлігін дамытуға, қалыптастыруға кедергі болатын бірнеше жағдайлар бар, олар:

- ✓ мектептегі “сызу” сабағының өз дәрежесінде өтпеуі (техникалық білімі бар мұғалімдер беру керек)
- ✓ қосымша дайындықтың болмауы;
- ✓ өз ісіне, кәсібіне деген сенімділіктің төмендігі;
- ✓ шығармашылық білімнің аздығы;
- ✓ сызуға деген қызығушылықтың төмендігі;
- ✓ ізденіс, талпыныс, белсенділіктің төмендігі;
- ✓ идея бостандығының тарлығы;
- ✓ шығармашылық тәуелсіздікке ұмтылыстың төмендігі.

Сызуды оқыту технологиясы терминіне мына мәліметтер көлемді анықтама береді. Сызуды пәнін оқыту технологиясы – неғұрлым ұғымды жетістіктерге жету мақсаты қойылған, оқытудың мүмкіндіктерінің, әдістерінің және формаларының жүйесін көрсететін, оқу бағдарламаларында қарастырылған, оқытудың мазмұнын жүзеге асырудың тәсілдері. Сонымен сызуды оқыту техно-

логиясындағы, оқытудың мазмұны, әдістері және мүмкіндіктері өзара шарттық қатынас түрінде болып табылады. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі қажетті білім мазмұнын таңдап алуымен, ұтымды әдістерді қолданумен және бағдарламада қойылған педагогикалық міндеттерге сәйкес оқыту құралдарын, олардың мүмкіндіктерін айқындап алуынан көрінеді. [5,18 б.]

Оқушылар сызбаларды дайындау арқылы қарапайымнан бастап, белгілі бір жүйеге қойылған мақсатты бағыттылығымен жұмыс бөлмелерінде, шеберханаларда, өнеркәсіп орындарында жүйелі жұмыс жасау көзделген.

Оқыту құралдары мен оқытуды жабдықтаудың да өзіндік құрылымы болады. Сызуды оқыту құралдары мен сызуды оқытуда қажетті түрде жабдықтаудың да өзіндік ерекшеліктері бар. Сызуды оқыту құралдары: оқу кітаптары, көрнекті құралдар; акпараттық материалдар және оқытудың аудио-визуалдық құралдары, компьютерлік техниканы бағдарламалық-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету, сызудың арнаулы жабдықтары, сызба тапсырмалары берілген дидактикалық оқу материалдары болып бөлінеді. Сызуды оқытуды жабдықтауда оқытудың техникалық құралдары, лабораториялық жабдықтау, арнайы жиһаздар және оқыту процесіне қажетті қарапайым қолдан жасалған жабдықтарды құрайды. Сызуды оқыту бойынша оқу әдістемелі кешендерге оқулықтар, оқу құралдары, хрестоматиялар, сызба есептерінің жинағы және сызбалар бойынша арнайы тапсырмалар, сызу пәні бойынша терминологиялық сөздіктер, нормативтік құжаттар жинағы, сызудан арнаулы әдебиеттер мен әдістемелік нұсқаулықтар жиынтығын қамтиды.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР. Білім заңы. Алматы, 2010 ж. 2011.24.10. Астана, Ақорда, 2007 жылғы шілденің 27-сі. – № 319-III ҚРЗ
*¹KazNPU named after Abai, 6M010700 – Specialty: Fine arts and drawing, magister of the 1st course
Supervisor: Ph.d., docent Akbaeva S.A.*

DEVELOPMENT OF CONSTRUCTIVE THINKING OF SCHOOLCHILDREN ON MODERN INFORMATION TECHNOLOGIES

This article emphasizes the importance of modern information technologies and the effectiveness of teaching with the use of ICT during lessons. Since the XXI century is an era of information, humanity needs computer literacy. According to the information society of modern society, the direction of the discipline "Drafting" is based on the formation of students on the basis of computer graphics programs.

The modern learning process requires new approaches and innovative ideas. One of the main ways to teach constructive thinking is to use best practices. The main direction of constructive learning is the thought about the development of thinking, self-education, creative work, the ability to use the knowledge gained, in practice critically

think, learn and listen to others. Constructive thinking is a positive, creative way of thinking, not anxiety, but rather an active way to get out of the situation.

Key words: information technologies, constructive thinking, projection, drawing, methodology, technical education.

Ертеңгі болашағымыздың жарқын болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіреті күш тек білімге тән. Білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы деуге болады. Әр маманның қызметінің барлық салаларына жаңа технологиялардың жаппай енгізілуі білім беру саласын жаһандау заманында дамыту және оны дамытуда жаңаша түрлері мен жолдарын іздеуді міндеттейді. Қазіргі кезеңде болашақ мамандарға және оны даярлайтын жоғары оқу орындарына қойылатын талаптардың бірі кәсіби іскерліктің жоғары болуы қоғамның дамуының негізі болып табылады. Ақпараттық компьютерлік технологиялар кең қолданыста болуына сәйкес біздің салада да маман даярлау жұмыстары өз деңгейінде болуы шарт.

Қоғамның даму жолындағы өндіргіш күштер мен ғылыми техникалық прогрестің өсуі техникалық мамандарды дайындауға жоғары талаптар қояды. Техникалық білімдерін жан-жақты терең игерудің мақсаты, сызба түрлерін практика жүзінде орындай алуы мен қатар ауызша оқи алуы жетістіктері, графикалық сауаттылық екендігін түсінді. Сызбаның даму тарихына қарайтын болсақ, ол бірнеше өтпелі кезеңдерде жаңарып және тоқтаусыз дамығанын көруге болады. Қазіргі қоғамның ақпараттандырылу жағдайына сай «Сызу» оқу пәнінің аса маңызды бағыты ол білім алушылардың компьютерлік графикалық бағдарламалар негізінде қалыптастыруға негізделеді.

Сызу пәнінің даму тарихы жыл санап дами отырып бүгінгі ақпараттық технологиялар негізінде оқыту өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Сонау ерте замандарда адамдар жер бетіне, тастарға жабайы аңдардың, болашақ құрылыстардың суреттерін бейнелегенін, кейінірек осы сияқты кескіндерді күнделікті тұрмыста пайдаланатын заттардың сыртына бейнелеу орын алатын болған. Алғашқыда сызбалар көз мөлшерімен қолмен салынды. Тұрғын үйлерді, бекіністерді және басқа да нысандарды салу барысында «план» деп аталатын алғашқы сызбалар пайда болды. Қоғамның даму жолындағы өндіргіш күштер мен ғылыми техникалық прогрестің өсуі техникалық мамандарды дайындауға жоғары талаптар қойды. Техникалық білімдерін жан-жақты терең игерудің мақсаты, сызба түрлерін практика жүзінде орындай алуы мен қатар ауызша оқи алуы жетістіктері, оны компьютерде сызып үйрену керек екендігін түсінді.

Өндірісті одан әрі жетілдіру, бұйымдардың бөлшек пішімін күрделендіру, оларды аса жоғары дәлдікпен шығару қажеттілігі сызбаны жетілдіруге итермеледі. Сызба жұмыстарын жетілдіру негізінде, өндірісте жұмыс істейтін мамандар даярлап шығару мектептерінің ашылу барысында қолға алынды. Бұған дәлел, Ресейде сызу пәнін жүйелі оқыту XVIII ғасырдың бас кезінен басталады. Бірінші Петр дәуірінде тау кен мектептерінде сызу пәнін оқыту саласында алғашқы қадамдарын жасай бастады. Алғашқы мұндай мектеп 1721 жылы Екатеринбургте ашылды. Тау-кен мектептерінде сызу - негізгі пән болды. Тау-кен мектептерінен атақты шеберлер шықты. Мысалы, И.Ползуновтың бу машинасы құрылысының схемасының суреттері И.И. Ползунов пен И.П. Кулибиннің арқалы көпірінің жобасы сызбалары бұл өнертапқыштардың нәрсенің дәл проекциялық сызбасын салу саласындағы танымдық қабілеттерінің жоғары болғандығын көрсетеді.

Қазақстан және Орта Азия елдеріндегі ағартушылық саласында сызуды оқыту немесе пайдаланған жазба әдебиет дерек көздерін тауып делелдеу қиын. Дегенмен сызбаның даму тарихында, адам баласы жануарлардың, өсімдіктердің, құрылыстардың және басқада заттардың суреттерін салуда өте ерте заманда басталған. Түрлі мәліметтерден кейінгі ұрпаққа жеткізу үшін кескіндер пайдаланған. Ескіден сақталған Қаратау жотасындағы және Тамғалыдағы жартаққа салынған кескендер көпшілікке мәлім. Ахмет Иассауидің сәулет ғимараты дүние жүзіндегі ең үлкен құрылыс, Маңғыстаудағы жер астына салынған Шопан-ата (12 ғ.), Қараман-ата (13 ғ.) және Бекет-ата (18 ғ.) мешіттерін салуда олардың жобалары мен сызбалары болғаны сөзсіз. [1]

XXI ғасырда ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Ал, бұл сауаттылықтың алғашқы баспалдағы мектептен басталады. Мектеп қабырғасынан теориялық біліммен қатар практикалық білімнің алғы шарттарын меңгеруі тиіс. Ал, теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру үшін компьютердің қажет екендігі белгілі. Сызуды оқыту құралы ретінде

компьютерді қолдану – оқу үрдісін белсендіруге, оқытуды жекешелендіруге, оқушының өзін-өзі бақылауына мүмкіндік туғызады. Сызу пәнін компьютерлік бағдарламалар негізінде оқыту Жалпы білім беретін орта мектептегі сызу пәніндегі үлгілер мен күрделі емес сызбаларды оқушылардың өздігінен орындауына және оны оқи білуіне қажетті білім, тәжірибелік дағды мен іскерлікті игеруді мақсат етеді.

Оқытудың теориялық негіздерінде түрлі әдістер, тәсілдер, білім беру жүйесінде жоғары деңгейде пайдалана оқытылады. Қазіргі заман талабына сай әдіс-тәсілдердің жанашыл процестермен алмастыру арқылы білім сапасын арттыру міндеттелген. Бүгінгі таңдағы оқыту үрдісі жаңа әдіс-тәсілдерді, жаңаша идеяларды қолдануды талап етеді. Әдістемелердің арасында конструктивті (сындарлы) ойлай отырып оқыту негізгі тәсілдің бірі деп айтуға болады. Конструктивті оқытудың негізгі бағыты – ойлауды дамытуы, өз бетінше білім алуы, шығармашылық жұмыс жасай отырып, алған білімін өмірде қолдана білуі, сын тұрғысынан ойлануы, басқаларды тыңдай зерделей отырып, әділ бағалауы деп айтуға болады. Конструктивті ойлау баланың оқуға деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, кез келген нәрсені бақылап, шығармашыл талдай алатын, озық ойлы, білімді, тұлғаны тәрбиелеуде көп көмегін тигізеді.

Конструктивті ойлау – бұл күрделі жағдайда да алаңдаушылықты дамытуға емес, жағдайдан шығудың белсенді жолын іздеуге бағытталған оң, шығармашылық ойлау тәсілі. Конструктивті ойлау: мақсаттар қою, жоспарлар мен жобаларды әзірлеу, көбінесе теориялық ойлаудан (заңдардың ашылуы, заттардың қасиеттері, құбылыстарды түсіндіру және негізгі компоненттері маңызды абстракция, жалпылау, талдау, жоспарлау және көрсету) қарағанда уақытты тиімді пайдалануға жол ашады. Конструкциялық ойлау адамға айналадағы оқиғаларға алаңдамай, оқиғаларды белгілі бір бағытта мақсат қоюға мүмкіндік береді. Конструктивті ойлар ол тәжірибе арқылы расталады. Өйткені, конструктивті ойлау, бірінші кезекте, өмірлік проблемаларды шешу үшін қызмет етеді. Оның негізгі құралы логика болып табылады, негізгі өлшемі - тиімділік. Басқаша айтқанда, пайда болған проблемаларды ең жақсы түрде шешу қабілеті.

Конструктивті ойлауды былай жіктеуге болады: 1. Тұтастылық. Әрқашан неғұрлым нақты, анық, тапсырманы қалыптастыру. 2. Мақсаты. Тақырыбы, міндеті, мақсатының болуы. Негізгі тапсырмандан ауытқымай тапсырманы қалыптастырып оны шешуі. 3. Эмоцияларды қабылдамау. Эмоциялардан құтылу мүмкін емес. Сондай-ақ, қажет емес эмоцияларды – біз адамдар сезініп, тәжірибе аламыз. 4. Оңтайлығы. Тапсырманы орнатқаннан кейін – оны шешудің себептерін іздеу. 5. Біртіндеп қадам. Біздің ойлауымыздың бүкіл үрдісіне бағытталған нұсқаулық. Дегенмен, түпкілікті мақсатты дереу жүзеге асыруға ұмтылу. Көптеген тапсырмалар кезеңдерде әлдеқайда жақсы шешіледі, ал кейде кейбіреулері ғана шешіледі. Бірінші кезекте күш салуды талап етеді. Бірақ нәтиже бәсеңдемейтін болады. Ұтымды ойлау арқылы өмірлік проблемаларды шешудің қалыптты әдісі ретінде пайдалану қажет. [2.]

Заман көшіне ілесу үшін өз білімін жетілдіріп отыруы қажет. Білім берудегі Кембридждік әдістің теориялық негізін оқып, таныса отырып, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдері – 7 модульді практикалық түрде қолдану қолға алынып отыр. Жаңа әдістерін жетілдіру мақсатында педагогтардың біліктілігін арттыру курсының ұсынылып отырған бағдарламасы төмендегідей жеті модульді қамтыған:

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.
7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық

Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту үрдісі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады. Компьютермен жұмыс барысында оқушылардың белсенділік, жауапкершілік және өзіндік шығармашылық қабілеттері қалыптасады. Оқушы өз бетінше еңбектенеді. Өз еңбегінің нәтижесін көреді. Өзін-өзі қадағалауға мүмкіншілік туады. Тапсырмаларды мұғалімнің көмегінсіз орындайды. Сол арқылы ойлау

және есте сақтау қабілеттері дамиды. Ақпараттық технологияның мұғалім жұмысына ең тиімдісі – оқушылардың білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар.[3]

Қорыта айтқанда, осы пәнді оқыту әдістемелерін жетілдіріп, оны өмірге дұрыс пайдалана білсек, соғұрлым адамзат тіршілігінің барлық саласында қолданылатын сызбаларды оқушыларымыз оқи да, орындай да алар еді. Өртүрлі тәсілдермен орындалған түрлі сызбаларды, графикалық кескіндерді, схемаларды еркін орындай да білген оқушы осы пәнді толық игереді деп есептеуге болады.

Жаңа ақпараттық технологияның басты тиімділігі – оқу үрдісін түбегейлі өзгертуге, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, оқушылардың дүниетанымдарын кеңейтуге және қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасауы.

Бүгінгі замандағы ақпараттық қоғамда оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту дағдысын дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын ақпараттық технологиялардың тиімділігі өте жоғары деп айта аламыз. Ұстаздар, әріптестер білім беру үдерісіне жақсы жаңалықтар енгізе отырып, іздену барысында жұмыс үнемі жүргізіліп отырса, болашақта жақсы нәтижелерге қол жеткізетінімізге сенім артуға болады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Интернет көзі, <https://group-global.org/>.
2. Смирнов А. <https://shkolazhizni.ru/psychology/articles/70784/> © Shkolazhizni.ru
3. Жобалау және зерттеу қызметі негізінде 12 жылдық білім беру жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013.

ӘОЖ 378.016
МРНТИ 14.35.09

Е.Б. Қайшыбек¹

*¹Абай атындағы ҚазҰПУ «Өнер, мәдениет және спорт» институты
«Шығармашылық мамандықтар» кафедрасының аға оқытушысы,
Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі,
Алматы қ., Қазақстан*

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМІН ТӘРБИЕЛЕУ

Аңдатпа

Мақалада жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға бейнелеу өнері шығармаларының тигізетін ықпалы шексіз. Кез келген халық өз шығармашылығында елеулі оқиғаларды, айтулы батырларын көркем бейне арқылы жинақтап, өзінің көзқарасын білдіреді. Халқымыздың тарихында жас ұрпаққа үлгі-өнеге болатын тұлғалардың бірі – қазақтың ұлы палуаны Қажымұқан Мұңайтпасұлы. Даңқты палуанның бейнесін паш етуге мен де өз үлесімді қосуым кездейсоқтық емес. Өйткені бала кезден грек-рим күресімен айналысқандықтан, палуандық өнер маған жат емес еді. Бүгінгі таңда шығармаларымның бір бөлігі Қажымұқан атамыздың бейнесін сомдап, өнегелі өмірін насихаттауға арналды.

Түйін сөздер: рухани жаңғыру, ұлттық сана-сезім, ұлттық-рухани тамыр, Қажымұқан, бейнелеу өнері, түстік рендер, портрет

Аннотация

Е.Б. Қайшыбек¹

*¹старший преподаватель кафедры «Творческих специальностей»
института «Искусства, культуры и спорта» КазНПУ имени Абая,
член Союза художников Казахстана, г.Алматы, Казахстан*

ВОСПИТАНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО САМОСОЗНАНИЯ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ ЧЕРЕЗ ПРОИЗВЕДЕНИЯ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА

Произведения изобразительного искусства оказывают неограниченное влияние на формирование у молодого поколения национального самосознания. Любой народ в своем творчестве обобщает знаменательные события, именитых героев через художественный образ, выражая свои взгляды. В истории нашего народа один из героев, который может служить примером для молодого поколения, – это великий борец Кажымукан Мунайтпасулы. Не случайно, что я захотел внести свою лепту в изображение образа прославленного борца. Поскольку сам с детства занимался греко-римской борьбой, мне не чуждо искусство борьбы. Сегодня часть моих произведений посвящена образу Кажымукана, популяризации его жизни.

Ключевые слова: духовная модернизация, национальное самосознание, национально-духовные корни, Кажымукан, изобразительное искусство, цветовые оттенки, портрет

Abstract

E.B. Kaishybek¹

¹the senior teacher of the department of "Creative specialties" of the institute of "Art, culture and sport" of Kazakh National Pedagogical University named after Abai,, member of Union of artists of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan

EDUCATION OF NATIONAL CONSCIOUSNESS OF FUTURE TEACHERS THROUGH WORKS OF FINE ART

Works of fine art have an unlimited influence on the formation of the national self-consciousness in the younger generation. Any nation in their work generalizes significant events, famous heroes through the artistic image, expressing their views. In the history of our nation, one of the heroes that can be an example to follow for younger generation is the great fighter Kazhimukan Munaytpasuly. It is not by chance that I want to contribute in representation of the image of the famous wrestler. As I was engaged in Greco-Roman wrestling since childhood, the art of fighting is not unfamiliarly to me. Today, part of my works is devoted to the image of Kazhimukan, the popularization of his life.

Key words: spiritual modernisation, national consciousness, nationally-spiritual roots, Кажымукан, fine art, colour tints, portrait

«Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді», - дейді Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында [1]. Еліміз жаңа тарихи кезеңге қадам басып отырған қазіргі кезде жоғары оқу орындарында мамандық негіздерімен қатар, тәрбие беру мәселесіне жаңаша көзқарас тұрғысынан қарап, студенттердің ұлттық сана-сезімін, мінез-құлқын қалыптастыруды көздейтін ұлттық тәрбиенің нысандары мен әдістерін жетілдіру талап етіледі. Қазақ ағартушысы М.Жұмабаев: «...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», - деген. Демек, қоғамдағы қол жеткен тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны пайдаланып, биік адамгершілік қасиеттерге баулу – педагогтың басты міндеті. Ендеше педагогикалық жоғары оқу орындарында тіл маманы болсын, математик болсын, суретші болсын – ең алдымен педагог дайындалатынын, болашақта еліміздегі кез келген жаңарулардың, небір ұлы істердің көш басында солар тұратынын еш естен шығармауымыз керек. Н.Ә. Назарбаев: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», - дейді [1]. Осы орайда студенттерге қазақ халқының этностық ерекшеліктерін, тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ халықтың даңқты ұл-қыздарының өр бейнелерін дәріптеудің маңызы арта түседі. Жалпы Қазақстанда тұратын халықтардың қазақ халқының ұлттық тарихына деген қызығушылығын дамытып, сүйіспеншілігін арттыру олардың патриоттық сезімін тәрбиелеуде басты бағдар болатыны хақ.

Жас ұрпақты тәрбиелеуге, олардың жігерін жанып, асыл сезімдерін ұштауға, ұлттық сана-сезімін оятуға бейнелеу өнері шығармаларының тигізетін ықпалы шексіз. Қай халық болмасын, өз шығармашылығында елеулі оқиғаларды, айтулы батырларын көркем бейне арқылы жинақтап, өзінше бағалайды, өзінің көзқарасын білдіреді. Сол бейне – халықтың алып қуатының, қажымас қайратының көрінісі. Бұл бүгінде табандылық, батылдық, қайсарлық туралы біліммен бірге, тағылымды тәрбие беріп, ұлағатты өнеге көрсету қажет болып отырған уақытта аса маңызды.

Рухани жаңғыру жолында ұлттық сана-сезімді оятып, берік бекітетін адамның өз ұлты үшін мақтаныш сезімі, ұлттық өнегесі, ғибраты. Халқымыздың тарихында жас ұрпаққа үлгі-өнеге болатын тұлғалардың бірі – Қажымұқан Мұңайтпасұлы. Ол қазақ тарихындағы тұңғыш кәсіпқой палуан, күрестің бірнеше түрінен әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ алыбы! Тұтас ғұмырын күрес өнеріне арнап, ұланғайыр жері мен өршіл халқын бірінші болып өзге жұртқа паш еткен, өзінен бұрынғы қандастары баспаған топырақты басып, көрмеген елді көріп, өзге қазақ тақпаған алтын, күміс медальдарды мойнына тұңғыш ілген. Теңдессіз өнерімен жер шарын аралаған, 28 мемлекетте күреске түсіп, 56 медаль олжалаған Қажымұқандай мықты ХХ ғасырдың басында түркі халықтарының ішінде қазақта ғана болды.


Қажымұқан Мұңайтпасұлы 1883 ж. (бұрынғы деректерде 1871 ж.) Ақмола облысының Қараөткел ауылында өмірге келген. Оның палуандық жолы 1901 ж. басталады. Омбы қ. циркте орыс палуаны Иван Злобинмен белдеседі. Қазақ баласының ерен күшін көрген ол Мұқанға Петербургтегі күрес мектебіне түсуге кеңес береді. Сөйтіп, Мұқан Иван Лебедевтің күрес мектебінде екі жыл оқиды. Ол алғашқы ірі табысқа 1908 ж. жетті. Германияның Кельн қаласында өткен жарыста немістің атақты палуаны Генрих Веберді жеңіп, бірінші рет әлем чемпионы болды. 1909 ж. Рига қаласында дүние жүзінің атақты палуандары қатысқан үлкен жарыста бас бәйгені жеңіп алды. Ал 1910 ж. Варшавада өткен халықаралық жарыста кіші алтын медальға ие болды. Аргентинаның астанасы Буэнос-Айрес қаласында еркін күрестен өткен жарыста үлкен алтын медаль алып қайтты. 1911 ж. Мекке-Мединеге барып, Джидда қаласында өткен жарыста 25 палуанды жыққаны үшін «қажы» атағы беріліп, Қажымұқан атанды. Қажымұқанның жеңісті жолдары жалғасып, Тегеран мен Кабулда, Мекке мен Мединеде өткен жарыстарда бірқатар жеңістерге жетті. 1913 ж. Троицк қаласында, 1914 ж. Парижде әлем чемпионы атағын жеңіп алды. Ол тумысынан алып күш иесі еді: бойы 195 см, салмағы 130 кг болған. Қажымұқан 1948 ж. 12 тамызда Оңтүстік Қазақстан облысындағы Темірлан ауылында дүние салды. Астана және Шымкент қалаларындағы орталық стадионға ұлы палуанның есімі берілген. Алматы, Астана, Семей, Шымкент қалаларында Қажымұқан атындағы көшелер бар.

1927 ж. Қажымұқан Мұңайтпасовқа «Қазақ даласының батыры» атағы берілді. Атамыздың өмірінен айта кететін тағы бір дерек: палуан Ұлы Отан соғысы жылдарында жасының егде тартқанына қарамай ел аралап, күш өнерін көрсетіп, жиналған жүз мың сом қаржыға ұшақ жасатып, оған Амангелді Имановтың есімін бергізіп, майданға жіберді. Қазақ ұшқышы Қажытай Шалабаев осы ұшақпен 120-дан аса жауынгерлік тапсырма орындады. Неткен өнеге – нағыз отансүйгіштіктің жарқын үлгісі!


Осындай даңқы жер жарған, халқымыздың мақтанышы, әйгілі тұлғаның бейнесін паш етуге мен де өз үлесімді қосқым келді. Өйткені спорт, оның ішінде палуандық өнер маған жат емес еді. Өзім бала кезден грек-рим күресімен (бұрын французша, кеңес кезінде классикалық күрес деп аталып келді) айналыстым. Оның үстіне, Алматыдағы Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы Республикалық спорт мектеп-интернатындағы қазақ бөлімінің алғашқы түлегімін. КСРО спорт шеберімін. Сондықтан болар, Қажымұқан атамыздың тұлғасы маған өте жақын, ерекше тартып тұрады. Бүгінгі таңда шығармашылығымның біраз бөлігі атамыздың бейнесін сомдап, өнегелі өмірін паш етуге арналған.

«Кез келген суретші өзіне ұнаған модельдерді таңдап, оған әлдебір әсер қалдырмаса, оның портретін жазбаған болар еді. ...көпшілік портреттер суретшінің ішкі сезімінен, сол адамға деген қызығушылығынан... туындайды», - дейді әріптесім Р.Б. Мизанбаев [5]. Маған ерекше әсер еткені палуанның Харбинде өткен Халықаралық турнирде көрсеткен өнері еді. Мұнда ол бірінші орынға ие болып, үлкен алтын медальды өңіріне қадады. Харбин сапары Қажымұқанның даңқын аспанға көтерді. Басты оқиға – атамыздың өзіне таныс емес «джиу-джитсу күресі» бойынша белдесуі. Сол турнирде күрестің джиу-джитсу түрімен әлемге әйгілі болған жапон палуаны Саракики Жиндофумен шығады. Бұл жекпе-жектің 1911 ж. (кейбір мәліметтер бойынша, 1905 ж.) болғаны айтылады. Француз күресінен ресми чемпионат аяқталған кезде, Саракики кілемге шығып, джиу-джитсу күресімен кез келген палуанды жеңе аламын деп жариялайды. Бұл үндеуді тек Қажымұқан ғана қабылдайды. Жекпе-жек кезінде Саракики Қажымұқанның құлағы мен астыңғы ернін жарақаттайды, қаны қызған Қажымұқан Саракикиді кілемге атып жығады. Осы жекпе-жекпен кейін Саракики қайтыс болған.

Менің Қажымұқан жайындағы алғашқы картинама осы жеңісінің лебімен жазылған болатын. «Қажымұқанның Саракикимен жекпе-жегі» деп аталады (1-сурет). Әсерлі айқасты кенеп бетіне бейнелеу үшін палуан атамыздың өмірбаяны мен спорттағы жетістіктерін мұқият зерттеу керек болды. Ақ-қара фотоларды түрлі-түсті бояуларға айналдыру үшін сол заманның тұрмыс-тіршілігімен мүмкіндігінше толықтай танысу керек. Күрестің әдіс-тәсілдерінен де хабардар болу қажет. Сонымен қатар Саракикидің образын бейнелеу үшін деректі құжаттарға сүйену керек. Осындай мағлұматтардан кейін ғана композицияны ойластыруға болады. Мұнда қос палуанның арасындағы айқастың бір қасқағым сәті бейнеленген. Бұл жерде екі алыптың да күш атасы екенін көрсету, қайтпас қайсарлықтарын байқату, нартәуекелге бел буып, жанпидалыққа бару ерекшеліктерін, Қажымұқанның басымдығын, түбінде жеңетінін көрерменге жеткізу қажет болды. Сонымен қатар реалистік живописьтің заңдылықтарын сақтай отырып, оқиғаны мүмкіндігінше шынайы бейнелеуге тырыстым. Бұл жерде түстік реңдердің контрастылығы, бояулардың үйлесімділігі, бояудың жағылу техникасы да аласапыран айқасқа ерекше динамика беріп тұр. Аталған картина 2017 жылы Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында республикалық көрмеде болып қайтты.



1-сурет




2-сурет


Келесі картина – Қажымұқанның портреті (2-сурет). Екі қолын кеудесіне айқастырып, бұлшық еттері ойнап, кеудесі жалаң, өз күшіне өзі сенімді, көрерменге қарап тұрған бейнесі батылдықты, ержүректілікті айғақтап тұрғандай. Белінде қайыстан жасалып, күміспен әшекейленген жалпақ белбеу, басында ұлттық тақия. Осының бәрі палуанның қазақ ұлтынан екенін паш етіп тұр. Бұл жердегі мақсат Қажымұқанның таза бейнесін ашу еді. Палуан ХХ ғасырдың басында цирк аренасында өнер көрсеткен. Сондықтан фонында сол заманға сәйкес көрерменге лық толы цирк аренасы салынған. Аренаның ортасында күресіп жүрген екі палуан бейнеленген. Картинада бояудың байлығы, суық түспен жылы түстердің өзара үйлесімділігі, негізгі фигура мен арғы фонның арасындағы кеңістік, ауа – осының барлығы көрерменге ерекше әсер етеді деп білемін. Портрет 2015 ж. желтоқсанда Қазақ хандығының 500 жылдығына арналған республикалық көрмеде бой көрсетіп, өзіндік оң бағасын алды. Бүгінгі таңда атамыздың осы портреті заманымыздың атақты палуаны, атамыздың ізбасары, қазақтың біртуар ұлы Дәулет Тұрлыхановтың жеке коллекциясында сақтаулы.

Палуанның өмірбаянын зерттеп жүріп, 1933 ж. Петропавловск қаласында түскен фотосын тауып алдым. Сапасы нашар ескі фото болса да, атамыздың отырған болмысы ерекше әсер етті. Сондықтан болар, егде жастағы палуанның осы бейнесін суреттегім келді (3-сурет). Көпті көрген, боз кілемде талай тер төгіп, жеңістің дәмін татқан, жауырыны жерге тимеген, қызығы мен шышығы мол алағайым заманды артқа тастап, асқар таудай болып отырған ерекше тұлғасын кенеп бетіне бейнелеу мен үшін аса толқыныс болды. Қарт та болса, палуандық пішіні сақталған Қажымұқанды сол заманына сай бейнелеу, спорттағы жетістіктерін көрерменге паш ету, жалпы күш атасының образын

ашу ерекше ізденіс пен еңбекті талап етеді. Осы портретте атамыздың ерекше қасиеттерімен қатар, оның қазақ даласының тұлғасы екенін күнге күйген, желге қақталған бет әлпетінен, артындағы көрінер-көрінбес ою-өрнектерден байқауға болады. Екі тізесінің үстінде жатқан алпамсадай қолдары алып күш иесі екенін, керіліп, тік ұстап отырған кеудесі өрлігі мен ержүректігін айғақтайды. Артқы фондағы ескі плакаттың ертеден сақталып келгендігін көреміз. Ондағы орысша жазудан палуанның бір кезде жарысқа қатысқан афишасы екенін байқаймыз. Афишада аты-жөні мен әлем чемпионы болған жылдары көрсетілген. Осы арқылы көрерменге қарт палуан жайында мөлтек мәлімет жеткізілгендей. Бұл картина бүгінгі күні Ә.Қастеев атындағы МӨМ орталық көрме залында «Суретші уақыт ағымында» атты республикалық көрмеде тұр.



3-сурет



4-сурет

Қажымұқанның келесі бейнесі салтанатты портрет арқылы көрсетілген (4-сурет). Салтанатты портреттің басқа портреттерден ерекшелігі – мұнда бейненің сыртқы пішініне көп мән беріледі. Сондықтан палуанның сыртқы бейнесі мен портреттік ұқсастығына ерекше көңіл бөлінді. Мұнда Қажымұқанның екі қолын артқа ұстап, тік тұрған бейнесі суреттелген. Кеудесінде оң иығынан қиғаш асылған көгілдір жалпақ лента бар, онда бүкіл лента толған медальдар мен ордендер. Сонымен қатар мойнына таққан алқалары да бар. Негізі атамыздың әлемді аралап, жеткен жеңістерінің нәтижесі елуден астам медальдар мен ордендер екен. Оның ішінде бүгінгі күнге дейін сақталып қалған тек үш наградасы ғана бар. Оның өзі Оңтүстік Қазақстан облысында Қажымұқан атындағы спорт мұражайында сақтаулы. Экспонаттың ішінде 1910 жылы парсы елінің чемпионы Маршрутқа қарсы соңғы айкаста жеңіске жеткені үшін Парсы елінің ханзадасы Қажымұқанға берген «Алтын Арыстан мен Күн Ордені» бар. Манчжурияның «Береке» ордені Қажымұқанға Жапония чемпионы Саракики Джиндофуды жеңгені үшін берілген. Және үшіншісі – 1913 жылы Литва еліндегі халықаралық турнирде жеңіске жеткені үшін берілген медаль. Қалған төсбелгілері ескі фотоларда көрсетілген. Әрине, ақ-қара фотолардан бұл наградаларының таза көрінісін тану өте қиын, сондықтан әрбір медальдары мен ордендерін тарихи деректерге сүйене отырып ізденіп, зерттеудің арқасында шама-лап келтіруге тура келді. Сонымен бірге, белінде «Король Сегизмунд белдігі» бейнеленген. Ол осы белдіктің екі дүркін иегері болған екен. Бұл белдік те сол мұражайда сақтаулы тұр. Портреттің төменгі жағында көне рим палуандарының статуясы бейнеленген. Бұл Қажымұқанның палуан екенін

көрсету үшін салынған. Сондай-ақ қараторы, шымыр жігіттің басындағы тақия фотосуреттен алынған, ол Азиядан шыққандығын, дәлірек айтқанда, қазақ даласының тумасы екенін анықтап тұрғандай.

«Ұлт мақтанышы біздің бұрынғы өткен батыр бабаларымыз, данагөй билеріміз бен жырауларымыз ғана болмауға тиіс. Мен бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына да назар аударуды ұсынамын», - дейді Н.Назарбаев [1]. Тарихи тұрғыдан алғанда бір ғасырға толар-толмас уақыт бұрын өмір сүрген, оның көзін көрген адамдар әлі де ортамызда жүрген тұлғаны замандасымыз деп айтуға толық негізіміз бар. Мақсатым портреттері арқылы Қ.Мұңайтпасов жөнінде толық мағлұмат бере отырып, ол туралы жазылған портреттер мен картиналардың мазмұнымен таныстыру, ондағы негізгі идеяны ұғындыру. Студенттердің ғана емес, жалпы көрерменнің тарихи танымын дамытып, оларды шыдамдылыққа, салауатты өмір салтын ұстануға, ел намысын қорғауға тәрбиелеу. Олар Қажымұқанның қазақ халқының мақтанышы, күш атасы, Отанын сүйген қаһарман батыр екенін таниды. Оның өмірі, спорт пен цирктегі өнері туралы білім алады. Қажымұқан атамыздың барша өмірі – нағыз отансүйгіштіктің, шынайы ұлтжандылықтың айғағы. Ал ұлтжандылық – ұлттық жаңғырудың берік негізі.

Қорыта келе айтарымыз, ұлттық жаңғыру дегеніміз ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісімді үйлестіре отырып, рухани байлық пен ұлттық береке-бірлік салтанат құрған, бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. Ал рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-ғұрпында, мәдениетінде, өнері мен шыққан түп тамырында жататыны белгілі. «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай», - деп ескертеді жоғарыда аталған мақаласында Елбасымыз Н.Назарбаев [1]. Сол ұлттық құндылықтарды бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдарымен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетін, талантын ашып, өзіне-өзінің сенімін нығайтып, өзіне жол ашуына түрткі жасауымыз қажет. Осы орайда баршаның міндеті – ұлттық құндылықтарымызды, салт-дәстүрімізді жандандырып, сана-сезімі жоғары ұрпақты тәрбиелеу, сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айрылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». [Электрон.ресурс]. – 2016. – URL:<https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>, 2017
- 2 Тәнекеев М. «Қажымұқан кітабы». – Алматы: «Білім», 2001
- 3 Әбдіқадыров Қ. «Қажымұқан». – Алматы: «Жалын», 1981
- 4 Бүркітбаев Ә. «Қажымұқан». – Алматы, 2013
- 5 Мизанбаев Р.Б. «Портрет жазудың әдістеме жолдары». – Алматы: «Хабаршы», 2017, № 1(50)

МРНТИ 14.35.01

Г.В. Лапп¹, А.С. Богатырева², Г.А. Садриддинова³

¹*кандидат педагогических наук, доцент кафедры "Теории и методики ИЗО и ДПИ" Института ИКиС КазНПУ им. Абая. Алматы,*

²*студентка 2 курса Института ИКиС КазНПУ им. Абая,*

³*студентка 2 курса Института ИКиС КазНПУ им. Абая.*

РОЛЬ ПЕРСПЕКТИВЫ ЭКО-СТИЛЯ В ФОРМИРОВАНИИ ЭСТЕТИЧЕСКОГО ВОСПИТАВНИЯ УЧАЩИХСЯ

Перспектива и особенности эко-стиля

Аннотация

Одна из основных задач в искусстве – это создание иллюзии объемного пространства на плоском холсте. Термин "перспектива" переводится с латыни как "смотреть сквозь" и подразумевает изображение объектов в пространстве в соответствии с их уменьшением по мере отдаления от смотрящего и в взаимодействии с окружающими формами и объемами.

Понимание законов воздушной, или атмосферной, перспективы помогает художнику отобразить те эффекты, которые видимые предметы приобретают за счет влияния атмосферы и расстояния.

Знание перспективы в наше время широко используется в разных сферах деятельности, будь то живопись, архитектура или кинематограф. При помощи перспективы создаются все – чертежи и проекты (интерьер, экстерьер, ландшафтный дизайн и т.д.)

Эко стиль изначально создавался для того, чтобы буквально «спасать» жителей больших городов от напряжения и негатива, вызванных ускоренным ритмом жизни, а также загрязнением экологии. Помимо этого, он обладает и другими преимуществами, о которых говорится данной статье.

Дизайн интерьера в стиле «эко» создается по крупницам, так как это сложная, но очень интересная наука, основанная на законах логики и тонком восприятии стиля.

Ключевые слова: стиль, перспектива, точка схода, фронтальная перспектива, горизонтальная перспектива, чертеж, дизайн, эко-стиль.

Аңдатпа

Г.В. Лапп¹, А.С. Богатырева², Г.А. Садриддинова³

¹*педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,*

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ИКИ институты, Алматы қ.

²*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ИКИ институтының 2 курс студенті*

³*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ИКИ институтының 2 курс студенті*

СТУДЕНТТЕРДІ ЭСТЕТИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУГЕ ЭКО-ПЕРСПЕКТИВ КЕЛЕШЕГІЛІКТІҢ РӨЛІ

Эко-стильдің перспективасы мен ерекшеліктері

Өнердегі басты міндеттердің бірі – тегіс кенепте үш өлшемді кеңістіктің елесін жасау. «Перспектива» термині латын тілінен «қарайды» деп аударылып, ғарышта объектілердің имиджін олардың азаюына байланысты, олар көрерменнен және айналадағы формалармен және көлемдермен өзара іс-қимылда жүреді.

Атмосфера немесе атмосфераның заңдарын түсіну суретшіге атмосфераның және қашықтықтың әсерінен көрінетін заттардың пайда болу әсерлерін көрсетуіне көмектеседі.

Біздің заманымыздың болашағын білу әртүрлі қызмет салаларында, мысалы, кескіндеме, архитектура немесе кинематография сияқты кеңінен қолданылады. Перспективаның көмегімен барлық нәрсе жасалды - сызбалар мен жобалар (интерьер, сыртқы, ландшафтты дизайн және т.б.)

Эко-стиль бастапқыда ірі қалалардың тұрғындарын өмірдің жедел ырғағы, сондай-ақ қоршаған ортаның ластануы салдарынан болатын стресстен және терісінен «құтқару» үшін жасалған. Сонымен қатар, бұл мақалада талқыланатын басқа да артықшылықтар бар.

«Эко» стиліндегі интерьер дизайны битпен жасалады, себебі ол логика заңдарына және стильдің нәзік қабылдауына негізделген күрделі, бірақ өте қызықты ғылым.

Түйінді сөздер: стиль, перспектива, түсу нүктесі, фронтальды перспектива, көлденең перспектива, сызу, дизайн, эко-стиль.

Annotation

G.V. Lapp.¹, A.S. Bogatyreva², G.A. Sadritdinova³

¹Candidate of Pedagogical Sciences, associate professor of the IZO and DPI KazNPU named after Abai. Almaty,

²student of the 2nd year of the Institute of the IKI of KazNPU University. Abay.

³student of the 2nd year of the Institute of IKIS of KazNPU University. Abay.

THE ROLE OF ECO-STYLE PROSPECTS IN FORMING AESTHETIC EDUCATION OF STUDENTS Perspective and features of eco-style

One of the main tasks in art is to create an illusion of a three-dimensional space on a flat canvas. The term "perspective" is translated from Latin as "looking through" and implies the image of objects in space in accordance with their decrease as they move away from the viewer and in interaction with surrounding shapes and volumes.

Understanding the laws of air, or atmospheric, perspective helps an artist to display those effects that visible objects acquire due to the influence of the atmosphere and distance.

Knowledge of the perspective in our time is widely used in various fields of activity, whether it is painting, architecture or cinematography. With the help of perspective, everything is created - drawings and projects (interior, exterior, landscape design, etc.)

Eco-style was originally created in order to literally "save" the inhabitants of large cities from the stress and negativity caused by the accelerated rhythm of life, as well as pollution of the environment. In addition, it has other advantages, which are discussed in this article.

Interior design in the style of "eco" is created bit by bit, as it is a complex but very interesting science based on the laws of logic and a subtle perception of style.

Key words: Style, perspective, point of descent, front perspective, horizontal perspective, drawing, design, eco-style.

Одна из основных задач в искусстве – это создание иллюзии объемного пространства на плоском холсте. Как сделать так, чтобы какие-то объекты казались ближе, а какие-то – дальше? Этот эффект достигается с помощью перспективы. На первый взгляд может показаться, что перспектива – это что-то сложное и непонятное, но на самом деле ее законы крайне просты, и даже краткое знакомство с данными законами научит располагать элементы рисунка друг относительно друга так, что они будут создавать именно ту иллюзию, которая вам нужна. [1]

Перспектива это:

а. Техника изображения пространственных объектов на какой-либо поверхности в соответствии с теми кажущимися сокращениями их размеров, изменениями очертаний формы и светотеневых отношений, которые наблюдаются в натуре.

б. Изобразительное искажение пропорций и формы реальных тел при их визуальном восприятии. Например, два параллельных рельса кажутся сходящимися в точку на горизонте.

с. Способ изображения объемных тел, передающий их собственную пространственную структуру и расположение в пространстве. В изобразительном искусстве возможно различное применение перспективы, которая используется как одно из художественных средств, усиливающих выразительность образов. [2]

Перспектива, как термин и техника изображения, появились в эпоху Возрождения, когда живопись и архитектура начали развитие семимильными шагами. Именно в это время человек, он же художник, начинает искать пути в передаче реалистического композиционного изображения. Появляются не только стилизованные условно объемные картины и иконы, а и реалистические портреты, многофигурные жанровые композиции. Все эти нововведения в изобразительном искусстве повлекли за собой появления новых техник и приемов. Многие художники, не зная основ перспективы, пользовались стеклом для определения правильных перспективных расстояний. [3]


Термин "перспектива" переводится с латыни как "смотреть сквозь" и подразумевает изображение объектов в пространстве в соответствии с их уменьшением по мере отдаления от смотрящего и в взаимодействии с окружающими формами и объемами.

Древние египтяне изображали окружающий мир в пределах одной, плотно сжатой плоскости, полностью лишенной перспективы. Фигуры различались по размеру в соответствии с их важностью в схеме общих представлений об окружающем мире. Они изображались как фронтально, так и с боковой стороны – «в профиль»; иногда в пределах одной фигуры совмещались два этих ракурса.


Это была непосредственная, организованная и понятная система. В ней не существовало проблем, связанных с искажением изображения: они были свойственны более поздним и сложным системам.

Параллельные, или «перспективные», линии вдалеке соединяются в так называемой точке схода, находящейся на горизонте, который является границей видимого на картине. Линию горизонта также называют линией глаз, потому что она всегда располагается на уровне взгляда человека. Все линии перспективы, находящиеся выше уровня глаз, стремятся к точке схода вниз, а все находящиеся ниже – вверх. Вертикальные линии остаются неизменными.

Самый простой вид перспективы в рисунке - одноточечная, когда все линии встречаются в одной точке. Точка схода в одноточечной линейной перспективе совпадает с направлением вашего взгляда, то есть находится прямо перед вами. (рис. 1)



Если одновременно видны две стороны объекта, значит, необходимо использовать двухточечную перспективу. Принцип остается тем же, однако так как видны две стороны под разными углами, каждая плоскость имеет свои параллельные линии, соединяющиеся в собственной точке схода. (рис. 2)



В двухточечной перспективе все точки схода располагаются не по центру. У правой плоскости линии будут сходиться в точке справа, у левой плоскости слева. Даже если переместиться в позицию выше вашего объекта, линия горизонта, на которой располагаются все точки схода, будет по-прежнему располагаться на уровне ваших глаз, и все линии двухточечной перспективы будут стремиться вверх. Если же переместиться в позицию ниже объекта, все линии перспективы будут опускаться вниз, чтобы достигнуть горизонта. [4]

Когда несколько объектов расположены на различной высоте и под разными углами, в игру вступает многоточечная перспектива. Она немного сложнее, но правила остаются прежними. Каждый из объектов следует рассматривать отдельно, и его точки схода и линии перспективы будут располагаться соответственно его расположению в пространстве.

Понимание законов воздушной, или атмосферной, перспективы помогает художнику отобразить те эффекты, которые видимые предметы приобретают за счет влияния атмосферы и расстояния. Если знать и правильно использовать эти правила, можно добиться ярких, реалистичных и объемных рисунков. [1]

Под воздействием расстояния изменяются четыре вещи: текстура, цвет, оттенок и размер. Самое очевидное – это изменение размера. Обычно объекты выглядят тем меньше, чем дальше от нас они расположены. Это можно отчетливо увидеть, если посмотреть на уходящий вдаль ряд фонарных столбов, деревьев или изгородей.

Измененная перспектива это эффект изменяет представление о масштабе объектов и, в частности, их размере в кадре. Его применяют, особым образом располагая объекты на переднем и заднем планах по оси Z.

Фотограф Майкл Пол Смит занимается тем, что воссоздает родной город Элгин Парк при помощи моделей и измененной перспективы. Благодаря миниатюрным моделям машин и другим элементам переднего плана, Смит делает весьма убедительные фотографии, похожие на снимки из середины XX века. (рис. 3)



Оптическая иллюзия, получившая название «комната Эймса», хорошо объясняет принцип работы измененной перспективы: из-за того, что люди находятся в комнате в виде трапеции, создается впечатление, что они разных размеров. [1] (рис. 4)



Троплёй

(фр. обман зрения)

использует те же принципы, что и измененная перспектива, только в этом случае изображение, часто

фоновое, расположено близко к камере. Тромплёй использовали такие кинематографисты, как Чарли Чаплин и другие известные авторы. Хотя тромплёй считается устаревшим в современном кино из-за появления компьютерных технологий, им еще пользуется, например, режиссер Рой Андерссон. (рис. 5)



Знание перспективы в наше время широко используется в разных сферах деятельности, будь то живопись, архитектура или кинематограф. При помощи перспективы создаются все – чертежи и проекты (интерьер, экстерьер, ландшафтный дизайн и т.д.)

Тема интерьера предложена не случайно, так как интерьер – это пересечение всех видов искусств. Создается он по законам красоты и целесообразности, а одним из наиболее существенных факторов, обеспечивающих успех интерьера, как в утилитарном, так и в эстетическом отношении, является умелое объемно пространственное распределение, то есть единая композиционная структура, которая во многом зависит от цвета.

Эко-стиль в интерьере:

Эко стиль изначально создавался для того, чтобы буквально «спасать» жителей больших городов от напряжения и негатива, вызванных ускоренным ритмом жизни, а также загрязнением экологии. Помимо этого, он обладает и другими преимуществами, о которых говорится данной статье.

В оригинале эко-стиль подразумевает не только использование экологичных материалов, но их утилизацию и вторичное использование. Сейчас эко-стиль – гораздо более широкое понятие, которое включает в себя не только отделку и мебель из натуральных материалов, но и наполнение интерьера в целом, включая освещение, мелкие предметы декора и другие детали.

Существует пять основных правил эко-стиля:

- 1) Эко-стиль предполагает большое количество свободного пространства.
- 2) В помещение должно поступать достаточное количество естественного освещения. Также используются флуоресцентные лампы.
- 3) Цветовая палитра. В оформлении квартиры должны преобладать теплые оттенки. Пастельные, песочные, древесные тона – именно на этих цветах необходимо сделать акцент. Яркие кислотные и сложные сочетания использовать недопустимо.
- 4) Украсьте квартиру цветами либо аквариум с рыбками. Данные детали позволят как можно ближе прикоснуться к природе.
- 5) Мебель в основном натуральная. Можно применять грубые ткани. Поклонники экодизайна даже утверждают, что энергетика некрашеных тканей придает совсем другую атмосферу в доме.

Дизайн интерьера в стиле «эко» создается по крупницам, так как это сложная, но очень интересная наука, основанная на законах логики и тонком восприятии стиля. Главной задачей эко-стиля является не только оформление квартиры или дома элементами природы, но и существование в полной гармонии с ней. Натуральность живой природы не сможет заменить искусственный мир, поэтому в интерьере, созданном в эко-дизайне, используются только естественные живые материалы. Это обусловлено и выбором цветовой гамы: коричневый, бежевый, белый (в контрасте с


цветом темного дерева или черным), пастельные тона. Наиболее приемлемы природные цвета камня, травы, дерева, воды, почвы.

У этого стиля нет бурной истории развития, а также знаменитых памятников архитектуры. Стиль сложно назвать уникальным, за счет заимствования форм и методов у других стилей. Обращение к «эко» так или иначе происходит, но это лишь смешения эко-дизайна с другими. Например, архитектор Алвар Аалто – «отец модернизма» проектировал дома с прорастающими сквозь крыши деревьями и обвивающими их вьюнами. Об эко-дизайне заговорили в конце XX века, когда люди устали от проблем экологии и решили создать свой собственный «чистый» мир в квартире или доме. Этот дизайн интересен тем, что продиктован самой природой. Человек как часть мира и природы, не спешит отказываться от неё, стремится сохранить её, воспроизвести её на загородном участке или квартире, как в эко-дизайне. [5]

Интерьеры творческой студии выполнены студентами 2 курса в 2х вариантах: в классическом и эко-стиле. Интерьеры выполнены при помощи двухточечной угловой перспективы комнаты. Вариант №1 – стандартное помещение творческой студии (Рис.6 а,б)



Вариант № 2 является подтверждением основных правил эко стиля, где учащиеся будут ощущать себя в полной гармонии живой природы и получая при этом эстетическое наслаждение, что является важным фактором эстетического воспитания. (Рис.7 а,б)



Эко – стиль способствует формированию эстетического воспитания Б.Т. Лихачев определяет эстетическое воспитание как «целенаправленный процесс формирования творчески активной личности, способной воспринимать, чувствовать, оценивать прекрасное, трагическое, комическое, безобразное в жизни и искусстве, жить и творить «по законам красоты» [6].

По мнению Л.Н. Новожиловой эстетическое воспитание это воспитание эстетических чувств, «формирование эстетических идеалов, вкусов, понятий, мировоззрения» [7].

Психологами доказано, что при наличии эмоций сокращаются время, необходимое на формирование умений и навыков. Особую роль здесь играют положительные эмоции. Различные эмоции возникают в результате прямого воздействия на головной мозг, т.е. на непосредственно отражательном уровне. Если активно воздействовать на одно из полушарий, ответственное за интуицию, образное мышление и некоторые виды творческой деятельности словом, цветом, музыкой, то можно обнаружить, что эмоциональное управление является основной формой психологического реагирования, а вдохновение, интуиция, образное мышление становятся похожими на то, что возникают при интенсивном творческом процессе.

В заключении хотелось бы подчеркнуть роль перспективы в нашей жизни. Без нее не существовало бы ни известных произведений искусств, проектов, архитектурных строений, ландшафтного дизайна и даже простых интерьеров. Это целая «наука» восприятия человеческим взглядом всего окружающего мира. Базовый инструмент всех великих творений, и особенно грамотный эко-стиль интерьера, играет огромную роль в формировании эстетического воспитания учащихся.

Список использованной литературы:

1. Интернет ресурс <http://www.chudopodelki.ru/perspektiva-v-risunke.html> Режим доступа: свободный
2. Интернет-энциклопедия. <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9F%D0%B5%D1%80%D1%81%D0%BF%D0%B5%D0%BA%D1%82%D0%B8%D0%B2%D0%B0> Режим доступа: свободный.
3. Интернет ресурс <http://artstatus.com.ua/master-klassy/43-kak-poyavilas-perspektiva-istoriya-perspektivy-v-zhivopisi> Режим доступа: свободный.
4. Интернет ресурс <https://multiurok.ru/files/uchim-dietiei-chiertit-linieinaia-pierspiektivav.html> Режим доступа: свободный.
5. Интернет ресурс <http://www.studio-dios.ru/eco-style.html> Режим доступа: свободный
6. Лихачев Б.Т. Закономерности воспитания и их обусловленность законами развития. // Сов. Педагогика. – М., 1984, №3. – С. 86-93.
7. Новожилова Л.Н. Эстетическое воспитание в школе. – М., 1962. – С.5-6.

**ЭОЖ 378(574)
МРНТИ 14.15.01**

Н.Төлегенұлы¹, Г.Б. Ахметова²

*¹аға оқытушы, Өнер, мәдениет және спорт институты, Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы қ., Қазақстан*

*²1 курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ, педагогика және психология институты,
Алматы қ., Қазақстан*

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ

Аңдатпа

Кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүние жүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалылығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Экономикалық күшті дамыған елдердің тәжірибесі білім жүйесін ақпараттандыру экономика, ғылым және мәдениеттің қарқынды дамуының негізгі кілті екендігін көрсетіп отыр. Ендеше қазіргі заманның ақпараттық технологиясын игеру міндетіміз. Бүгінгі жаңа қоғамда мұғалімнің ішкі жан дүниесі де жаңаша, демек болашақ ұрпақтан үлкен үміт күтілуде.

Тірек сөздер: білім беру, педагогика, технология, модуль, бағдарлама.

Аннотация

Н.Төлегенұлы¹, Г.Б. Ахметова²

*¹старший преподаватель Института искусств, культуры и спорта при КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан*

*²магистрант 1 курса кафедры педагогики и психологии, Института педагогика и психология
при КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан*

НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ СОВРЕМЕННОЙ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ

В статье приведён перечень тенденций и представлен анализ развития системы образования. Экономическая мощь любой страны, высокий уровень жизни людей, место и вес в мировом сообществе зависят от уровня технологического развития этой страны. Качество развития сообщества и внедрение новых технологий достигли уровня информатики и образования в этой стране. Образование сегодня все менее отождествляется с начальным школьным, средним и высшим. Любая деятельность, направленная на изменение модели поведения членов общества с помощью обучения их новым знаниям и умениям интерпретируется как образовательная. Опыт экономически развитых стран показывает, что информационные системы в образовании являются сегодня ключом к быстрому развитию экономики, науки и культуры.

В представленной статье формулирован авторский подход к инновационному функционалу образования как социального института. В данном контексте целью неформального образования является компенсация недостатков и противоречий, присущих формальному образованию. Его индивидуальный характер дает возможность акцентировать усилия на способностях конкретного человека, способствуя эффективному развитию индивида.

Ключевые слова: образование, педагогика, технология, модуль, программа.

Abstract

Tolegenuly N.¹, Akhmetova G.B.²

NEW TRENDS OF NOWADAYS EDUCATION SYSTEM

¹*senior lecturer, institute of Arts, Culture and Sports at KazNPU named after Abay*

Almaty, Kazakhstan

Одним из ведущих Домов моды в Казахстане является «Сымбат», который зародился в 1947 году и из швейной лаборатории и перерос в Академию моды. Дважды в год Театр моды представляет на суд зрителей новые великолепные коллекции Haute Couture и pret-a-porter на международных неделях моды. За 60 лет на подиумах прошло более 150000 эксклюзивных моделей. Именно «Сымбат» первым в истории Казахстана представил казахстанскую моду за рубежом в 1972 году, а впоследствии в 2003 году на профессиональном fashion - подиуме на Неделе моды в Москве (Moscow fashion week). Кроме России участвуют регулярно на Неделе моды в Дубае (DIFW), в 2007 году впервые приняли участие на Неделе моды в Вашингтоне (DC Fashion week) и Сибирской неделе моды (SFW). Ежегодно проходит около 20 частных показов в Казахстане и около 10 показов за рубежом. Начиная с 1972 года, участвует в более чем 40 международных показах на фестивалях, конкурсах моды в более чем 30 странах мира. На свой юбилей «Сымбат» организовал Международный конкурс дизайнеров «Creative World», в котором приняло участие 135 дизайнеров из Казахстана, России, Кыргызстана и Узбекистана. Председателем жюри стал известный мэтр моды Вячеслав Зайцев, который специально приехал в Алматы поздравить коллектив и Президента Академии моды. Представлена юбилейная имиджевая коллекция Балнур Асановой и коллекция национальной одежды Птицыной Аллы Петровны.

Написанная книга И. Доброхотовой "Беседы о моде, или Зеркало, которое не лжет" помогает понять принципы моделирования в 1980-е годы и способы использования тюркских элементов в творческой работе. Рассмотрев несколько цветных снимков в книге, можно заключить, что эти вещи были бы актуальны и сейчас. Современная коллекция изготовлена из мягкой натуральной кожи. [1] Здесь же вечерние туалеты, отделанные каракульчой. Эти коллекции восхищали самого Пьера

Кардена. Модельер, создающий такие модели, должен иметь не только хороший вкус, но и богатую фантазию.

Известный модельер Назым Джайлаубаева Дома моды «Макпал» считает, что восьмидесятые – это поиск новаторства. Стиль унисекс зародился, можно сказать, именно в восьмидесятые годы. Этот стиль стирает грани между мужской и женской модой. Женщины стали носить строгие костюмы, с преувеличенно широкими плечами и другие элементы мужской одежды. Мужская мода, наоборот, стала более женственной, в ней появились облегающие формы костюма в разных цветовых решениях.

Главной темой подиумов стал культ красивого тела, это направление соответствовало спортивному стилю. Наибольшую же популярность имел гламурный стиль, взятый из дискотек, он и стал как бы повседневным направлением. В нем доминировали ткани с блестящим и сверкающим эффектом, массивные украшения, пластиковые разноцветные браслеты и бижутерия. Тогда же появились разнообразные серьги и клипсы. Синтетические облегающие флуоресцентные ткани, яркий макияж, массивные украшения считались прерогативой вечерней моды, но по-прежнему были не допустимы в костюме деловой женщины.

Женщины стали более эмансипированными. В их гардеробе прочно укрепились двубортные пиджаки с большими плечами и брючные костюмы. Деловые леди носили узкие длинные юбки и объемные блузы, а также классические туфли на шпильке и лодочки, впрочем, официальные костюмы – самые консервативные в гардеробе женщины. Меняется размер и формы лацканов, длина юбки, но деловая одежда все же остается деловой.

Ольга Китаева, модельер Республиканского Дома моды, рассказывала: «В те годы в магазинах продавались однотипные вещи. Можно сказать, весь обком ходил в одном и том же платье». Деловые костюмы, как было замечено ранее, очень консервативны и не имеют принципиальных различий. «Я надевала розовую блузку под черный велюровый костюм, и тогда он смотрелся наряднее. Тогда же появились кофточки с различными бантами и рюшами. К пиджакам подбирались необычные пуговицы: придать шарм можно и с помощью брошей. Вечерних нарядов в их понимании тогда не носили, гламур был не уместен в советской стране. А выходные платья можно было надевать на работу. Особенно любила платье из тяжелого шелка цвета переспелой вишни. Оно было с длинным рукавом и двумя рядами пуговиц на груди. Его можно было надеть везде представительно и женственно» [3].

Список использованной литературы:

- 1 Рассохина Э. *Казахские национальные традиции в современной одежде.* – Алма-Ата: Онер, 1982. – 80 с.
- 2 Володева Н. А. *Синтез традиций и современности: Казахский дизайн одежды в условиях мировой глобализации* // ГМИ им. А. Кастеева, 2009. – С. 166 – 176
- 3 Бекибаева Г. Д. *Этнокультурные Национальная идентичность в процессе глобализации Сб. докл. междунар. науч. конф. Алматы, пласты инновации в дизайне одежды Казахстана // Национальная идентичность в процессе глобализации Сб. докл. междунар. науч. конф. – Алматы: ГМИ им. А.Кастеева, 2009. – С.127 – 133*
- 4 Журналы Сымбат. 92,93.

ӘОЖ 76
МРНТИ 18.31.41

Г.Қ. Ешманова¹

¹өнер магистрі, Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институты,
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЗЕРГЕРЛІК КӨРКЕМӨНЕРІ

Аңдатпа

Мақалада қазақ ұлттық киімдерінің тарихы Ұлы дала көшпенділерінің тарихымен тығыз байланысты. Қазіргі ұрпаққа көшпенді халық өздерінің бірнеше мыңдаған жылдар бойы сақтаған салт-дәстүрлерін, киім кию мәдениетін, ғажайып өркениетін мұраға қалдырып кетті. Осы ата-бабаларымыздың өткен тарихы, олар жасап кеткен дүниелер күні бүгінге дейін маңызын жоймай, біздің қызығушылығымызды тудырып отыр.

Аталған мақалада, Қазақтың ұлттық киімдерінде оның этникалық тарихы мен экономикалық, әлеуметтік және табиғи ортаның ерекшеліктерінен туындайтын көне дәстүрлері сақталғандығы туралы, атап айтқанда, қыз келіншектердің зергерлік әшекей бұйымдарының тарихы мен түрлері тереңнен қарастырылады.

Түйін сөздер: Қазақ халқының ұлттық киімдері, зергерлік әшекей бұйымдар, ою өрнектер, салт дәстүр, сәндік қолөнер.

Аннотация

Г.Қ. Ешманова¹

¹магистр искусств, Институт искусства, культуры и спорта при КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

ХУДОЖЕСТВЕННО–ЮВЕЛИРНОЕ ИСКУССТВО КАЗАХСКОГО НАРОДА

Ювелирное искусство, как своеобразная форма художественного и самовыражения этноса, является важной частью мировоззрения и материальной культуры казахского народа. Оно развивалось на протяжении многих столетий, вбирая в себя по крупицам опыт предшествующих кочевых цивилизаций, древних тюрок, а также богатого материального и культурного наследия Золотой Орды. Взаимодействуя с культурой и искусством соседних стран, ювелирное искусство Казахстана не утратило своей самобытности и отличается ярким национальным своеобразием.

В данной статье рассмотрены ювелирное искусство и богатое историко-культурное наследие Казахского народа.

Ключевые слова: Национальная одежда казахского народа, ювелирное украшение, традиция, декоративно-прикладное искусство, орнамент.

Abstract

Yeshmanova G.K.¹

¹m. a., Institute of Art, Culture and Sports of at Abai Kaz NPU,
Almaty, Kazakhstan

ARTISTIC AND JEWELRY ART OF KAZAKH PEOPLE

Jeweler art as an original form of art creativity and self-expression of ethnos is an important part of outlook and material culture of Kazakh people. It has been developing for many centuries, incorporating experience of previous nomadic civilizations, ancient Turks, and also rich material and cultural heritage of Golden Horde. Cooperating with culture and art of neighboring countries, jeweler art of Kazakhstan has not lost its originality and differs by bright national originality.

The article describes the rich historical and cultural heritage of the Kazakh people. Its full study introduces the traditions, customs and standard of living of the people.

Key words: National clothes of Kazakh people, jewelry, tradition, decorative arts, ornament.

Зергерлік әшекей бұйымдар тек байлық пен сәндік үшін ғана емес, ол киім-кешек мәдениетіндегі ажырамас атрибуты, бірегей кешенді құрайтын аксессуарлар қатарынан берік орын алады. Зергерлік бұйымдардың ұлттық киімдердің ерекшеліктерімен түрлеріне тәуелділігі олардың өзіндік үлгісі мен пішінін қалыптастырудағы заңдылық болатын. Сондықтан да киім үлгілері сөз болғанда онымен ғажайып үндестік тапқан, арулар бойына көрік, ажар, жігіттерге жігер, үйлесімділік пен эстетикалық және көркемдік сән беріп тұратын зергерлік әшекей түрлеріне тоқталу заңды мәселе.

Қолөнердің өзге түріне қарағанда зергерлік істің өзіндік кәсіби сипаты ерекше болған. Қазақ зергерлері көбінесе қыз-келіншектердің ажарын ашып, сұлу етіп көрсететін зергерлік, әсемдік бұйымдар жасаған. Тағылуына қарай зергерлік бұйымдар негізгі алты түрге бөлінеді: 1) басқа; 2) мойын және кеудеге; 3) иыққа; 4) белге; 5) қолға; 6) аяққа тағылатын бұйымдар. Әр түр өз ішінде бірнеше типтерге, топтарға бөлінеді. Мысалы, басқа тағатын әшекейлерге: маңдайлық, төбелік, желкелік, шекелік, құлаққа тағатын, шашбаулық, мұрынға тағатындар жатады. Зергерлер жасаған басқа да тұрмыста қажет түрлі дүниелер ғасырлар бойы адамдардың тіршілік керегіне жарап қана қоймай, өздерінің әдемі өрнектерімен, сан қырлы, терең сырлы бояу, бедерлерімен талай ұрпақты таңғалдырып, тәрбиелік, танымдық қызметін өтеп келеді.

Қымбат әшекей бұйымдарды сырға мен жүзік, сақина мен білезік, алқа мен медальон, диадема-лар мен шолпыларды қалай тағудың өзіндік қатаң қағидасы болған. [1, 336 б.]

Қазақ аруларының басына үкілі сәукеле киіп, құлағына алтын сырға тағуы, саусағына сақина, білегіне білезік киюі, беліне белдік буынып, шашына шолпы қадауы олардың парасатының биіктігі мен эстетикалық талғамының жоғары болғанын куәлайды.

Қазақ даласында көркемдік тұрғыдан жетілген зергерлік өнер алғашқы темір дәуірінде пайда болған. Көптеген археологиялық қазбалар мен этнографиялық зерттеулер Қазақстан жерінде ерекше шеберлікпен жасалған бұйымдарды бізге жеткізді. Қарғалы қазынасынан табылған әйелдің алтын баскиімі, түйенің мүсіні салынған алтын жүзік, алтын сырға, Ақтас-1 қорымынан б.з. 2-5 ғ. жарқырауық тас орнатылған сырғалар табылған. Бұл бұйымдарды әшекейлеуде де қазіргі қолданып жүрген барлық техникалық тәсілдер қолданылған. Ежелгі сақ, ғұн, үйсін зергерлерінің қолымен жасалған жүзіктерде, білезіктерде, алқаларда, шолпыларда «мүйіз» оюының түрлері, арқардың басы кездескен. Бұдан басқа таутекенің басы, мүйізі жүзіктерде, бөкеннің, еліктің басы, көздері ілгекте, қапсырмаларда, жүзіктерде әдемі шекілген. Арыстанның бас бейнесі алқаға, білезікке салынған. Көшпелі өмір салтына қарамастан зергерлер қымбат бағалы металдарды өңдеудің жоғары технологиялық құпияларын терең меңгерген. Оңтүстік және Орталық Қазақстанның орта ғасырлардағы көне қалаларының орындарынан табылған алтыннан, күмістен жасалған заттар зергерлердің бұйымдардың беттеріне асыл тас орнату әдісін де меңгергендігін куәлайды. Олар әшекейлеудің торлау мен зерлеу, қараға бояу, оймалау, соғу, кетру сияқты сан түрлі тәсіл білген. [1, 338 б.]

Қазақ зергерлері де бұл істің күрделі техникалық тәсілдерін (*қалыптау, қырнау, шекіме, сіркелеу, ширату, қақтау, қаралау*) жетік меңгеріп, сәндік күміс бұйымдарды жасауда шебер қолдана білген.

Зергерлер негізінен қоғамның барлық әлеуметтік топтарының сұранысына ие болған әйелдердің әшекей бұйымдарын жасауда эстетикалық жағын ғана емес, сондай-ақ діни-идеологиялық, әдет-ғұрыптық, салт-дәстүрлік маңыздылықтарын да ескеріп отырған. Негізі материал ретінде тіл-көзден, пәле-жаладан сақтайтын тылсым күші, қасиеті бар деп танылған алтын, көбінесе күмісті пайдаланған. Бірақ алтынның қасиеті басқа металдарға қарағанда ерекше деп есептеген. Көп халықтар металл денге саулық, іске сәттілік алып келетін қасиеті бар деп есептеген. Сәндік бұйымдардың көбіне металдан жасалуы да осыған байланысты болған. Анасын, әйелін, қызын ардақтап, қастерлеген қазақ халқы олардың ішкі жан дүниесінің мөлдірлігімен қатар сыртқы келбеті мен тұлғасының да сұлу болғанын қалаған. Осылайша қыз келіншектерді ажарландыра түсу үшін оларға арнап сан алуан түрлі зергерлік әшекей бұйымдар да осы металдардан жасалған.

Зергерлер теңгелермен жамбыларды балқытып құю арқылы өзіне қажетті мөлшерде күміс кесектерін дайындап алған. Оны отқа қыздырып, төс үстінде балғамен жайлап соғу арқылы әртүрлі зергерлік бұйымдар жасауына немесе күміс кесегін әбден қақтап жұқартқан соң қиып, темір

әшекейлер бетін күмістеуге болған. Құйма бұйымдары жасау үшін күміс кесектерін шойын ожауда балқытып, арнайы қалыптарға құйып, суыған соң, өңдеген. Қалып әдетте, иі қанған балшықтан жасалып алдын ала мұқият кептірілген. Құю әдісімен зергерлер тек күміс бұйымдар ғана емес, сонымен бірге мыс, жез, қола, қалайы және қорғасыннан неше түрлі заттар жасаған.

Зергерлік бұйымдардың жарасымдылығы, айбындылығы, монументтігі зергерлердің болған. Кейбір зергерлік бұйымдарды темірден жасап, сыртын күміспен жалатқан. Зергерлік өнерде құйма, тегістеу, көркем шекіме, шекіме жасау арқылы металдың үстіне бүршіктік және күнгірт әсер ету, бастырма, оймыштау, нақыштау, филигрань (*сым кәптау*), қарала, тыныке, жылтырату т.б. тәсілдер қолданған.

Зергерлік бұйымдардың көздеріне шеберлер ақық (*ағат*), теңбіл тас (*сланец*), феруза (*бирюза*), маржан (*коралл*), лағыл (*рубин*), гауһар (*бриллиант*), сапфир, меруерт (*жемчуг*), жақұт (*яхонт*), жарқырауық тас (*самоцвет*), янтарь тастарды пайдаланған. Әр зергердің өз қолтанбасы болған «шебердің қолын» соған қарап таныған. Зергерлік өнердің бұл құпиялары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырған. [2, 65 б.]

Көптеген әшекей бұйымдар ұзатылған қыздың сән-салтанатты жасауы ретінде қолданылған. Қолөнерінде кездесетін ою-өрнек үлгілері мен элементтерінің қазіргі ғылымға белгілі атауы 200-ден асады екен. Сырт киімге тағатын тана, түйме бастырма, қапсырма немесе сақина, сырға, білезік, шекелік, тұмаршалар, т.б. зергерлік бұйымдардың түрлері аз болмаған.

Сан ғасырдың сарабынан өтіп, біздерге қаймағы бұзылмай жеткен халқымыздың қастерлі де дәстүрлі қолөнері көптеген салаларға бөлінеді. Қазақ зергерлері әсіресе, әйел адамдардың әшекейлі сәндік бұйымдарын асқан шеберлікпен, зор талғаммен киімге үйлестіре, жас жынысы, қоғамдық мәртебесі, ғұрыптық қырын ескере отырып тұтынған. Киген киім, оған қадалған түрлі әсемдік заттар, құлаққа таққан, саусаққа салған сәндік бұйымдар халықтың ертегі әңгімелерінде, ән-жырларында көптеп ұшырасады. Олар: сырға, білезік, сақина, жүзік, шолпы, шашбау, ілгек, қапсырма, алқа, өңіржиек, түйме, шеттік, т.б. [3, 15 б.]



Мойынға тағатын зергерлік бұйымдар



Білезіктер мен жүзіктер

Қапсырмалар

Батыс Қазақстанның әшекейлері көлемінің үлкендігі және бағалылығымен ерекшеленеді. Стилi жағынан олар ғұн заманының өнер туындыларына ұқсас. Жалпақ, кейде жұмыр да жуан білезік, үлкен сақина, самай салшыншақтары мен салмақты сырға және шашбаулардан тұратын батыс қазақстандық әшекейлер кешенінің ең басты көрнектілік элементті өзінің салтанаттығы және сұлулығымен көз тартатын, үш қатармен кеудеге тағылатын өңіржиек болып есептеледі. Ол алтын жалатылған жіңішке күміс өріммен өріліп, геометриялық оюлар құймасына көк жасыл түсті асыл тас, ақық, гауһар және басқада қымбат бағалы тастар үшбұрыш және ширатпа салынып жасалады. Кеуде әшекейлерінің бұл түрі тек осы облысқа тән құдағи жүзік сияқты Батыс Қазақстанда ғана кездеседі. Той салтанатының міндетті шарты деп саналатын бұл жүзікті қалыңдықтың анасы екі әулеттің басы қосылған нышаны деп күйеу жігіттің анасына, яғни құдағиына сыйлайды.

Ерте дүниедегі ғұн стилі Оңтүстік Қазақстанның да әшекейлерінен көрініс тапқан. Оларға композицияның көп бөлімділігі, кескін сымбатының келісті ұзындығы, сыңғырлап тұратын салпыншақтың көптігі және түр-түсінің көбіне көгілдір түсті әсемдігі тән. Әшекей бұйымдарға әсіресе, алтын жалату мен қатар түрлі түсті асыл тастар орнатқанда әсем көрік беретіні сөзсіз. XX ғасырдың басында ішіне құран аяттарының үзінді жазылған үш бұрышты, не төрт бұрышты тұмарша мен қолтықша тағуы кеңінен тарады.

Солтүстік Қазақстанның әшекейлері ерекше. Әсіресе тұяқтары күмістелген үкіаяқ шекеліктері баса назар аудартады. Қазақтар қыран құстарды, оның ішінде үкі мен сұңқар, бүркітті «күн құсы»,

«көк құсы», «тәңір құсы» деп ерекше бағалаған. Сондықтан олардың тұяқтары тіл-көзден қорғайды деген наным болған.

Солтүстік Қазақстанның зергерлік бұйымдарына ақық салып әдемілеу тән. Олардың мың құбылып тұратын түр-түсі зергерлердің назарын ежелден ақ аударған. Ақықты сонымен қатар емдік қасиеті үшінде қадірлеген. Халықтың айтуы бойынша, бұл босағаға бақыт әкелетін, отбасы ошақ-қасының амандығын сақтайтын, адамға қуат беретін киелі тас.

Арасына қосып, күмістен теңге тағып жасалған шабауға тағатын шолпының да әсемдігі көз тартады. Әрі жүрген кезде шашбаулары салбырап еріксіз елеңдететін қасиеті тағы бар.

Шығыс Қазақстанның зергерлік әшекейлері бекзаттығымен, пішінінің қарапайымдылығы әрі салиқалы сұлулығымен ерекшеленген. Мұражай жәдігерлерінің арасында осы облыстан жиналған құйма жұмыр білезік, бетіне өсімдік тектес өрнек салынған жайма білезік, және ортаңғы тұсы кең жазық келетін сағат білезіктер бар. Бетіне қошқар мүйізі мен қой басын, қыранның бас тұрпатын мүсіндеп салған құйма қапсырмалар да ғажап. Бұлардың стилінде ежелгі скиф сақтардың элементтері сақталған.

Әйелдердің әшекей заттарының арасында сырғаның сұлулығы мен жөні бөлек. Шығыс Қазақстан облысынан алынған алтынның, күмістен соғылған, әр алуан әшекеймен көз тартқан ай сырға, шұжық сырға, шығыршық сырғалар бар. [4, 15 б.]

Қорыта айтқанда, қазақтың алтын, күміс сияқты бағалы металдардан әшекей бұйымдарын жасаған ұста-зергерлері шеберліктің шыңына жеткен деуге болады. Олар металл өндеуде, оны балқытып құюда, оларға зер салуда сан түрлі техника қолданған. Оның ішінде жазба, ширатпа, өрім, шеку мен орама сияқты сан алуан тәсілдері бар. Сондай-ақ, асыл тастардың түр түрі мен құймаға тас орнату өнерінінде қыр-сырын жете білген. XIX-XX ғасырда өзінің шырқау шыңына жеткен Қазақстанның зергерлік өнері әшекей жасап әсемдеу саласында алдына жан салмаған шеберлігі өз алдына, әр аймақтың өзіндік ерекшеліктерін сақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жетізген ұлағатымен бағалы.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ халқының ұлттық киімдері. Национальная одежда казахского народа. National clothes of Kazakh people. / Б. Хинаят., А. Сужикова. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2011. – 384 бет
2. Арғынбаев Х.А. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы, 1987. 128-б.
3. Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. – А., 1993.
4. Nomad Kazakhstan № 3. 2008.

IV БӨЛІМ. ӨНЕРТАНУ

РАЗДЕЛ IV. ИСКУССТВОВЕДЕНИЕ

ӘОЖ 78.071.2 (574)

МРНТИ 18.41.51

А.Қ. Байбек¹

¹*Өнертану ғылымының кандидаты, доцент, Қазақ Ұлттық өнер университеті,
Астана қ., Қазақстан*

ҚАЙРАТ БАЙБОСЫНОВ – ҮКІЛІ ЫБЫРАЙ ӘНДЕРІНІҢ КЕМЕҢГЕР ОРЫНДАУШЫСЫ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі ән өнерінің майталман орындаушысы Қайрат Байбосыновтың шығармашылығы арқылы ХХ ғасырдағы Арқа әншілік мектебінің (классикалық кезең) көрнекті өкілі – әнші, ақын-импровизатор Үкілі Ыбырайдың өзіндік және қайталанбас стильдік ерекшеліктері айқын көрініс тапқан. Үкілі Ыбырайдың музыкалық мұрасы Кеңес заманының 70-ші жылдарына дейін кеңінен таралмағанын (Ыбырай Сандыбайұлы репрессияға ұшыраған өнер өкілдерінің бірі) ескерсек, оның әндерін жарыққа шығару мен насихаттау жолындағы Қайрат Байбосыновтың еңбегі орасан зор.

Түйін сөздер: дәстүрлі ән, сал-серілер лирикасы, музыкалық стиль, импровизациялық өнер

Аннотация

А.К. Байбек¹

¹*кандидат искусствоведение, доцент Казахского национального университета искусства,
г. Астана, Казахстан*

ҚАЙРАТ БАЙБОСЫНОВ–ГЕНИАЛЬНЫЙ ИСПОЛНИТЕЛЬ ПЕСЕН ҮКИЛИ ЫБЫРАЯ

В статье через творчество известного исполнителя современности Кайрата Байбосынова раскрываются музыкальная стилистика и исполнительские особенности наследия яркого предшественника Аркинской песенной традиции ХХ века (классического периода) – певца и акына-импровизатора Үкілі Ыбырая. Кайрат Байбосынов проделал колоссальную работу по возрождению и популяризации музыкального наследия Үкілі Ыбырая (до конца 70-х годов прошлого столетия его песни не были столь популярны, Ыбырай Сандыбайұлы был в числе репрессированных).

Ключевые слова: традиционная песня, лирика салов и сері, музыкальный стиль, искусство импровизации

Abstract

A.K. Baibek¹

¹*Candidate of art criticism, docent of the Kazakh national university of art (Astana, Kazakhstan)*

KAIRAT BAIBOSYNOV-A BRILLIANT SINGER-SONGWRITER UKILI YBYRAJA

The article reveals the musical style and performing features of the bright representative of the Arkinian song tradition of the 20th century, singer and akyn-improviser Ukili Ybyray. It is done through considering the performance of the famous contemporary artist Kairat Baibosynov. Mr. Baibosynov did a tremendous job of reviving and popularizing musical heritage of Ukili Ybyray, as Ybyray Sandybaiuly was among the repressed, and until the end of the 1970s, his songs were not so popular).

Key words: traditional song, lyric of sals and seris , musical style, the art of improvisation.

Қазіргі Арқа әншілерінің арасында Үкілі Ыбырай дарынының сан қырлығын шебер көрсете білген бірден-бір әнші, ол **Қайрат Байбосынов**. Қайрат аға – Үкілі Ыбырай әндерін халық арасына таратуда орасан зор жұмыстар атқарған, оның ғажайып туындыларын кемеліне келтіріп орындайтын біртуар әнші [1].

Үкілі Ыбырайдың сөзсіз жауһар әндерінің музыкалық стилистикасын қарастыру олардың қайталанбас бірегейлік құпиясын ашуға мүмкіндік береді.

Үкілі Ыбырай әндерінің басым көпшілігі көтеріңкі көңіл-күйге, асқақ арман мен сезімге толы, оның рухани әлемінің көрінісі іспетті. Бұл орындаушылардан тек күшті дауысты ғана емес, сондай-ақ, әсерлеуші тәсілдер мен орындаушылық артикуляцияның аса бай жиынтығынан құралған вокалдық техниканы шебер меңгерген табиғи дарын иесі болуды талап етеді.

Осындай шалқыған шабытқа толы Үкілі Ыбырайдың **«Шалқыма»** және **«Толқын»** әндері көтеріңкі көңіл толқынымен, өміршендігімен, асқақтаған әуенімен ерекшеленеді. Бұл әндердің әуенін қанатын кеңінен жайып, аспан көгінде қалықтаған құстарға немесе академик Ахмет Жұбанов айтқандай «буырқанып, кемерінен асып төгіліп, кейін арыны басылып, бірте-бірте арнасына түскен арқыраған өзенге» балауға болады. Төменгі қарқынмен басталған екпін бірте-бірте жеделдеп, дауылдай күшейіп ұстамды көңіл-күйден сезімнің шалқып, өршеленуіне дейінгі эмоциялық-психологиялық шиеленістің өсуін айқын көрсететін – бұл драматургия Үкілі Ыбырайға тән. Әрине, бұл шабытты әндер орындаушысынан тыныс алуының аса зор кеңдігін мен көңіл-күйінің көтеріңкі болуын талап етеді. Бұл талаптарға Қайрат Байбосынов сынды майталман әнші толық сай келеді, ол әндерді орындау барысында өзінің мінсіз вокалдық техникасының мүмкіндігін молынан пайдаланады: әндерге тән қарқынды-ырғақтық жаңылыстарымен, әуезділіктен баяндауға өтудегі дауыстың кенеттен құбылуы сияқты әншінің орындаушылық артикуляциясының молдығымен музыкалық әуендерді шебер және барынша нәзік өндейді.

Музыка мәдениетінің мәңгілік туындыларының біріне айналған Үкілі Ыбырайдың атақты **«Гәкку»** әні өзінің көркемділігімен, ынтызарлыққа толы құштарлығымен, нәзік сезімталдығымен ерекше орынға ие, қазіргі тілмен айтқанда, автордың «визит карточкасы» болып саналады. Сүйген қызы Кәкиманың қайталанбас бейнесін жасау үшін, Үкілі Ыбырай бұл әнде мәңгілік махаббат пен әсемдіктің символы ретінде аққуды таңдайды.

Тындарманын қандайда бір тосын қуатымен еліктіретін **«Гәкку»** әнінің драматургиясын зер салып талдайтын болсақ, ән егжей-тегжейіне дейін аса мұқият өңделуімен таң қалдырады, және бұл ең жоғарғы музыкалық шеберліктің көрінісі болып табылады. Арқа сал-серілерінің жан тебіренерлік ғашықтық әндерінің арасынан **«Гәкку»** өзінің музыкалық стилистикасының қайталанбас өзгешілігімен дараланады. Арқа дәстүрлі әнінің 11-буындық композициялық заңдылықтарына негізделген **«Гәкку»** әнінің барлық нұсқаларынан Үкілі Ыбырай қайталанбас стилінің ізі көрініп тұрады. Шумағындағы ұстамды ырғақтық-әуендік материалдың қайырмасына келгенде түрленуі **әннің бірегей музыкалық драматургиясы** болып саналады: ән ырғағы мен динамикасы жандана түседі, әуендік желісі батылырақ сипатқа ие болады. Ән шумағында жоғарылы-төменді толқын тәріздес бірқалыпты қозғалыстар басым келеді де, кенеттен, суырып-салмалық жолмен пайда болған, ыстық сезімге, құштарлыққа толы вокализдендірілген қайырмаға ауысады. Әннің қайырмасында тоқтаусыз ағылған, мән-мағынасы жоқ лексикалық сөз тіркестер легі «Гигигай, гикгак гигигай» – Үкілі Ыбырайдың **«Гәкку»** әніне ғана емес, басқа әндеріне де тән өзгеше ерекшелік деуге болады. Аққудың даусына еліктейтін «гәкку, гәкку гакгак, гагага...» деген лексикалық қайырмалар Үкілі Ыбырайдың шығармашылық ұстанымын айқындаған **«Гәкку»** әнінен бастау алады. Мұндай лексикалық қайырмалар әншіге толық импровизациялық еркіндік береді, солар арқылы әншінің вокалдық техникасы, даусының әдемілігі мен мәнерлілігі, сондай-ақ буырқанған құбылмалы сезімдері айқын, әрі жан-жақты көрініс табады. Қазіргі заманғы әншілердің ішінен осындай импровизациялық еркіндікті халықтың сүйікті әншісі Қайрат Байбосынов барынша бейнелі көрсетіп жүр.

«Гәкку» әні халық арасында өте танымалдылыққа ие болып, Үкілі Ыбырайдың көзі тірісінде-ақ әншілердің бұл әнді өздерінің орындаушылық мәнеріне салып шырқаған жарқын нұсқалары пайда болды. Қазіргі әншілердің ішінен Қайрат Байбосынов осы **«Гәкку»** әнінің барлық нұсқаларының ең үздік жеткізушісіне және орындаушысына айналды. Оның орындаушылығы жас әншілерге әрқашан да үлгі болып қалары сөзсіз.

Көтеріңкі асқақ көңілге, буырқанған сезімге толы әншінің жан дүниесінің көрінісіндей сияқты «ән-желдірме» жанры, Үкілі Ыбырайды **жаңа музыкалық формалардың композициялық құрылымдарын құрушы** аса ұлы шеберлердің қатарына қосты. Осындай шығармалар қазіргі заманғы орындаушылардан аса күшті дауыстан бөлек, елден ерек вокалдық техниканы, өртей лаулаған шабыттты, әнді мың құбылтып, түрлендіріп, жігерлі түрде шырқауды қажет етеді.

Үкілі Ыбырайдың әншілік тұр-тұлғасын айқындай түсетін ойнақы «Қызыл асық», «Қарақат көз» және «Жиырма бес» әндері Қайрат Байбосыновтың орындаушылық репертуарындағы ең басты әндер болып табылады. Қайрат Байбосынов бұл әндерді асқан шеберлікпен мінсіз орындайды.

«Қызыл асық» және «Қарақат көз» – гедонистік көңіл-күйдің әндері. Оның әзіл-қалжыңмен өрілген «ойнақы» мәнерінің астарында өмірдің әр сәтінен ләззат алуға сендіретін айқын көріністер орын алған. Мұқалмас қайрат-жігерге, дауылпаз екпінге толы экспресстивтік бағыттағы осы ғашықтық әндер – тыңдарманның көз алдында өмірге келетін импровизациялық туындылар, олар төмендегідей тәсілдердің көмегімен жасалады: әуеннің речитативтік-декламациялық типі; әннің бастау бөлігінде мәтіннен тыс элементтердің болмауы; жоғарғы регистрлік тесситураны пайдалану; ырғақтық еркіндік; сондай-ақ, секірмелі және толқын тәрізді қозғалысты әуендік желінің кеңдігі мен ұшқырлығы. Әндерінің бастау бөлігінде ақындық атрибутиканың композициялық қағидалары белсенді түрде қолданылады.

Композициялық құрылым бағытындағы Үкілі Ыбырай енгізген жаңашылдық «Қызыл асық» және «Қарақат көз» әндерінде анық көрініс тапқан. Бұл әндер Ыбырайға дейінгі қайырмада пайдаланылған, кең ауқымды әуезді лексикалық сөз тіркестеріне негізделген өте әсерлі кіріспеден басталады. Соның нәтижесінде, Үкілі Ыбырайға дейінгі әннің «шумақ-қайырма» болып келетін үйреншікті композициялық құрылымы оның шығармаларында, керісінше, «қайырма-шумақ» болып қалыптасты. Әннің лексикалық қайырмалармен басталуы Үкілі Ыбырайдың өзіне ғана тән авторлық тәсіл болып табылады, әндеріне ерекше әсерлі мәнерлік дарытады. Әннің шумағы мен қайырмасының қызметтерінің ауысуы шығарманы тосыннан суырып салып айтқандай әсер қалдырады, және ол Үкілі Ыбырайдың актерлік ойнақы, еркін орындаушылық стилімен одан сайын күшейе түседі. Аталмыш шығармаларға ерекше рухани күш-қуат беретін әндердің осындай құрылымы автордың сүйіп қолданатын, тұрақты әдісіне айналды.

Қайрат Байбосынов «Қызыл асық» және «Қарақат көз» әндеріне әртүрлі психологиялық реңдер береді, оның әнді нақышына келтіріп орындауы сахнадағы өзін ұстау мәнерімен де толығып отырады және әнді орындау кезінде тыңдарманға нені жеткізгісі келетінімен үйлесім табады. Үкілі Ыбырайдың әндерін дәл осындай көңілді толқытатын, өміршен, сезімге толы, аса қуатты өзінше орындау Қайрат Байбосыновты қазіргі заманғы халықтың ең сүйікті әншісіне айналдырды.

Үкілі Ыбырайдың «Жиырма бесі» – әзіл-қалжыңға толы, қызуқанды, қарқынды орындалатын желдірме жанрындағы туынды, бұл әнде сал-серінің еркін өмірі жарқын, ашық бояулармен айшықталған. Үкілі Ыбырай бұл тақырыпқа да мүлде жаңаша мән-мағына береді. «Жиырма бес» – сал мен серілердің дәстүрлі тақырыбы. Желдірме жанрын пайдалану арқылы Үкілі Ыбырай бұл жерде де жаңашылдық танытты. Әдетте, «Жиырма бес» жастық шақпен қоштасу мұнды әндері болып есептелетін. Ал, Үкілі Ыбырайдың «Жиырма бес» әні – өлең құрастыру заңдылықтары сақталған кәдімгі желдірме. Әннің қарқынды ырғағы, әзіл-қалжыңы аралас, өткір тілді қанатты сөздері, жастық шақ өтіп кеткенімен, күш-қуаты әлі де тасып тұрған, келбеті келіскен ақынды өмірге деген құштарлықпен нәрлендіреді.

Қайрат Байбосыновтың орындауындағы «Жиырма бес» әнін жауһар десек те артық емес. Орасан зор әртістік, бейнелеушілік қабілетке және әншілік темпераментке ие, әзіл-қалжыңның табиғатын терең ұғынатын Қайрат Байбосынов дауыс тембрін, артикуляциясын құбылту арқылы әрқилы күлкілі образдар жасайды: бірде жас сұлудың танданысын, енді бірде кәрі шал мен кемпірдің кіржиіп, назырқануын сәтті бейнелейді. Әншінің орындаушылық өнері өзінің жүрдек речитативтік мәтінді анық, әрі көтеріңкі көңіл-күйде айтуымен, кез келген бейнеге еркін және жедел енуімен адамды тәнті етеді. Ән орындалатын бірнеше минуттың ішінде Қайрат Байбосынов әрқилы сахналық образдарды жасап үлгереді және әншінің шебер вокалдық орындаушылық өнерімен ұштасып отырады.

Үкілі Ыбырайдың әншілік мұрасында, сал-серілердің лирикасы мен ақын-жыраулардың насихаттық терме-толғаулары тәрізді, дәстүрлі өнердің екі саласының қабысып жатуы, оған бір әннің әрқилы жанрдағы бірнеше нұсқаларын жасауға мүмкіндік берді. Бұған «Қалдырғанның» екі жанрлық нұсқалары – «Қалдырғанның ән түрі» және «Қалдырғанның терме түрі» – жарқын мысал болады. «Қалдырғанның ән түріне» жоғарғы тесситура, мажордағы секірмелі интонациялары бар кең әуендік даму, жедел қарқынды ырғақтық еркіндікке ие концерттік мәнер тән болып келеді. Ал, «Қалдырғанның терме түрі» речитативтік баяндау түріндегі көңіл-күйдің серпілістерімен, минордағы музыкалық материалды ұстамды камералық түрде сипаттауымен ерекшеленеді. «Қалдырғанның ән түрінің» тағы бір ерекшелігі – ол Үкілі Ыбырайға тән өмірсүйгіштік, өмірге сеніммен қарау лебіне толы болуы. «Қалдырғанның терме түрі» өзінің еріксіз толқытатын қызбалылығымен, ойлы сөздерімен толғандырады және жанды жеріңе тиеді.

«Қалдырғанның ән түрін» Қайрат Байбосыновтың орындауы аса жоғары техникасымен ерекшеленеді, атап айтқанда: әншінің музыкалық әуенді баса айтуды қалыптастыратын дем алу және дем шығару әдістері, табиғатынан қуатты, аса жарқын, әсерлі дауысы. Бұл, әсіресе, ән түріне тән болып келеді. Қайрат Байбосыновтың «Қалдырғанның терме түрін» орындауы барынша айқын дикциясымен, шығарманың эмоциялық қырларының өзгерулеріне сәйкес дыбыстарды түрлендіріп, құбылтуымен сипатталады. Үкілі Ыбырай әндерінің Қайрат Байбосыновтың табиғатына, дүниетанымына барынша сәйкес келуі біздерді, оның әнін тыңдаушыларды шын мәнінде қайран қалдырады. Өйткені, Қайрат Байбосынов әннің екі нұсқасын орындағанда да, оларды өзінің жан дүниесінің нұрымен нәрлендіреді.

Жан дүниесі бай, сезімтал әнші Қайрат Байбосынов шырқаған Үкілі Ыбырайдың туындыларынан оның жүрек тебіренісі, өнерге деген сүйіспеншілігі мен тазалығы байқалып тұрады. Қайрат Байбосыновтың жан дүниесінің байлығын оның әнінен ғана емес, бала кезінен ұнатып салатын суреттерінен де көруге болады. Құдіретті табиғат оны осы дарынға да ие етті.

Қайрат Байбосыновтың дара шығармашылық тұлғасын сан қырлы табиғи дарыны айқындайды, оның әншілік өнері актерлік ойынындағы аса жоғары кәсіби шеберлігімен үйлесім таба отырып, оған дәстүрлі әннің толыққанды эмоциялық мән-мағынасын, психологиялық құбылыстарын, ішкі бай нақыштарын ашуға мүмкіндік береді. Қайрат ағаның ел алдындағы өнер көрсетуі даусын аса шебер меңгеруімен, барынша нақты дикциясымен ғана емес, сондай-ақ, өте терең психологиялық астарлы әрбір музыкалық дыбысының бейнелілігімен ерекшеленеді.

Үкілі Ыбырай әндерінің жарқын концерттік, «бастапқы» сахналық стилін қайта қалпына келтіру үшін актерлік дарын мен шеберлік қажет. Үкілі Ыбырай «театрында» рөлдер-бетперделер әрқилы, ол – нағыз ойын-сауық театры. Оның әртүрлі сипаттағы әндерін орындау үшін қазіргі заманғы әнші бір кездегі асқан дарын иесі Үкілі Ыбырайдың өзі сияқты: бірде жалындаған ғашық жанның («Гәкку»); енді бірде көңілді, қуақы қыдырымпаздың («Қызыл асық»); тіпті, кейде күлкілі кәрінің («Жиырма бес») кейпіне енуі тиіс. Бірақ, солардың арасында сезімтал лирик, ойлы философ Ыбырайдың да өзінің рөлі бар. Бұл шығарма театр емес, бұл ән – үлкен жүректі суреткердің өзінің ой армандарымен, жан сырымен, терең толғанысымен бөлісіп, ұрпаққа арнаған соңғы сөзі, ағынан жарылуы («Қалдырған»).

Қайрат Байбосынов қазіргі қазақ мәдениетінің мақтанышы болып табылады. Оның тембрінің әдемілігі, таң қаларлық дауысы нәзік сезімталдықтың, жан тембренісің, отты мысқыл мен мазақтың – бәрін бере алады. Оның үстіне, ол актер, және өте дарынды актер.

Қазақтың Қайраты өзінің актерлік шеберлігі жағынан орыс опера өнерінің ірі өкілдерінің бірі, ұлы әнші және драмалық актер Федор Шаляпинмен қатар тұрады. Федор Шаляпин опера өнерінде әрқилы сипаттағы – Борис Годунов, Сусанин (Мусоргский мен Глинканың сол аттас операларында), Мефистофель («Фауст», Гуно), Дон Базилио («Севиль шаштаразы», Россини) және т.б. кейіпкерлерді сомдаған.

«Қазақ Шаляпині» Қайрат Байбосынов – әртүрлі кейіпке түсудің шебері, әрқилы сипаттағы көптеген бейнелерді жасаған біртуар әнші. Оның әрбір әнді орындауын сахналық, театрландырылған шағын көрсетілім деуге болады. Ол кез келген әннің ішкі әлемін өте шебер ашып көрсетеді, оның бейнелер галереясы ұмытылмас әсер қалдырады. Қайрат Байбосынов ұшар биіктен көрінетін қиялшыл әнші, бірде жалынды ғашық жан (Үкілі Ыбырайдың «Гәккуі»), тағы бірде өзінің сүйген қызын

көркем әнімен тербеген сал-сері (Ақан серінің «Жамалы», Естайдың «Юран-айы», Балуан Шолақтың «Ғалиясы») бейнелерінде бізге танымал. Естайдың Қорланын шырқаған кезде ол шынайы махаббаттың мәңгілік мәнін ашып көрсеткен эпикалық сарындағы әнші ретінде де көзге түседі. Қайрат Байбосынов Берікбол Көпенұлының «Ағашаяқ», Үкілі Ыбырайдың «Жиырма бес» және «Қызыл асық» әндерін орындаған сәттерде жасырын мысқылды, әндердің гедеонистік ішкі астарын қапысыз жеткізе алатын психологиялық актер ретінде көрінеді. Сонымен қатар, Қайрат Байбосынов Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып», Ақан серінің «Шырмауығы», Үкілі Ыбырайдың «Қалдырғаны», Мәдидің «Үшқарасы» тәрізді лирикалық-философиялық ән-монологтарын да биік дәрежеде шырқай алады. Бұл Қайрат Байбосыновтың баға жетпес орындаушылық өнерінің азғана бөлігі ғана. Жуырда Қайрат Байбосыновтың орындауындағы әндердің «*Сыр сандық. Қазақ әндерінің антологиясы*» атты жинағы жарық көрді [2].

Қайрат Байбосынов сомдаған Үкілі Ыбырайдың, басқа да Арқа әншілік мектебінің аса көрнекті өкілдерінің музыкалық-сахналық бейнелері орындаушылық өнердің эталонына айналды. Сал-серілердің классикалық мұрасының заманауи орындаушысы ретінде Қайрат Байбосыновты қазіргі заманғы аса ұлы әншілердің қатарына батыл қосуға болады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Жүзбасов Қ., З. Қоспақов Үкілі Ыбырай Гәкку. – Алматы, 1995 ж.
2. Байбосынов Қ. *Сыр сандық. Қазақ әндерінің антологиясы*. – Астана, 2016.

УДК 7.03
МРНТИ 18.07.09

Ә.Т. Төлебиев¹

*Қазақ Бас Сәулет–Құрылыс Академиясының «Дизайн» факультетінің профессоры
Алматы қ., Қазақстан*

СӘУЛЕТТІК СУРЕТ САЛУДЫҢ ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада сәулеттік суреттің тың әдістемелік жолдары туралы айтылған. Осындай тың инновациялық сурет салу жолдары сәулетші-студенттердің ой-қиялын тербеп, жаңаша жобалар жасаудың үлгісін көрсетеді.

Автор мақалада «сәулеттік сурет» ұғымына терең анықтама бере отырып, оның қазіргі кездегі ең бірден бір студенттерге және өнер сүйер қауымға жаңаша білім беретін пән құрылымы ретінде орын алып отырғанын және де бейнелеу өнерінің даму тарихынан сурет салудың мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан тарихы мен даму жолын, маңызын, орнын, тәсілдері мен әдістерін, олардың ерекшеліктерін анықтап, сонымен қатар қазіргі заман өнері немесе сурет салу жолдарының түп тамырының өзі осы өнер туындыларынан басталғаны жөнінде ерекше атап өтеді.

Түйін сөздер: жана, сурет, сәулет, әдістеме, эскиз, академия, абстракция, конструкция, штрих

Аннотация

А.Т.Төлебиев

*профессор факультета Дизайна Казахского Главной Архитектурно-Строительной Академии
г. Алматы, Казахстан*

МЕТОДИЧЕСКИЕ ИННОВАЦИОННЫЕ ПУТИ РИСОВАНИЯ АРХИТЕКТУРНОГО РИСУНКА

В статье изложены инновационные учебно-методологические приемы, творческие концепции архитектурного рисунка. Инновационные методы рисования развивают фантазию, творческое мышление студентов, способствуя появлению новых идей в создании современных проектов.

В статье автор дает более глубокое представление о «архитектурных рисунках», предполагая, что он – самый важный и нужный современный курс дисциплины на сегодняшнее время. Он очень необходим будущим студентам специальностей «архитектура» и для любителей искусства, а также автор рассказывает

историю развития изобразительного искусства. Знакомства мировым и отечественным искусством и культурой дает будущим специалистам очень многое ценное знание и информации.

Ключевые слова: инновация, рисунок, архитектура, методика, эскиз, академия, абстракция, конструкция, штрих

Abstract

A.T. Tulebiev

*Professor at the Faculty of Design of the Kazakh Academy of architecture and Golavnoj Strojtelnoj.
Almaty Kazakhstan*

METHODICAL INNOVATIVE WAYS TO DRAW ARCHITECTURAL DRAWING

In the article considered innovative educational – methodological techniques of creative concept of architectural drawing. Innovative methods of drawing develop imagination, creative thinking of students contributing to the creation of modern projects.

The article describes an innovative educational and methodological techniques, creative concepts for architectural drawing. Innovative IU drawing Toda develop imagination, creative thinking of students, contributing to the emergence of new ideas in creating contemporary projects. In the article the author gives a deeper understanding of "architectural illustrations", suggesting that he is the most important and necessary modern course subjects in today's time. It is very essential to future students of specialties "architecture" and for art lovers, as well as the author discloses the history of fine art. Dating world and domestic arts and culture gives future specialists very much valuable knowledge and information.

Key words: innovation, drawing, architecture, methodology, sketch, Academy, abstract, design, barcode

Сурет салудың мындаған жылдар бойы қалыптасқан жолдары бар. Әр заман кезеңінде сурет өнерін оқып үйренуде айшықты із қалдырған, тіпті қазірге дейін қасиетін жоймаған методикалық жолдар, жеке суретшілердің жазып кеткен оқулықтары бар. Олардың өзіндік тарихы және бүкіл өнер әлеміне қосқан үлесі ұшан-теңіз.

Адам баласы сонау ерте заманнан айналасын қоршаған табиғатты, жан-жануарлар дүниесін және өз болмыс тіршілігін бейнелеуге әрқашанда ынтық болды, соған қызықты.

Қазіргі заман өнері немесе сурет салу жолдарының түп тамырының өзі осы өнер туындыларынан басталғанына шек болмаса керек.

Сонау отыз ғасырдай тарихи жолы бар, Пасха аралының тас мүсіндерін алайық. Ондағы адам бейнесі стильденген пішінде жасалған, әсіресе бастың пропорциялық өлшемдерінің, жалпы формасының өте дәлдікпен алынғанына қайран қаласың. Яғни, ол кездегі суретшілердің де өзіндік мектебі, сурет алу жолдары болғанға ұқсайды. Бірақ, бір өкініштісі, олардың методикалық әдістері бізге жетпеген.

Ал, Египет суретшілерінің өзіндік мектебі, сурет салу жолдары болған. Олар адам бейнесін бейнелегенде, немесе алып мүсіндер жасағанда өзіндік әдіс – «канонға» сүйеніп жасайтын болған.

Осы Египет мектебінің методикалық әдістерін негізге ала отырып, Еуропадағы грек және италиян суретшілері оны әрі қарай дамытты. Біздің дәуірімізге дейінгі 432 жылы әйгілі мүсінші Поликлет бірінші рет бейнелеу өнерінде адамның ішкі пластикалық қимыл қозғалысын көрсететін Дорифор мүсінін өмірге келтірді. Бұл өнер әлеміндегі бетбұрыс жасаған методикалық әдіс еді.

Алғаш рет Грек сәулетшісі, әрі мүсіншісі Фидий математикалық есепке негізделген храмдар тұрғызды.

Қайта өрлеу дәуірінің аса ірі теоретик-суретшілерінің бірі Альбрехт Дюрер (1471-1528) перспективалық кеңістіктің қыр сырын зерттеп оның жобалық сурет салудағы маңызын алғаш жазғандардың бірі болды.

Ежелден келе жатқан сурет салудың осындай әдіс-тәсілдері ғасырлар бойы үрдіс дами отырып, жаңа әдістемелік жолдармен толығып отырды. Кейінгі кезде әсіресе, сәулет мектебінде сәулетшілерді жаңа заманға сай, тез де сапалы оқытуда білім берудің әдістемелік жаңа жолдары ізденіспен игеріліп жатыр. Бұл негізінен сәулетшіге конструктивті сурет салудың техникасын үйренуде көрініс табуда. Бұл басқа оқу орындарындағыдай академиялық сурет салуға, суреттің негізгі ішкі құрылымының-конструкциясының күрделі әдістемелік жолдарын игеріп, бейнелейтін зат туралы абстракциялы ұғымды қалыптастыру болып табылады. Яғни, суреттің сыртқы бітімін академиялық суреттегідей тәптіштеп көрсетпей-ақ, ішкі конструктивті құрылымы бірінші орында тұрады. Осындай

әдістемелік жолдармен оқыту студенттердің сурет салуда ынтасын арттырып, жұмысты тез істеуге шабыттандыруда. Сонымен қоса ғарыштық абстракциялы ойлау қабілетін ширата түсуде үлкен рөл атқарады. Бұл сәулетшілерге жоба жасауда жаңа серпін берді.

«Сәулеттік сурет» бұл қазіргі кездегі ең бірден бір студенттерге және өнер сүйер қауымға жаңаша білім беретін пән құрылымы. Бұрындары суретшілер, сәулетшілер талай ғасырлар бойы таптауырынды болған академиялық суреттің заңдылықтарына бағынып келді. Ол да орынды өйткені, академиялық сурет суреттің негізі еді. Осы негізді жақсы білген адам оның техникасын, салу жолдарының алғашқы баспалдақтарын толық меңгереді. Осыдан кейін сурет салудың инновациялық жолдарын түрлендіріп жаңа тұрпаттағы суретті шығарамыз. Бұрындары бір сарында өтетін сурет сабағынан студенттерге көп пайда келмейтін. Ұшқыр ойға құрылған жобаларды ойлап табатындай тәлім ала алмайтын.

1. Тың инновациялық сәулеттік суреттер (2016 ж.) (1-2 сур.)

Сондықтан кейінгі кезде сәулетшілерге академиялық суреттен көрі конструкциясына көп көңіл бөлетін түрлі композициялар, абстракциялы ойлар тән болды. Негізінен сәулеттік жобаларға жақын суреттер салынды. Суреттің алғашқы кезеңінде көріп салатын геометриялық фигураларды кескіндесе, келесі кезеңнен бастап сол геометриялық денелерді ойдан құрастырып, әрқилы композициялар құрастырады. Суретті салу барысында бірнеше долбар, қысқа мерзімді суреттер эскиз ретінде салынады. Бұл студенттің қолының икемділігіне, жылдамдығына зор әсерін тигізеді. Бір жағынан жобалық эскиз суреттер салуға тез машықтанады. Эскиз суреттер алдымен тез кескінделіп, долбарлық жобамен салынады. Ондай суреттер жұмсақ қарындашпен, фломастермен, тіпті рапидографпен, акварельмен салынады. Осы долбар жобалық сурет сәулеттік суреттің негізі болып табылады. Онда түрлі инновациялық штрих, сызықтық тәсілдер қоладнылады. Алдымен абстракциялы шимақ суреттер түрінде салынып, артынан анықталып жинақы түрге енеді (суреттер). Суреттерді салу барысында кеңістік заңдылықтарын жетік үйрену керек. Әсіресе бізден алыстаған сайын кішіреюі, бізге жақындаған сайын үлкеюі тағы басқалар.

Ойдан құралған композициялық суреттер бірнеше денелерден құралуы керек (үш немесе бес) . Бұл композициялар МарХИ-дегідей тек геометриялық фигуралардан ғана емес басқа да формасы өзгеше денелерден құрастырылуы қажет. Алғаш мұғалімнің жетекшілігімен бірнеше эскиздер салынады. Солардың ішіндегі ең жақсысы тандап алынады да оны ары қарай толықтырып саламыз. Композиция мағынасы бар қызықты болуы шарт. Олар жаңа заманның сәулеттік нысанына жақындау келетіндей түрде салынса құба-құп.

2. Инновациялық композициялар (стилизациялы) (3-6 сур.) 2017 ж.

Осындай композициялар салдыру бұрындары болмайтын, тек затты көшіріп салудан әрі бармайтын. Сондықтан студенттің ойлау қабілетін дамытуға онша көңіл бөлінбейтін. Ал қазір жаңа инновациялық ізденістің арқасында студент сурет салудың түрлі жолдарын, түрлі техникасын игерді. Ең негізгісі күрделі ойлау қабілеті қалыптасып сан түрлі қиял-ғажайып композициялар ойлау жүйесі өрістеді.

Біртіндеп көп денелерден тұратын композициялар жолға қойылды. Мұндай композициялар студенттің фантастикалық ой жүйесін дамытып ғажайып өмірге енгендей болады. Содан адам танданарлық түрлі жобалық суреттер пайда болады. Студенттің ынтасы артып суретті тез салуға шабыттандырады. Сонымен қоса ғарыштық абстракциялы түйсік қабілетін ширата түсуде үлкен рөл атқарады.

Жаңа заманның ұлы сәулетшілерінің бірі жаңашыл сәулетші Йорн Утсон (Австралия) былай деген: Ғарыштық абстракциялы, инновациялық жаңа ойлар адамның қиялын тербеп жаңа жобалық суреттердің өмірге келуіне үлкен ықпал етеді.


Сәулеттік сурет көбінесе түрлі материалдармен салынады. Оларға рапидограф, тушь қалам, фломастер, түрлі түсті қарындаш тағы басқалар жатады. Бұл студенттің әр түрлі материалдармен салуды меңгеруіне зор септігін тигізеді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. *Величайшие архитектурные шедевры.* – М., 2016 г.
2. *100 архитектурных шедевров мира.* – М., 2014 г.
3. *Симмонис Г. Рисунок рапидографом.* – Мн., 2014 г.
4. *Берт Додсон. Ключи к искусству. Рисунка.* – Мн., 2014 г.




1-сурет




2-сурет




4-сурет



5-сурет



3-сурет



6-сурет

УДК 291.12
МРНТИ 14.35.05

Т.М. Степанская¹

*¹доктор искусствоведения, профессор,
зав. кафедрой истории отечественного и зарубежного искусства
ФГБОУ ВО Алтайский государственный университет,
г. Барнаул. Россия*

МУЗЕИ – ХРАНИТЕЛИ КУЛЬТУРНЫХ ТРАДИЦИЙ РЕГИОНА

Аннотация

В статье рассматриваются музейная и выставочная деятельность как система взаимодействий, как один из актуальных современных направлений научной мысли, гуманитарного знания. В подходе к вопросу музейного дела отмечается такая ценность, как реализация преемственности поколений, неизбывная связь времен. Автор на примере музеев острова Хоккайдо показывает одну из эффективных форм «малых» региональных (локальных) музеев.

Приводится ряд ученых разработавших теорию музейной коммуникации, рассматривавших культуру и выставку как диалогическое явление. Автор акцентирует о важности семиотического подхода в исследовании некоторых сторон деятельности музея, например, знаковой природы выставочной коммуникации, исходящей из знаковой природы предмета, экспозиции как текста и проблем восприятия и понимания. В статье перечисляются факторы тормозящие развитие туристской индустрии в регионах Сибири: нестабильность экономики, отсутствие крупных инвестиций со стороны как государства, так и частного капитала, неразвитая инфраструктура, недостаток высокопрофессиональных специалистов. Подчеркивается, что музей – важный духовно-эстетический туристский ресурс региона, в тандеме с общением, диалогом и интеграцией культур.

Ключевые слова: музейная деятельность, преемственность поколений, семиотический подход, экспозиция, выставочная коммуникация, мир общечеловеческих ценностей.

Аңдатпа

*Т.М. Степанская¹,
¹өнертану докторы, профессор,
Отандық және шетел өнері тарихы кафедрасының меңгерушісі
ФГБОУ ВО Алтай мемлекеттік университеті,
Барнаул қаласы. Ресей*

МҰРАЖАЙ – АЙМАҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ ҚҰРАМЫ

Мақала мұражай мен көрме іс-әрекеттерін ғылыми ойлаудың заманауи бағыттарының бірі, гуманитарлық білім ретінде өзара әрекеттесу жүйесі ретінде көрсетеді.

Мұражай бизнесі мәселесіне келер болсақ, ұрпақтардың мұрагерлігін жүзеге асырудың құндылығы, уақыттың ажырамас байланысы байқалады. Хоккайдо аралы мұражайының мысалында автор «кішкентай» аймақтық (жергілікті) мұражайлардың тиімді нысандарының бірін көрсетеді.

Бірқатар ғалымдар музей байланысы теориясын әзірледі, олар мәдениет пен көрмені диалогтық феномен ретінде қарастырды. Автор белгілі бір аспектілерін зерттеуде семиотикалық көзқарастың маңыздылығын атап көрсетеді, мысалы, субъектінің белгісінің табиғатынан туындайтын көрме қарым-қатынасының символдық сипаты, әсер ету мәтіні және қабылдау және түсіну мәселелері. Мақалада Сібір өңірлеріндегі туристік индустрияның дамуына кедергі келтіретін факторлар: экономиканың тұрақсыздығы, мемлекеттік және жеке капиталдан үлкен инвестициялардың болмауы, инфрақұрылымның дамымауы және жоғары білікті мамандардың жоқтығы келтірілген. Мұражай аймақтың рухани және эстетикалық туристік ресурстары, қарым-қатынас, диалог және мәдени интеграция секілді маңызды болып табылады.

Кілтгі сөздер: мұражай қызметі, ұрпақтың сабақтастығы, семиотикалық көзқарас, экспозиция, көрменің байланысуы, әмбебап құндылықтардың әлемі.

Annotation

T.M. Stepankaya¹,

*d¹. art history, professor, head. Department of History of Russian and Foreign Art
FGBOU VO Altai State University
Barnaul. Russia*

MUSEUMS – KEEPERS OF CULTURAL TRADITIONS OF THE REGION

The article reveals the museum and exhibition activities as a system of interactions, as one of the actual modern lines of scientific thought, humanitarian knowledge. In the approach to the issue of museum business, such value as the realization of the succession of generations, an inescapable connection of times is noted. The author on an example of museums of island of Hokkaido shows one of effective forms of "small" regional (local) museums.

Следует отметить, Ф. Зехниева основными участниками таких состязаний указала тоже только женщин. Несмотря на это, эти образцы в любом случае свидетельствуют о том, что «Гулбазм» тоже формально похожий с ним и это доказывает, что она берёт начало с тех самых периодов. Так как из всех вещей, которые аргументируют аналогичность «гулбазма» с прежними состязаниями, является другое указание Ф. Зехниевой. Она приводила следующее: «В песнопении женщины и мужчины принимают равное участие, если говорить по их собственному выражению, читают двустишия. Они владеют творческими способностями и повышенной памяти. И к каждому мгновению свадьбы сочиняют соответствующее двустишие или же Рубаи (четверостишия). Иногда сватья посредством вопросов и ответов между сторонами читает двустишия. Такой способ песнопения в южных местностях Таджикистана также занимает особое положение» [4,43].

Из сказанных Ф. Зехниевой необходимо сделать вывод, что эта форма состязаний в прежние года с настоящим «гулбазмом» имеет сходство по трём особенностям; двустороннее состязание, остроумности и сочинение стиха целиком и полностью на месте.

Кроме того, в течение последних лет автор статьи, занимаясь сбором и исследованием традиции «гулбазм», собрал богатый материал из различных городов и районов страны. Во время бесед по поводу свадебных празднеств, старейшина той или иной местности рассказывал, что раньше в девичьих вечерах проводились состязания песнопения и танцев, в которых участвовали только женщины и девушки. «Под шатром женщины и девушки со стороны невесты соревновались со стороной жениха. Одна из них била в бубен, а другие поочередно танцевали и напевали стихи. Помню, что на собственной свадьбе одна женщина со стороны жениха напевала вот эту песню:

*Чалам масалӣ, пуштаки чалам масалӣ,
Янгаҳой арус шиитиян ранги касалӣ.*

(Моё кольцо притча и её обратка тоже,
жёны братьев невесты сидят как больные)».
(Набиева М., село Бобои Вали, Файзабадского района, 1950 год).

Из рассказов говорящего исходит то, что способы и методы его острословия очень похожи с сегодняшним «гулбазмом». На этот счёт так же имеем пример, что записывали во время фольклорной экспедиции в деревне Галаба Фархарского района:

*Дар пуштаки тӯйхона кони намакай,
Касе, ки гула намегира, феълуи занакай.*

«Позади свадебного дома есть залежи соли,
кто не берёт цветок, у того характер женщины».

Если в строках первого стиха подвергается критике не выход женской половины со стороны невесты, то следующие строки являются выразителем критики парней со стороны девушек, то есть показывается их безучастие в «гулбазме», а содержание обоих стихов выражает одно и то же действие.

Как показывают наблюдения, именно этот момент проведения свадьбы в прежние годы очень похожи с нынешним обрядом «гулбазма». Однако называли ли его тогда именно «гулбазмом» или как-то по-другому, к большому сожалению, об этом до сих пор никто не давал никаких достоверных сведений.

Несмотря на то, что из прежних исторических источников не выявлены основополагающие сведения, но из приведённых примеров можно прийти к выводу, что «Гулбазм» является одной формой продолжения настоящего состязания, который в силу сложившихся обстоятельств и среды приобрела новую форму. В настоящее время состязание существует не только между женщинами, но и между молодыми парнями и девушками.

Список использованной литературы:

1. Аминов А. «Гулбазм» как социокультурное явление 90-их годов прошлого столетия. // Сборник научных статей. – Душанбе: Деваитич, 2007. [на тадж. яз.]
2. Амонов Р. Лирика таджикского народа. – Душанбе: Дониш, 1968. [на тадж. яз.]
3. Аюбзода С. Гулбазм. – Душанбе. Ирфон, 2003. [на тадж. яз.]
4. Зехниева Ф. Таджикские свадебные песни. Душанбе: Дониш, 1978. [на тадж. яз.]
5. Зехниева Ф. Церемонии таджикских свадеб. – Душанбе, 1991. [на тадж. яз.]
6. Кисляков Н.А. семья и брак у таджиков, по материалам конца XIX- начало XX века. М.: Изд-во АН СССР, 1959.
7. Рахимов Д. Таджикский фольклор. – Душанбе, Эчод, 2009. [на тадж. яз.]
8. Салохов Т., Сафаров О. Гулбазм. – Душанбе: Маориф, 2006. [на тадж. яз.]
9. Джумаев Р. Этнопоэтика свадебных обрядов таджиков Гисарской долины. – Душанбе, 2008. [на тадж. яз.]
10. Шарифова М. Свадебные ритуалы жителей Матчинского района. Душанбе, 2005. [на тадж. яз.]

УДК 7(092)
МРНТИ18.31.09

С.А. Шкляева¹

*¹канд. искусствоведения, профессор КазНАИ им. Т.К. Жургенова,
г. Алматы, Казахстан*

«ВЫСКАЗАННАЯ РЕФЛЕКСИЯ» В ТВОРЧЕСТВЕ С.БАШИРОВА

Аннотация

Ювелирное творчество Сержана Баширова отличается от практик казахских художников особым направлением создания композиций, навеянных произведениями исторических эпох, визуальными сравнениями и собственными впечатлениями.

В статье рассмотрены пространственные формы арт-объектов, выполненные художником в начале XXI века. Проведенный анализ работ Баширова позволяет отметить концептуальные способы трансформации образов реальности благодаря знаковой символике, текстовому дискурсу названий, смысловым акцентам, колористическим и формальным сопоставлениям и применению ювелирных технологий.

Ключевые слова: пространственные арт-объекты, авторская позиция, художественная система, символические знаки, этнические смыслы.

Аңдатпа

С. А. Шкляева¹

¹ өнертану кандидаты, Т.Қ.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА профессоры,
Алматы, Қазақстан

С. БАШИРОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ «АЙТЫЛҒАН РЕФЛЕКСИЯ»

Сержан Башировтың зергерлік шығармашылығы өзге қазақ суретшілері тәжірибесінен композиция құру барысындағы ерекше бағытымен, тарихи дәуірдің жаңаланған туындыларымен, визуалды салыстыруымен және өзіндік әсерімен өзгешеленеді.

Мақалада ХХІ ғасыр басындағы суретшінің орындаған арт-объекттеріндегі кеңістіктік пішіні қарастырылады. Башировтың жұмыстарына жүргізілген талдау таңбалық символиканың арқасында шынайы трансформациялық бейнелердің концептуалды әдістерін, мәтіндік дискурс тақырыптарын, мағыналық екпінін, түстүзілімі мен формальды сабақтастығы және зергерлік әдіс-тәсілді қолдануы ерекше бағалауды қажет етеді.

Кілт сөздер: кеңістіктік арт-объекттер, авторлық ұстаным, көркемсурет жүйесі, символикалық таңбалар, этникалық мағыналар.

Abstract

Shklyayeva S.A.¹

¹ candidate of Art Studies, Professor of department of “History and Theory of Fine Arts”
T. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts,
Almaty, Kazakhstan

“THE EXPRESSED REFLECTION” IN THE ARTWORK OF S.BASHIROV

Inspired by works of historical eras, visual comparisons and his own impressions, Serzhan Bashirov's intricate artwork differs from Kazakh artists in special direction of compositions creation.

The article describes the spatial forms of art objects created by the artist at the beginning of the XXI century. The analysis of Bashirov's works allows one to highlight the conceptual ways of reality images transformation by virtue of symbolics, text discourse of names, semantic accents, coloristic and formal comparisons as well as the use of jewelry technologies.

Key words: spatial art-objects, author's position, artistic system, symbolic signs, ethnic meanings.

Сержан Баширов известен как художник-ювелир, автор арт-объектов не только в Казахстане, но и далеко за рубежом: Америке, Англии, Франции, Германии, России и т.д. К его активной повседневной художественной практике можно отнести коллекционирование произведений народного искусства (украшения, текстиль, дерево, металл, кожа и т.д.), преподавание на кафедре прикладного искусства в Казахском национальном университете искусств (Астана).

Творческий путь С. Баширова начался в первой половине 1980-х годов. Тогда он стал одним из тех художников, чье пристальное внимание было обращено на богатейшее наследие казахского народного ювелирного искусства. Художник смело интерпретировал образы традиционных украшений, развивая свой индивидуальный стиль, отличный от творчества других казахстанских ювелиров.

Собирая для своей коллекции изделия народных ремесел в разных областях Казахстана, аулах, подчас весьма удалённых от шумных городских центров, С.Баширов изучает стилистические региональные отличия украшений, цветовую палитру, семантические значения и специфические особенности крепления и монтажа изделий. Его самостоятельные тщательные исследования оказали огромное влияние на выбор мотивов, композиций, технологий и характер исполнения украшений. Многие символические фигуры: спираль, крест, квадрат, круг, часто встречающиеся в авторских украшениях художника, – дошли до наших дней благодаря сохранившейся металлопластике индоевропейцев эпохи бронзы и железа, искусство которых на территории Казахстана изучается археологами. Художник, имея образование скульптора, по-новому относится к тактильной роли металла в украшениях: он не вызывает ощущения видимости жесткого сопротивления в обработке, либо условности штампа или упрощённости литья в форме. Разнообразные элементы украшений чаще всего имеют характер подобия спирали, извилистых объёмных жгутов, закрученных по концам скобочек и т.д.; размещённые в разных координатах, они создают пластическое богатство необычных форм украшений.

В конце 1990-х годов С.Баширов обращается к практике создания объемных пространственных арт-объектов, выполненных из разных материалов, и в 2000-х годах она становится ведущим направлением в творчестве художника, как в выполнении женских украшений (которые у него, по сути, те же мини арт-объекты), так и изготовлении авторских концептов.

В арт-объектах художника зрительное восприятие образа через дискурс названия и визуальное сравнение открывает неоднозначный смысл композиционного построения, цветовых и формальных сопоставлений.

Сложно построен ассамбляж *Керулен* (2002; Керулен – название реки в Монголии), в многоярусном построении которого каждая горизонталь композиции имеет свой символический смысл. Длинная верхняя металлическая трубка напоминает *уык* – купольную жердь юрты или *курук* (урга – монг. яз.) – приспособление для ловли лошадей. На втором ярусе – металлической капсуле, деформированной вмятинами, – очевидно, ассоциативном образе течения времени, в центре расположена символическая фигура четырёхосной свастики с завитками – древнего солярного знака. С правой стороны от неё находится бирюза неправильной формы в оправе – любимый камень Востока, символ победы; спираль – знак бесконечного развития; с левой – три окружности, числовой символ гармонии мира.



Керулен. Серебро, латунь, сердолик, бирюза, кожа. 12 x 11. 2002. Фото Карла Бетхама

Третий ярус представляет орнаментированную семичастную круглую розетку (7–универсальный символ небесного и земного) со спиралью – солярный знак; четвертый – натянутый фрагмент патинированной кожи, картографическое подобие рельефа местности; пятый – плоские подвески неправильной формы, очевидно, символы плодородия растительного мира. Все элементы композиции являются смысловыми доминантами народной культуры, вобравшей духовное наследие этносов многих исторических эпох. Ярусы закреплены двумя вертикалями, которые можно трактовать как вполне символические элементы устремлённости вверх.

В инсталляции *Ковчег* (2010) привычный образ ветхозаветного строения заменен художником динамичной фигурой водного чудовища с огромным глазом и открытым ртом, из которого торчат вертикальные «антенны» с белым «полотнищем-индикатором» и размещённой на нём серебряной плакеткой, отмеченной тремя символическими спиралями. Автор предлагает по-новому представить события сюжета, изложенного в библейской истории. Использование латуни в слитке необычной формы, напоминающей некую допотопную сущность, и дополнение композиции ассоциативными элементами становится творческим методом художника.



Ковчег. Кость, латунь, медь, серебро, бирюза. 20 x 12 x 5. 2010. Фото Карла Бетхама


Пластические вариации объёмных пространственных ассамбляжей одной темы сегодня С.Баширов объединяет в делящиеся серии произведений. Ассамбляжи художника *Город в степи*, *Казахский текстиль* и другие внешне напоминают некоторые опыты художников исторического авангарда (Владимир Татлин, Hans Arp и др.) и новейших течений (Bill Woodrow, Tony Cragg и др.), в которых очевидны бунтарский дух творчества первой половины XX века, «культурный номадизм» и проблемы восприятия в искусстве постмодернизма. Однако при более тщательном рассмотрении работ художника ощутимы другие послы, истоки и авторская позиция.

В ассамбляже из серии *Казахский текстиль* (2013) художник создаёт обобщённые образы казахского народного тканого ковра *алаша* с параллельной горизонтальной ритмичностью и орнаментальными упорядоченными мотивами-графемами, явно несущими смысл сравнения способа организации древнейшей знаково-орнаментальной письменности и современного алфавитного письма. Наложение прямоугольных фигур с закруглёнными краями, выполненных в серебре с филигранным обрамлением и цветной коже в сдержанном колорите, на деревянную доску, расцвеченную прямоугольниками, напоминающими абстрактные опыты Пита Мондриана, основателя неопластицизма, создаёт определённое наслоение смыслов, визуальную диалогичность широко распространённого коллективного и уникального личного духовного опыта. О тактильной рукотворности народного искусства напоминает фактура удлинённых резов полукруглой стамеской – повторяющегося приёма художника.



Из серии *Казахский текстиль*. Дерево, латунь, кожа, резьба, роспись. 40x40. 2013. Фото Карла Бетхама

К этой же серии принадлежит работа *Сырмак* (2012), выполненная в металле, – авторское подтверждение незыблемости значимости выработанного веками канона, повторяемого из поколения в поколение. Устойчивая композиционная основа войлочных ковров *сырмак*, становится символом приверженности к родной культуре.



Из серии *Казахский текстиль*. *Сырмак*. Медь, мельхиор, вышивка, чеканка. 30 x 40. 2012.
Фото Карла Бетхама

В ассамбляже *3 знака* (2016), на фоне протяжённого прямоугольника, собранного из трёх тонированных досок, расположены «следы» действительного присутствия человека. Так, в верхней части работы находится частично обтёсанная ветвь. Внизу – широкая доска с белыми окрашенными торцами и полосой в центре (река жизни?), выделенной фактурой продолговатых обожженных резов. Вертикально и наклонно поставлены разные брусочки дерева, олицетворяющие, видимо, разные периоды жизни. Между ними находятся круглые латунные медальоны с гравированным декором –

их также три. Неравнозначные круглые фигуры, сгруппированные по три, повторяются в различных местах ассамбляжа и отсылают к архаичной символике соляного знака и известной семантике числа три, одному из архетипов, объяснённых К. Юнгом, и обозначающему гармонию мира. В народной культуре казахов известны метафорические смыслы цвета: белый (ак) – священный; желтый (сары) – цвет солнца; синий (кок) – цвет неба божественного Тенгри.



3 знака. Дерево, латунь. 20 x 45. 2016. Фото Серикжана Искакбека

Пережитые в воспоминаниях художника вербальные мифологические и реальные визуальные образы – дискретные объекты – переданы в композиции символическими знаками.

На несущей массивной горизонтали ассамбляжа из серии *Город в степи* выстроены современные образы-оппозиции архитектуры столицы Казахстана – Хан Шатыр, произведения всемирно известного Норманна Фостера, административных, торгово-развлекательных центров и жилых небоскрёбов с фактурными изысками, выполненными в авторской ювелирной технике – основе постмодернистского творчества художника.



Из серии Город в степи. Серебро, красное дерево, латунь, перламутр. 25 x 40. 2015. Фото Серикжана Искакбека

В другом объёмном ассамбляже на эллипсовидном фрагменте, покрытом листами прочеканенной меди и латуни с неровными зубатыми краями, напоминающими линии гор, художник создает образ, впечатление горного ландшафта южной столицы с ярким солнцем – знаком спирали и лучей, встречающимся в разных женских украшениях Сержана.

Вобрав формальный опыт создания арт-объектов мирового искусства, С.Баширов вносит в свое творчество этнические смыслы, обращая наше внимание на национальную историю, мифологию и современность народа. Художник трансформирует образы окружающего мира своими концептуальными способами – знаковыми и символическими подобиями, применяя в композициях визуальных пространств арт-объектов унаследованное от народа ювелирное мастерство.

ЭОЖ 5527
МРНТИ 18.01.13

С.Б. Бодан¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ,
6М010700–Бейнелеу өнері және сызу мамандығының 1 курс магистранты

ӘУЛИЕЛЕРДІҢ МАЗАРЛАРЫ МЕН КЕСЕНЕЛЕРІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ НЫСАНДАРЫ РЕТІНДЕ

Аннотация

Мақалада Қазақстанның атақты және аса құрметті адамдарының белгілі сәулет ескерткіштері – кесенелері қарастырылады. Қазіргі кезде Қазақстан картасы салттық нысандарға толғаны жалпақ жұртқа мәлім болған. Оларды зерттеу және халық арасында, әсіресе қазақстандық жастар арасында түсіндіріп тарату бүгінгі таңда қазіргі әлеуметтік мәдениеттің өзекті міндеттерінің біріне айналуға бастады. Салттық жерлер арасында Алаш хан, Арыстан баб, Қожа Ахмет Яссауи, Бекет ата, Бес Ата кешені, Айша бибі және Бабажы қатын сияқты әйгілі адамдардың кесенелері ерекше орынға ие болып тұр. Бұл жерлер қазіргі күнге дейін халықтың белсенді қажылықтың нысаны болып табылады.

Кілт сөздер: сәулет ескерткіштері, Қазақстан, кесене, салттық жерлер, жастар.

Аннотация

С.Б. Бодан¹

¹магистрант 1 курса специальности 6М010700 – Изобразительное искусство и черчение
КазНПУ им. Абая

МАЗАРЫ И МАВЗОЛЕИ СВЯТЫХ КАК САКРАЛЬНЫЕ ОБЪЕКТЫ КАЗАХСТАНА

В статье рассматриваются знаменитые архитектурные памятники – мавзолеи известных и особо почитаемых людей Казахстана. Сейчас широкая общественность уже знает, что карта Казахстана усыпана сакральными местами. Их изучение и популяризация среди населения и особенно казахстанской молодежи становится сегодня одной из актуальных задач современной социокультуры. Среди сакральных мест особое место занимают мавзолей знаменитых людей таких как: Алаша хан, Арыстан баб, Ходжа Ахмета Яссауи, Бекет Ата, комплекс Бес Ата, Айша биби и Бабаджи хатун, которые являются объектами активного паломничества населения до сегодняшнего дня.

Ключевые слова: архитектурные памятники, Казахстан, мавзолей, сакральные места, молодежь

Abstract

S.B. Bodan¹

¹graduate student of one course of specialty 6M010700 – The fine arts and drawing of KAZNPU them Abay

MAZARA AND MAUSOLEUMS OF SAINTS AS SACRED OBJECTS OF KAZAKHSTAN

In article are considered the well-known architectural monuments – mausoleums of the famous and especially esteemed people of Kazakhstan. Now the general public already knows that the map of Kazakhstan is covered with sacral places. Their studying and promoting among the population and especially Kazakhstan youth becomes today one of relevant problems of a modern sociocultural. Among sacral places, a specific place is held the mausoleum of the famous people such as: Alasha khan, Arystan bab, Hodzha Ahmet Yassaui, Beket Ata, complex Bes Ata, Aisha Bibi and Babadzhi hatun, which are objects of an active pilgrimage of the population till today.

Keywords: architectural monuments, Kazakhstan, mausoleum, sacral places, youth

Мазарлар, әсіресе әйгілі адамдардың далалық ойкуменалары қазақтар үшін қашанда ерекше қастерлеу мен табынудың орны болған, және бұл қастерлеуді халық жадысынан кеңес дәуірінің дәстүрлері де, ХХІ ғасырдың жаһандану үдерісі де өшіре алмады. Қазақстан ғалымдарының, мамандары мен жалпақ жұртының осы салттық география мәселесіне жаппай көңіл аудару тек соңғы бірнеше айда ғана байқалып отыр деп айтуға болады. Бұл факт ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың концептуалдық мақаласымен [1] өзектендіріледі, мұнда қазіргі қазақстандықтардың қоғамдық

санасын жаңғыртудың негізгі тұстары айқындалған. Сондықтан қазіргі таңда елімізде салттық нысандар, олардың кеңістікте орналасу ерекшеліктері туралы материалдарды жинақтау, оларға ұқсас нысандармен салыстыру, талдау бойынша белсенді жұмысты жүргізетін «Салттық Қазақстан» Орталығы ашылды, және мамандардың жинаған деректері негізінде Қазақстанның Салттық географиясының картасы әзірленеді.

Сонымен қатар Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты «Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштері» ГИС-порталын құру» жобасын жүзеге асыруда. Бұл порталға Қазақстанның археологиялық ескерткіштерінің, оның ішінде халықтың түсінігінде *әулие* мәртебесіне ие болған ескерткіштерінің барлық санаттары бойынша мұрағаттық және библиографиялық ақпарат жинақталған. Қазақстанның салттық жерлерін кеңінен тарату үшін мамандар әзірлеген онлайн-платформалары үлкен әлеуетке ие болмақ. Онлайн-платформаларының мақсаты Қазақстанның салттық жерлері бойынша білімді көпшілікке тарату болып табылады.

Қазіргі кезде Қазақстан картасы салттық нысандарға толғаны жалпақ жұртқа мәлім болған. Оларды зерттеу және халық арасында, әсіресе қазақстандық жастар арасында түсіндіріп тарату бүгінгі таңда қазіргі әлеуметтік мәдениеттің өзекті міндеттерінің біріне айналууда. Салттық жерлер арасында Алаш хан, Арыстан баб, Қожа Ахмет Яссауи, Бекет ата, Бес Ата кешені, Айша бибі және Бабажы қатын сияқты әйгілі адамдардың кесенелері ерекше орынға ие болып тұр. Бұл жерлер қазіргі күнге дейін халықтың белсенді қажылықтың нысаны болып табылады.

Қазақтарда салттық Білімдер қашанда ең маңызды және құнды болып табылған. Осы Білімде халықтың бүкіл күш-қуаты, өмірге қабілеттілігі жинақталған. Үлкендер ата-бабаларының алдындағы өз жауапкершілігін түсіне отырып, отбасы және отбасылық құндылықтар арқылы Білімді кішілерге жеткізіп отырды. Бұл үшін арнайы кітаптар да, жазба тақталары да және бұрама қағаздары да болмаған. Қазақ халқының салттық білімнің ішінде *аруаққа* және *әулиелерге* табыну ерекше орынға ие.

Қазақстанда белсенді қажылық жасайтын орындардың бірі Алаш хан кесенесі болып табылады. Бұл кесене Қара Кеңгір (Қарағанды облысы) өзенінің сол жағалауында орналасқан. Қабір XIII ғасырдың бірінші жартысында қойылған. Кесене күйдірілген төрт бұрышты кірпіштен жасалған, оның порталды-күмбезді құрылымы бар.

Жоспарда Алаш ханның кесенесі 9,73×11,9 м өлшемдегі тік төрт бұрыш пішіні, биіктігі 10 м. Терезе мен есіктерін рәсімдеу үшін ағаш пайдаланылған. Бас қасбетінің ортасында қос қақпалы есік бар, содан кейін тереңдетілген екі түсті жолағымен көмкерілген және әшекейлі кірпіштермен безендірілген терең қос арқалы текше бар. Қасбетінің екі жағынан да алты қырлы бағаналар орнатылған, олардың әрқайсысы үш жартылай шарға сүйеніп тұрады, оның екеуі – тұтас болса, үшіншісі бағананың тіреуіші болып табылады. Мұндай стиль Орталық Азияның сәулетінде сирек кездеседі. Қазір кесененің алдында табынушы жандар үшін қосалқы үй-жайлар орнатылған.

Қазақтардың исламизациясында суфий уағызшыларының рөлі ерекше болған. Арслан баба (Арыстан баб) шейхтың есімімен бүкіл мұсылман әлемінде аса ардақты кесенелердің бірі байланысты. Мысалы, Қазақстанда XV-XVIII ғғ. Сопылықтың таралуы өткеннің рухани мұрасымен түйіскен жерінде орын алған. Ортодоксальдік ислам үшін әулиелерге табыну суфий тәжірибесінде дамып, тәңірлік және сопылықтың рухани тәжірибесінің синтезінің нәтижесі болып табылады. Ертедегі орта ғасырлардан бері кейіннен қазақ халқының құрамына енген тайпалар арасында бабаларға табынушылық, оларға қамқор болатын аруақтарға табынушылық кеңінен таралған [1, 241-243 б.].

Г.П. Снесарев атап көрсеткендей: «Мұсылмандардың әулиелерге табыну – Орта Азиядағы діни өмірдің аса ерекше құбылыстардың бірі – ресми діннің бөлігі болып танылған табынудың мұсылмандыққа дейінгі өмір қалдығын сақтаудың аса күрделі бөлігі» [2, 266 б.].

Аңыздардың бірі бойынша Арыстан баб Мұхаммед пайғамбардың серіктесі болған екен. Қаншама ғасырлар өтсе де, қажылыққа барушылар киелі жерге келе салысымен, Қожа Ахмет Яссауидің мұғалімі, рухани тәлімгері Арыстан бабтың кесенесіне барып қайтады. Ол Шымкент қаласынан 150 километрде, ерекше жерден, көне Отырар қаласына жақын жерде орналасқан.

Кесене 1982 жылдан бастап мемлекеттің қорғауында. Өкінішке орай, бұл сәулет ескерткішін салу тарихы жоғалып кетті: ешқандай шынайы дереккөздері, жазбалар, хронология сақталмаған, сондықтан біз тек қиялымызды қосып, аңыздарға сүйеніп, бұрын бұл жер қандай болған екенді елестету қалды. Арыстан баб он жыл шамасында Қожа Ахмет Яссауиге ислам дінін үйреткен.

Ол қайтыс болғаннан кейін сол кезде билік еткен Әмір Темірдің бұйрығымен 14 ғасырда Арыстан бабтың кесенесін салуға бастады.

Қожа Ахмет Яссауидің құрметіне салынған сәулет ансамблі өзіне қызмет жаңынан әр түрлі жайларды: гурхана (қабір), мешіт және т.б. біріктірді. Осылайша, «Үлкен Ақсарай» сарай залында диуаналардың жиналыстары мен шетел елшіліктерімен келіссөз жүргізілді. Кіші Ақсарай табыт болып табылған: 1431-1917 жылдары мұнда аса құрметті адамдарды жерлеген.

Көне жазбалардың үлкен жинақтамасын қамтитын кітапхана ислам дінінің қағидаларын оқытатын медресе ретінде де пайдаланылған. Кесененің жанында шаруашылық кешен: қажылыққа келгендер үшін салттық тағамдарды дайындайтын асхана, және қасиетті суы бар құдық орналасқан құдықхана.

Осы жайлардың барлығы қазандықтың – ең үлкен салтанатты залдың айналасында топтастырылған. Оның ортасында суға арналған үлкен қазан Тай қазан орнатылған. Аңыз бойынша Тай қазанның салмағы екі тонна, ол жеті металлдың қоспасынан: мырыш, қорғасын, темір, қалайлы, күміс, қызыл мыс пен алтыннан жасалған. Қазан өсімдік оюлармен және арабтың өрме жазуымен безендірілген, ал оның он құлағы лотос гүлі түрінде орындалған. Тостағанда жасалған жазулар қазанның 1399 жылы Темірланның бұйрығымен Ираннан келген Абдулғазиз ибн Шарафутдин шеберімен жасалғандығын баяндайды.

Кең зал көгілдір түсті үлкен күмбезбен жабылған. Ғимараттың түбінде басты жай – Қожа Ахмет Яссауидің қабірі орналасқан. Жоспарда айқара тәріздес залдың ортасында иректүтікті плиталармен көмкерілген құлыптас орнатылған. Бұрыштық гүлдасты және құлыптастың ернеуі призма тәріздес фигуралармен («сталактит») безендірілген. Бұл кесене бірегей сәулет ескерткіші ғана емес, халықтың «күшінің орны», рухани күші жиналған жері. Сондықтан мұнда жыл бойы адамдар қажылыққа келеді. Қажылыққа адамдар әлемнің түпкірінен келеді.

Қазақстандықтардың басқа салттық орны – бұл Бекет атаның сәулет кешені болып табылады. Бекет атаның жер асты мешіті Маңғыстау облысындағы Оғланды деген жерінде орналасқан. Бұл сәулеттің ескерткіші XVIII ғасырда салынған. Бекет ата ескерткіші киелі жер, ол маңыздылығы жағынан Қожа Ахмет Яссауидің кесенесімен бір қатарда тұратын мазар болып табылады. Екі ғасыр бойы мұнда әулиеге табыну үшін жан-жақтан адамдар келеді. Бекет ата Болмыстың кітабы мәлім болған болжамшы және пайғамбар ретінде белгілі еді. Сондай-ақ ол емші, физиканың, математиканың, астрономияның заңдарын білетін адам ретінде әйгілі болған.

Дана және әулие адам қалмықтармен шайқаста ерлік жасаған жауынгер ретінде де халықтың жадысында қалған. Ол өзінің Есет-батыр бабасы сияқты алып күшімен және батылдығымен ерекшеленді. Әулие Бекет ата шамамен 1813 жылы қайтыс болды, ол өзі салған жер асты мешіттің жанында Оғланды шатқалында қойылды. Оғланды шатқалының биігінде «көгілдір күмбезді үй» деп аталатын қажылыққа келушілердің үйі бар.

Бекет атаның қорымы – рухани, тарихи және сәулет ескерткіші, жолы қиындығына қарамастан, ол көпшілік қажылықтың орны болып табылады. Әулие Бекет атаның қабіріне және мешітке кіріп шыққаннан кейін діндарлар емделіп шығады екен. Жартастың ортасында ойылған мешіттің бөлмелері Хеопс пирамидасындағы бөлмелердің орналасуын қайталайды деген мағлұмат бар. Сарапшылардың болжамы бойынша, бұл ұқсастық сопылықтың символикасы ежелгі заманның, оның ішінде мысырлық абыздардың мистикалық символдарын өзіне қабылдағанымен байланысты болды.

Жетісу аймағында атышулы Бес ата кешені бар. Халық арасында оны *әулие* деп атау әдетке айналған. Мазарлар бір-біріне жақын орналасқан. Әйгілі Сүйінбай ақынның кесенесі Қаракестек ауылының жанында орналасқан. Ақынның заманауи мазары қызыл кірпіштен салынған, оның биік күмбезі бар, қабырғасында Сүйінбайдың тотемі деп есептелінетін қасқырдың бейнесі кіріктірілген. Халық арасында Сүйінбай өзінің өлеңдерін жазғанда қасқырды жиі көретін деген аңыз бар. Кесененің шырақшы деп аталатын, ұлы ақынның ұрпақтарының бірі өзінің қорғаушысы бар. Шырақшының үйі кесенеге жақын орналасқан. Шырақшы үйінің есігі бәріне ашық.

Сүйінбайдың мазарының жанында оның оқушысы, ұлы ақын Жамбыл Жабаевтың қабірі бар. Оның жанында ақын өмірінің соңғы жылдарында мемлекеттен алған он екі бөлмелі мұражай-үйі де бар. 1974 жылы ашылған мұражай-үйінде ақынның жеке заттары, музыкалық аспаптар, контрамарка пеші, телефон, ыдыс-аяқ сақталған. Кейінгі жылдары үйге жалғастыра жай салынған еді. Онда

фотосуреттер, құжаттар, кітаптар және басқа да көркем шығармалары сақталады. Жамбылдың мұражай-үйіне және мазарына қажылық жасаушылар және туристтер көп келеді.

Сарыбай бидің кесенесі тура жолдың жанында салынған. Үш бағанадан тұрады, ал үстінде көк түсті күмбез орнатылған. Әйгілі би Қокан шапқыншыларына қарсы халықтық азаттық жолындағы күрес кезінде танымал болды. Халық арасында Сарыбай би әділ би ретінде танылған. Оның атақты қанатты сөздерінің бірі «Сабыр түбі – сары алтын». Сарыбай бидің досы және серіктесі Қайназар ата болды. Аты аңызға айналған жауынгердің кабірінің де шырақшысы бар, ол келушілерге дұғаларын оқиды.

Ұлы бақсы Түктібай атаның мазары да хикметті болып табылады. Мазардың өзі алып күмбезі түрінде шыныдан жасалған. Түктібай ата XVII ғасырдың соңында өмір сүрген, ол қобызда ойнап, жындарды қуып шығатын. Оның туысқандары шырақшылары әлі күнге дейін оның қобызын сақтап келеді.

Айша бибі және Бабажы қатынның кесенелері де халық арасында, әсіресе әйелдер мен жас жұбайлар арасында өте танымал болып келеді. Халықта бұл кесенеге той болған күні келсе, онда еш жанжалсыз, ажырасусыз ұзақ және бақытты өмір сүреді деген аңыз бар.

Айша бибі кесенесі Қазақстанның және Орта Азияның сәулет-құрылыс мәдениетінде оған ұқсас мазар жоқ, XII ғасыр сәулетінің бірегей және өте тартымды ескерткіші болып табылады. Кесене 60 түрлі оюлармен безендірілген әдемі терракота тасымен қапталған. Кесененің өзі жеңіл және көрікті болып көрінеді.

Кесене Жамбыл облысында Тараз қаласынан 18 км қашықтықта орналасқан. Ол Ақыртастан оңтүстігіне қарай керуен өтетін жолының жанында салынған Қарахандық дәуірдің орта ғасырлық сәулетшіліктің жауһары болып табылады. Аңыз бойынша Қараханның көне билеушісі өзінің сүйіктісі Айша бибінің құрметіне кесене салған екен. Ол отбасына қарсы шығып, өз сүйікті жігітімен болуы үшін бәріне де дайын болған, бірақ ол жыланның шағуынан қаза болады. Айша бибінің жанында халық арасында айрықша қасиеттерімен танымал болған оның бала күтушісі Бабажы қатын жатыр. Оның кесенесі қарапайымдылығымен, сәулет құрылысымен және пішіндерінің әсемділігімен ерекшелінеді. Көлемді композицияның тұрақтылығы мен оны тастан жасалған төсеніші бар іргетасында орнату арқасында кесене осы күнге дейін сақталып қалды. Оның текше ғимараты көп қырлы қабырғада орнатылған шатырлы он алты қырлы конус пішінді күмбезбен көмкерілген; қасбеттің қабырғаларының жазықтығы жерге тимейтін текшелермен және бейнелі қалаумен безендірілген.

Қазақстанның салттық жерлері деп атауға толық құқығы бар атақты мазарлар мен кесенелерге осындай қысқа шолу жасалды. Бұл жерлерді халықтың өзі таңдайды, сондықтан салттық нысандарға табынуды мамандар рухани тәжірибеге, ұлттық дүниетанымының өзегіне жатқызады. Кез келген халықтың және кез келген елдің салттық орындары халықтың ұлттық бірегейлілігі мен руханиятты сақталуының дереккөзі, символдық қорғауы болып табылады. Сондықтан бүгінгі таңда Қазақстанның салттық орындарын жастар арасында дәріптеу өте маңызды болмақ.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақстан тарихы (ежелгі кезеңнен бастап қазіргі күнге дейін). 5-томдық. Т.2. /Томның редакция алқасы: К.М. Байпақов, М.К. Қозыбаев, Б.Е. Көмеков, К.А. Пищулина. – Алматы: «Атамұра», 1997.*
2. *Снесарев Г.П. Хорезм өзбектерінің мұсылмандыққа дейінгі нанымдары және салттарының реликтері. – М.: Наука, 1969. – 336 б.*

V БӨЛІМ. БАСТАПҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ

РАЗДЕЛ V. НАЧАЛЬНАЯ ВОЕННАЯ ПОДГОТОВКА

ӘОЖ – 378.147
МРНТИ 14.35.05

С.Тәукейұлы¹, Қ.А. Құлатаев²

*¹П-Ұ және БӘД кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы қ., Қазақстан*

*²аға оқытушы, подполковник запаса, П-Ұ және БӘД кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы қ., Қазақстан*

ЖАРЫЛМАЙТЫН ИНЖЕНЕРЛІК БӨГЕТТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДАН ӨТУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада бірде – бір әскери мәселе инженерлік қамтамасыз етуді шешілмейді. Олар шабуылда әскерлердің жылжуын қамтамасыз етеді, жолдар мен көпірлер салады, сулы тосқауылдардан өту құралдарын жабдықтайды, қарсыластың бөгеттеріне өткелдер жасайды, жергілікті жерді минадан тазалайды. Қорғаныста қорғаныстық және позицияларды тұрғызады, бөгеттер жасайды. Қазіргі заманғы ұрыста инженерлік бөгеттер бөлімшелердің ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуде бұрынғысынан маңызды рөл атқаратын болады.

Инженерлік бөгеттер әскерлердің ұрыс қимылдарының барлық түрлерінде қолданылады, оларды табиғи бөгесіндермен ұштастырып атыс жүйесінде әскердің іс-қимылыменде тығыз ұштастырып командирдің шешімімен сәйкес жасайды.

Ұрыс кезінде инженерлік әскерлер инженерлік барлау жүргізеді, басқару пункттерін жабдықтайды, миналандырылған жерден өтуге жол салады және минасыздандырады, өткелдерді ретке келтіреді, қарсыластың ядролық шабуылының зардаптарын жоюға қатысады және т.б. міндеттерді орындайды. Оқушыларды жарылмайтын инженерлік бөгеттермен таныстыру, танып білу. Оқушылардың әскери білімдерін арттыру және Қазақстандық патриотизмге баулу, оқушылар арасында шынайы әскери достықты нығайту.

Кілтгі сөздер: инженерлік әскерлер, бөгеттер, жарылмайтын бөгеттер.

Аннотация

С.Тәукейұлы¹, Қ.А. Құлатаев²

*¹к.м.н., заведующий кафедры Института искусств, культуры и спорта при КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан*

*²старший преподаватель Института искусств, культуры и спорта при КазНПУ имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

НЕВЗРЫВНЫЕ ИНЖЕНЕРНЫЕ ЗАГРАЖДЕНИЯ И СПОСОБЫ ИХ ПРЕОДОЛЕНИЯ

Инженерные заграждения предназначены для задержания продвижения противника, затруднения его маневра, нанесения ему потерь в живой силе и технике, создания наиболее благоприятных условий своим войскам для поражения противника всеми видами оружия. Инженерные заграждения применяют во всех видах боевых действий войск, устраивают их в соответствии с решением командира, в сочетании с естественными препятствиями, в тесной увязке с системой огня и действиями войск. Создают инженерные заграждения по рубежам (перед позициями войск) и по направлениям; они должны быть неожиданными для противника, устойчивыми ко всем видам огневого воздействия и не стеснять маневра своих войск.

Противотанковые и противопехотные невзрывные заграждения применяют самостоятельно, в сочетании одно с другим, их можно усиливать минно-взрывными заграждениями и средствами сигнализации.

Результатом обучения по теме является умение выпускника инициативно и грамотно выполнять свои должностные обязанности в повседневной жизни на уровнях, определенных квалификационной характеристикой.

Ключевые слова: инженерные войска, заграждения, боевые действия, невзрывные заграждения, местность.

Abstract

S.Taukeyuly¹, K.A. Kulataev²

¹Head of the Department of Teachers-Organizers and CWP, Ph.D., KazNPU named after Abay, Almaty, Kazakhstan

²senior teacher, lieutenant colonel, the department of theories and methodology Initial Military Preparation. KazNPU of the name of Abay Almaty, Kazakhstan

ENVIRONMENTAL ENGINEERING OBLIGATIONS AND METHODS OF THEIR OVERCOMING

Engineering barrages are intended for detention of advancement of opponent, difficulty of his manoeuvre, causing to him losses in manpower and technique, creations of the most favorable terms to the troops for the defeat of opponent all types of weapon. Engineering barrages are applied in all types of battle actions of troops, arrange them in accordance with the decision of commander, in combination with natural obstacles, in the close tying up with the system of fire and actions of troops.

Create engineering barrages on borders (before positions of troops) and on directions; they must be unexpected for an opponent, steady to all types of fire influence and not to put restraint the manoeuvre of the troops.

Anti-tank and antipersonnel non-explosive barrages apply independently, in combination one with other, they can be strengthened by mine-explosive barrages and facilities of signaling.

The result of educating on the topic is ability of graduating student of speciality initiative and literate to execute the position requirements in everyday life on levels certain qualifying description.

Key words: engineer troops, obstacles, unexploded explosions.

Инженерлік әскерлер. Бірде-бір әскери мәселе инженерлік қамтамасыз етуді шешілмейді. Олар шабуылда әскерлердің жылжуын қамтамасыз етеді, жолдар мен көпірлер салады, сулы тосқауылдардан өту құралдарын жабдықтайды, қарсыластың бөгеттеріне өткелдер жасайды, жергілікті жерді минадан тазалайды. Қорғаныста қорғаныстық және позицияларды тұрғызады, бөгеттер жасайды. Қазіргі заманғы ұрыста инженерлік бөгеттер бөлімшелердің ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуде бұрынғысынша маңызды рөл атқаратын болады [1].

Алдымен инженерлік бөгеттерге тоқталсақ. Сонымен, инженерлік бөгеттер ұрыс алдында немесе оның барысында қарсылас әскерінің жылжуын тоқтату не тежеу үшін қойылатын немесе жасалатын инженерлік құралдар мен құрылыстар (жасанды кедергілер). Өз міндетіне байланысты инженерлік бөгеттер жаяу әскерге қарсы, танкіге қарсы, көлікке қарсы, десантқа қарсы болып бөлінеді. Әсер ету сипатына байланысты инженерлік бөгеттер миналы – жарылыс және жарылмайтын болып бөлінеді. Миналы жарылғыш бөгеттерге миналанған алаң, фугастар және тағы басқалар жатады, бұлар қарсыластың жылжуын қиындатып қана қоймайды, сонымен бірге оны шығынға ұшыратады. Жарылмайтын бөгеттерге топырақты, топырақты – ағашты, сымды бөгеттер жатады. Инженерлік бөгеттер тұрақты және ауыспалы болып келеді. Инженерлік бөгеттер әскерлердің ұрыс қимылдарының барлық түрлерінде қолданылады, оларды табиғи бөгесіндермен ұштастырып атыс жүйесінде әскердің іс-қимылыменде тығыз ұштастырып командирдің шешімімен сәйкес жасайды.

Инженерлік бөгеттерді шептер бойынша және бағыттар бойынша жасайды; олар қарсылас үшін күтпеген жерде болуы және өз әскерлерінің маневрін шектемеуі керек.

Жарылмайтын инженерлік бөгеттер. Жарылмайтын бөгеттер дегеніміз – қарсыласқа шығын келтіру, оның жүрісін бөгеу, айла қолдануын қиындату, артиллерия, танк және ату қаруы атысынан жойылуы мүмкін бағытқа қозғалуға мәжбүр ету мақсатында жергілікті жерге орнатылған құралдар, ғимараттар мен бөгеттер. Олар топырақ, ағаш, топырақ, метал, тас, бетон, темір бетон, мұз, қардан жасалады. Жарылмайтын бөгеттер қолданылуына қарай: танкіге, жаяу әскерге, көлікке, десантқа қарсы және аралас болып бөлінеді [2].

Жарылмайтын бөгеттердің мынадай түрлері болады:

1. Стационарлы (орлар, эскарптар, контрэскарптар, үйінділер, баррикадалар, қар үйінділері, сым темір қақпалар және т.б.);

2. Тасымалы (сым темір ширатпалар, тікенді сымдар, бөренеден айқастырылып жасалған тосқауылдар, бөгет, керме ағаштар); Жарылмайтын бөгеттердің орналасу орны ұрыс жүргізу тактикасына байланысты атыс жүйесі мен табиғи кедергілердің тығыз бірігуіне қарай таңдалады. Танкіге қарсы бөгеттер жер қазатын техника көмегімен орналастырылады. Жер қазатын техника

трапециялы, тік бұрышты және үш бұрышты профильді орлар қазу кезінде қолданылады. Жаяу әскерге қарсы жарылмайтын бөгеттерге байқалмайтын сым торлар, сым ширатпалар, тез қондырылатын сым бөгеттер, қоршаулар, тікенектер мен керме ағаштар жатады. Байқалмайтын сым торлар зауыттан әскерлерге түскен стандарт элементтерден жасалып орнатылады. Олар диаметрі 0,5-0,9 мм сым темірдің сақина ілмектерінен тұрады. Бір пакетті қондыру кезінде төрт қабатты биіктігі 1,2 м дейін, ұзындығы мен ені 10 м, биіктігі 90 см тор кеңістік пайда болады.

Тікенекті ирек сымдар жергілікті жерге ені бойынша екі үш қатардан, биіктігі бойынша бір екі қабаттан орналастырылады. Орнату кезінде иректер өзара сыммен байланып, қазықшалармен жерге бекітіледі. Орнатылған соң ирек цилиндрдің ұзындығы 10 м биіктігі 90 см болады. Лақтырылатын тікенек сымдар басқа сым бөгеттерді орнатуға жағдай болмаған кезде қолданылады. Оларды көбінесе қалың шөптерге немесе аласа бұтақтарға, ми батпақты аймақтарға, тасты жерлерге қолданған дұрыс. Сым торлар биік және аласа қазықшаларға тартылады.

Биіктігі 1-1,8 м шахматтық ретте жерге қағылған қазықшаларға орнатылған сым тор күйінде, ені 3-5 м, биіктігі 1,2 м кеңістік тор жасай орнатылады, Аласа қазықшаларға орнатылған сым тордың ені 6 м жетеді. Ұзындығы 70 см қазықшалардың бірі бірінен қашықтығы 1,5 м, жер бетінен биіктігі 25 см болады.

Жарылмайтын инженерлік бөгеттер мақсатына қарай танкке қарсы және жаяу әскерге қарсы бөгеттер деп сараланады.

Танкке қарсы бөгеттерге танкке қарсы орлар, эскарптар, контрэ-скарптар, бағандар (ағаш, металл, темірбетон, тас) орманда бөренелерден, су қоймаларында мұздан жасалған тосқауылдар, елді мекендерде металл арандар, баррикадалар, қар үйінділері, тау беткейлерінде мұз жолақтары, өзендер мен су қоймаларында суаттар, су жаймалары, сондай-ақ ағаш үйінділері, тауларда, елді мекендерде жасалған үйінділер жатады. Жаяу әскерге қарсы бөгеттер ауыстырмалы және тұрақты болады. Ауыстырмалы сым бөгеттер негізінен өтпелерді, бөгеттердің бұзылған тұстарын жылдам жабу үшін, сондай-ақ басқадай бөгеттер жасау қиын болған жағдайларда қолданылады. Оларды әдетте күнілгері жасап, дайын күйінде орнатылған жерлерге жеткізіп қояды (онша еленбейтін сым торлар, тікенді және тегіс сымнан жасалған тез орнатылған бөгеттер, шиыршықтар, арандар).

Тұрақты бөгеттерге биік және аласа қазықтармен бекітілген сым торлар, сым қоршаулар, ілмектер мен тұзақтар, ормандағы бөгеулер, түбірлер мен бұталарды тікенді сыммен шалмалау т.б. жатады [3].

Шөл дала және елсіз таулы жерлерде, қыста беткейлерге мұз қатыру қолданылады. Танкке қарсы және жаяу әскерге қарсы жарылмайтын бөгеттер бөлек-бөлек те, бір-бірімен ұштастырып та қолданылады, оларды минажарылғыш бөгеттермен және белгі беретін құралдармен күшейтуге болады.

Жарылмайтын бөгеттер жасаған кезде оларда өз әскерлерін өткізуге арналған өтпелер қалдырады, ал бұл өтпелерді тез бітеу үшін қажетті құралдарды (ауыстырмалы бөгеттер не миналар) дайындап қояды.

Жарылмайтын бөгеттерді бүркемелеу үшін бөгеттердің негіздерін (бағандарды, арандар мен қазықтарды) бүркемелеп сырлау, жасанды перделер қолдану, алдамшы бөгеттер жасау пайдаланылады.

Барлық жарылмайтын бөгеттер, әдетте, атыспен (оқпен) тасаланады және миналанады. Ұрыста жауынгерлік міндеттерді тез және табысты орындау үшін жауынгер инженерлік бөгеттерді тауып, олардан өту бөлігін шебер меңгеруі тиіс.

Миналарды (миналанған алаң) және фугастарды бүркенішті ашу белгілері бойынша немесе қармағыштар мен мина іздеушілер көмегімен табуға болады. Созылмалы әсер ететін миналарда қазықшалар және жер үстінен тартылған бау немесе сымы болады.

Ұрыс алаңында жауынгер сымды бөгеттерге тап болуы мүмкін. Оларға сымды торлар, дуалдар, керме ағаш және тағы басқалар жатады. Сымды бөгеттерден, тікелей бөгеттерден өту құрылғылары арқылы, яғни оған сырт киім, тақтай, төсеніш тастап немесе дінгек, күректермен сымды көтеру арқылы өтуге болады. Әдетте, бөгеттерде жауынгерлер сымды қайшымен, сүңгі пышақпен қия отырып немесе қазықшалар жанын жаяу әскердің кіші күрегімен кесу арқылы өтпелер жасап өтеді.

Үйілме, керме ағаштарды тасып болған соң, өтпелерден өту тарбақ көмегімен немесе арнайы техника қолдану арқылы жүзеге асырылады. Электрлі бөгеттерден өтуді тек саперлер ғана жүзеге

асырады. Жарылмайтын бөгеттерден өту инженерлік бөлімшелер, сондай-ақ инженерлік техниканы, бульдозерлік жабдықтар мен жарылғыш заттарды қолданып әскер түрлері бөлімшелері орнатқан өтпелер мен өткелдер арқылы жүзеге асырылады.

Елді мекендегі үйінділер бульдозерлер мен жол төсегіш техникалар арқылы тазартылады. Өтпеге жақын жерге құлағалы тұрған, жартылай қираған ғимарат қалмауы керек. Мұндай ғимаратты жару арқылы не механикалық тәсілмен құрту керек. Ірі кесектер мен тұтас құйылған элементтерді 2-5 кг-дық қосымша зарядты жару арқылы сындырады. Үйінді биік және терең болғанда, оны таза-лайды да, оның үстін тегістеу, кіру және шығу қақпалары бар өтпе жасайды. Таулы жолдардағы үйінділерден де осылай өтеді.

Ормандағы кедергілер мен бөгеулерден өту үшін ағаштарды қопару және тасу жолымен өтпе жасайды. Бөрене сынықтарын, тастар мен топырақты бульдозермен өтпе сыртына тастайды.

Сым бөгеттерде өтпелерді танкілермен жару әдісімен не қайшы және саперлік құралдарды пайдаланып, қол күшімен жасайды.

Сым бөгеттерде жару әдісімен өтпелер жасау үшін ұзартылған зарядтарды қолданады. Зарядтарды қазықтар түбінде сымның астына не сымға салып жарады. Жару нәтижесінде ені 4-5 метр өтпе жасалады.

Сым бөгеттерден, сондай-ақ оның үстіне буылған бұта не сабан, тақтайлар, сатылар, шинельдер тастау арқылы да өтеді.

Онша елеусіз және ауыстырмалы сым бөгеттерден өтпелер жасағанда, арқанмен танкілерге, тартқыштарға сүйреткен тарбақтар мен ілмектерге байлап, бөгеттерді жан-жаққа тасу арқылы жасауға болады.

Электрленген бөгеттерден өтпелер арқылы не тоқсыздандырып барып әдеттегі сым бөгеттерден өту тәсілі қолданылады [4].

Елеусіз сым бөгеттер (ЕСБ) (малозаметные проволочные заграждения) – әуеден және жерден арнайы бүркеніші болмаған жағдайда да білінбейтін, жаяу әскерге қарсы құрылған, тікенексіз сымнан жасалған бөгеттер. Бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстарда қолданылған. Оларға: аласа қазықшалы сым торлар, ирек торлар, тұзақтар және басқалар жатады. Ең тиімдісі – білінбес бөгеттердің зауытта дайындалған стандартты пакеттерінен жасалған сым торлар. Қиындатылған үлгісіндегі бұл пакеттің өлшемі 120x60x12 см, салмағы 30 кг. Жергілікті жерге қондырғанда биіктігі 100-120 см төрт қабатты кеңістік торы жасалынады. 1кг бөгетке 100 пакет қажет. Сым торлары әскер позицияларының алдына және маңызды объектілердің қасына басқа бөгеттермен және табиғи кедергілермен сәйкестендіріліп қойылады. Олар тек жаяу әскерлердің ғана емес, сонымен қатар ЖҰМ-лардың, бронетранспортерлердің, автомобильдердің, кейде танктердің қозғалысын тоқтата алады. Елеусіз сым бөгеттер, сонымен қатар теңіз жағалауындағы десантқа қарсы қорғаныста да қолданылады.

Бөгеттер мен кедергілерден өту. Әскерлердің бөгеттер мен табиғи кедергілер арқылы жылжуы. Бөгеттер мен кедергілерден өту тәсілдері жауынгерлік дайындықтың нақты жағдайына, қойылған міндетке, командир шешіміне, қолда бар күш пен құралға, жыл мен тәуліктің мезгіліне байланысты анықталады. Әскерлердің қозғалысы жолындағы кездесетін кедергілер, әдетте, айналып өтіледі, ал ол мүмкін болмағанда тура өтіледі. Тралдарды қолданатын танктер мен ЖҰМ-дар ұрыстық ретті жинамай-ақ миналы аландардан өздігінен өтеді; тралсыз танктер мен ЖҰМ-дар және басқа әскери техника өтпелер бойымен жылжиды; жаяу әскер жаяуланған ретпен өтпелер бойымен немесе танктермен тралданған іздермен жылжиды. Табиғи кедергілер (орлар, шағын енді өзендер, каналдар, бұлақтар және т.б.) жабдықталған өткелдер арқылы өтіледі. Ұрыс қимылдары кезінде көпірлік өткелдерді тез тұрғызу үшін танктік және автомобильдік көпір салғыштар кеңінен қолданылады. Құрғақ жыралар мен орлар арқылы өту үшін бульдозерлік жабдық орнатылған танктер, жолсалғыштар және сүйремелер көмегімен топырақ себіліп, топырақты өткелдер жасалады. Аз сулы бұлақтардан сүзгілі торырақ үйінділері жабдықталады немесе жол құбырлары орнатылады. Шағын енді, бірақ терең және мол сулы кедергілерден өту үшін бір ізді механикаландырылған көпірлер қолданылады немесе алдын ала дайындалған элементтерден (бөліктерден) және жергілікті жер материалдарынан ағаш көпірлер тұрғызылады. Тегіс, қатты, тастақ немесе түбі құмды сулы өңірлерде кешпелі өткелдер жабдықталады. Дөңгелекті және шынбыр табанды машиналарды өткізу үшін кешпелі өткелдер,

әдетте жеке дайындалады. Жарылыс нәтижесінде пайда болған кедергілерден әскерлердің айналып өту мүмкіндігі болмаған жағдайда оларды аршу жұмысы барынша аз болатын бағытта өтіледі.

Инженерлік бөгеттердің дайындық деңгейі. Бөгеттердің дайындық дәрежесі (степень готовности заграждений) – Бірінші және екінші дәрежелі дайындықтағы бөгеттер болып бөлінеді.

Бірінші дәрежелі дайындықта бөгеттер толықтай ұрыс әзірлігіне келтіріледі: мина алқаптарына мина орнатылып, толық жабдықталады, басқарылатын миналар ұрыс жағдайына ауыстырылады; мина алқаптарының қоршаулары алып тасталады. Объектілік және көлікке қарсы миналар орнатылады, бүркемеленеді және олардың жарғыштары ұрыс жағдайына ауыстырылады; аралас бөгеттерде орнатылған миналық-жарылғыш құралдар толығымен жабдықталады. Ал өткелдер мен жолдар миналандырылады.

Екінші дәрежелі дайындықта бөгеттер бірінші дәрежеге шұғыл ауыстырылуға дайындалады: миналар орнатылады және толығымен жабдықталады, бірақ миналы алқаптар қоршаланып, күзетіледі. Басқарылатын миналар қауіпсіз жағдайда болады; объектілер және көлікке қарсы миналар орнатылып, бүркемеленеді, бірақ олардың жарғыштары ұрыс жағдайына ауыстырылмайды; жарылмайтын кедергілер дайындалады, бірақ олардағы жолдар мен өткелдер қиратылмайды және миналандырылмайды немесе екінші дәрежелі дайындықта тұрған объектілік, көлікке қарсы миналармен және фугастармен миналандырылады [5].

Инженерлік әскерлер – әскердің барлық түрлеріндегі соғыс қимылдары кезіндегі міндеттерді (бөгеттер жасау, қорғаныс шебін құру, өтпелер жасау және оларды жөндем қалпында ұстау, жолдар, көпірлер салу, т.б.) орындайтын арнаулы әскер саласы. Инженерлік әскерлер өздерінің міндеттеріне қарай жалпы (саперлер) және арнаулы (понтонды көпір салушылар, инженерлік құрылыс, бүркемелеу және т.б. жұмыстарын жүргізетін бөлімдер мен бөлімшелер) болып бөлінеді. Инженерлік әскерлер өз міндеттерін моторландырылған атқыштар, ракета әскерлері, артиллерия, танк және т.б. әскер түрлерімен өзара қоян-қолтық қимылдай отырып орындайды. Инженерлік әскерлер бекініс, жол, көпір салатын, ағаш дайындайтын күрделі техникамен, машиналарымен, бүркемелеу құралдарымен, далада сумен қамтамасыз ететін ыдыстармен, миналайтын және минасыздандыратын аспаптармен жабдықталады. Армияның ядролық қарумен қарулануына байланысты Инженерлік әскерлердің мәні де артты. Осыған байланысты олардың ұрыс даласында бөлім мен бөлімшелердің маневрлілігін арттыруға және жаппай қырып-жоятын қарудан сенімді қорғауға бағытталған инженерлік жұмыстары күрделілене түсті. Ұрыс кезінде инженерлік әскерлер инженерлік барлау жүргізеді, басқару пункттерін жабдықтайды, миналандырылған жерден өтуге жол салады және минасыздандырады, өткелдерді ретке келтіреді, қарсыластың ядролық шабуылының зардаптарын жоюға қатысады және т.б. міндеттерді орындайды.

Жарылмайтын бөгеттер жасаған кезде оларда өз әскерлерін өткізуге арналған өтпелер қалдырады, ал бұл өтпелерді тез бітеу үшін қажетті құралдарды (ауыстырмалы бөгеттер не машиналар) дайындап қояды.

Жарылмайтын бөгеттер бүркемелеу үшін бөгеттердің негіздерін (бағандарды, арандар мен қазықтарды) бүркемелер сырлау, жасанды перделер қолдану, алдамшы бөгеттер жасау пайдаланылады [6].

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Әскери іс. – Алматы: «Мектеп» ААҚ, 2001 жыл.
- 2 Колибернов. Инженерное обеспечение. – М., 1984.
3. Военная энциклопедия Казахстана. Том № 2 «Сарбаз». – Алматы: «Билим», 2007.
- 4 Андрющенко В.А., Пирожков П.А. Военно-инженерная подготовка. Учебно-методическое пособие. – Тамбов: Издательство ТГТУ, 2004.
- 5 Дошаков С.Х. Бастапқы әскери дайындық. – Алматы, 2003.
- 6 Сартаев Ж.Н., Құлатаев К.А., Берлибаев К.К., Токмолдаев Н.М. Военно-инженерная подготовка. Учебное пособие. – Омск, 2013. – С.160.

ӘОЖ – 378.147
МРНТИ 14.35.05

Қ.А. Құлатаев¹, Жахангер Айгул²

¹аға оқытушы, подполковник запаса, П-Ұ және БӘД кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы қ., Қазақстан
²БӘД мамандығының 2-ші курс студенті, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы қ., Қазақстан

ЖАУЫНГЕР – ЖАЗУШЫ Б.МОМЫШҰЛЫ БЕЙНЕСІ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫ БАТЫРЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

Аңдатпа

Бұл мақалада жасөспірімдерді мектеп қабырғасынан бастап әскери қызметке дайындау, өз Отаны - Қазақстан Республикасы мен оның халқы алдындағы жауапкершілігін ұғындыру бастапқы әскери дайындық пәнінің негізі болып табылады. Пәнді оқытудағы негізгі мақсат жастарды қазақстандық патриотизмге, Отанға, Қарулы Күштерге деген сүйіспеншілік, әскери борышты мүлтіксіз орындауға әзірлік рухында тәрбиелеуге бағытталады. Патриоттық сезімнің нысаны Отан десек, оның негізі туған жер, ұлттық тіл, діл, дәстүр, олардың адамға жылылық беріп, ізгі ерлік істер қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы болып табылады.

Әскери қолбасшылығы өз алдына бөлек әңгіме. Генералдарға сабақ берген ұстаздығы да – бөлек әңгіме. «Б.Момышұлының соғыс тактикасы» деген оқу пәні Израиль еліндегі әскери оқу орындарында оқытылады және студенттер ол пәннен емтихан тапсырады. Кубаның әскери мектептерінде де Бауыржанның соғыстағы әдіс-тәсілдері бойынша дәріс беріледі. Осыны ескерсек, Б.Момышұлын әскери ғылымның нағыз білгірі деуге болады.

Кілтгі сөздер: патриотизм, патриоттық, әскери – патриоттық.

Аннотация

Қ.А. Құлатаев¹, Жахангер Айгул²

¹старший преподаватель Института искусств, культуры и спорта при КазНПУ им.Абая,
г. Алматы, Казахстан
²студент 2-го курса Института искусств, культуры и спорта При КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

ВОСПИТАНИЕ МОЛОДЕЖИ К ПОДВИГУ ЧЕРЕЗ ОБРАЗ ВОИНА – ПИСАТЕЛЯ Б.МОМЫШУЛЫ

Основой предмета «Начальная военная подготовка» является подготовка подростков со школьной скамьи к военной службе во благо своей Родине – Республики Казахстан, объяснение, насколько важна и ценна ответственность военнослужащих перед населением. Главными целями в преподавании предмета выступают воспитание у казахстанской молодежи чувства патриотизма, любви к Родине, уважение к Вооруженным Силам Республики Казахстан, готовности к выполнению воинского долга. Патриотические чувства к Родине проявляются в любви и заботе к родной земле, в уважении национального родного языка, менталитета, народных традиций, а также в гуманности и доброте, честности и высоких нравственных устоях.

Армейское воспитание и преподавание само по себе является отдельным цельным разделом в преподавательской деятельности. Так, в Израиле отдельным предметом рассматривается «Военная тактика» Б.Момышұлы, по которому студенты сдают экзамен. В армейских школах Кубы ученики изучают тактические приемы Б.Момышұлы. Учитывая это, тактика Б.Момышұлы имеет научно-военный интерес.

В процессе изучения военных дисциплин у студентов, на примере подвига и жизни Б.Момышұлы, формируется такие волевые качества как: стойкость, решительность, храбрость, целеустремленность, воспитанность, готовность к выполнению сложных задач.

Ключевые слова: патриотизм, военно-патриотическое воспитание, патриотический.

Abstract

K.A. Kulataev¹, Aigul Jahanger²

¹senior teacher, lieutenant colonel, the department of theories and methodology Initial Military Preparation. KazNPU of the name of Abay.

Almaty, Kazakhstan

²second-year student of specialty NVP, KazNPU named after Abay,

Almaty, Kazakhstan

**EDUCATING YOUTH FOR FEATS THROUGH THE IMAGE OF A WARRIOR – WRITER
B.MOMYSHULY**

Basis of the article of initial military preparation is preparation of teenagers from a school bench to military service in blessing to the Motherland are Republics of Kazakhstan, to explain as far as responsibility is important and valuable for a population. In teaching of object education in the Kazakhstan young people of sense of patriotism, love, come forward primary objectives to Motherland, respect to the Armed Forces of PK, readiness to the military duty performance. The patriotic feelings to Motherland show up in love and caring to native land, in respect of national native language, mentality, in reading of folk traditions, and also in humanity and kindness, honesty and high moral foundations.

Army education and teaching self on itself are a separate whole division in teaching activity. So, in Israel a separate object is examine "Military tactics" of B. Momyshuly, on that students go in for exam.

In army schools of Cuba students study the tactical reception of B. Momyshuly. Taking into account it, scientifically-military interest has a tactician B. Momyshuly.

In the process of study of soldiery disciplines for students, on the example of exploit and life of B. Momyshuly, formed such volitional internal as: firmness, decision, bravery, purposefulness, breeding, readiness to implementation of intricate problems.

Key words: Patriotism, military - patriotic, patriotic.

Заман талабына лайықты ел болашағына қызмет ететін кадрлардың негізі университет қабырғасынан қаланатыны шындық. Бұл мәселе – тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың басты назарында [1].

«Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы мен міндеті» - деп Ата Заңда көрсетілген осы бір мағыналы ұғымды өскелең ұрпақ жастайынан бойына сіңіріп өсуі керек [2].

Жасөспірімдерді мектеп қабырғасынан бастап әскери қызметке дайындау, өз Отаны – Қазақстан Республикасы мен оның халқы алдындағы жауапкершілігін ұғындыру бастапқы әскери дайындық пәнінің негізі болып табылады. Пәнді оқытудағы негізгі мақсат жастарды қазақстандық патриотизмге, Отанға, Қарулы Күштерге деген сүйіспеншілік, әскери борышты мүлтіксіз орындауға әзірлік рухында тәрбиелеуге бағытталады. Патриоттық сезімнің нысаны Отан десек, оның негізі туған жер, ұлттық тіл, діл, дәстүр, олардың адамға жылылық беріп, ізгі ерлік істер қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы болып табылады.

Ұлтымыздың мақтанышы Мағжан Жұмабаев қазақ топырағында тұнғыш рет «Педагогика» атты ұлттық оқу құралын жазған. Бұл оқу құралында ол әсіресе, жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру және оған мұғалімдерді дайындау мәселесін басты проблемалар деп санаған. «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Ұлт тәрбиесінің жақсылық жағы көп», - деп ой түйіндейді [3].

Бүгінгі таңда қоғам мен мемлекеттің білім беру жүйесінің алдына қойып отырған міндеттерінің бірі – студенттерді ұлттық тәрбие рухында тәрбиелеу болып табылады. Бұл талаптың көкейкестілігі қазіргі әлемді жаһандандыру жағдайында бұрынғыдан да артып отыр. Осы тұрғыдан алғанда ұлттық бірегейлікті сақтаудың басты жолдарының бірі – жастарға ұлттық тәрбие беруде халықтың мәдени мұрасын пайдалану.

Жастардың арасында отансүйгіштік қасиетті қалыптастыруға мынадай факторлар әсер етеді: ұлттық сезім, ұлттық мақтанш, ұлттық сана, ұлттық игі дәстүрлер, ұлттық парыз, бірлік және міндет. Жауынгер-жазушы Б.Момышұлының «Соғыс психологиясы» деген еңбегінде аталған қасиеттерге жан-жақты сипаттама беріледі. Солардың ішінде автор әсіресе ұлттық парыз ұғымына аса мән береді. Оның пайымдауынша, ұлттық парыз – Отанға деген сүйіспеншілік, сыртқы жаулардан елін, жерін аман сақтап, ата-баба дәстүріне өте сезімталдықпен, жауапкершілікпен қарау. Парыз сезімі қиындықтан қаймықпай, қарсы келген дұшпанмен тайсалмай шайқасып, Отан үшін ақтық демі біткенше қызмет етуге даяр болу сезімінен туады, нәтижесінде бұл тікелей ерлік істерге итермелейді, «Ерлік – Б.Момышұлының сөзімен айтқанда, – табиғат сыйы емес, ең алдымен, өзіңнің ар-намысыңды және азаматтық абыройыңды ұятқа қалу, опасыздық пен маскара болу сезімінен қорғай отырып, адамның ең ұлы сезімін, азаматтық парызын орындау үшін осындай адамгершілік теңдікте өзіңмен сайысқа түсе отырып, тұтас коллектив өмірінің игілігін ғана емес, қауып-қатерін де бөлісіп, жауды барынша жою, жанға-жан, қанға-қан аяусыз деп кек алу жолымен жеке басыңды және отандастарыңды қауіпсіз етуге ұмтылу, саналы түрде қауіп-қатерге бас тігу».

Кейінгі тарихи оқиғалар кезеңінде, әсіресе Ұлы Отан соғысында, қазақ халқының өзін патриотизм мен халықтар достығы жолын қуушы ретінде көрсетуі прогресшіл патриотизм идеяларын меңгеруінің жарқын дәлелі болып табылады. Мысалы, ағылшын жазушысы Александр Верт: «Қызыл Армияның ең таңдаулы солдаттарының біразы қазақтар болды; тұтас алғанда бүкіл соғыс бойында қазақтар өздерін тек жақсы жағынан көрсетті, ал сталинградтың өзінде таңдаулы солдаттардың ішінде Орта Азия халықтарының өкілдері – қырғыздар, қазақтар мен башқұрттар», - деп жазса, осы соғыста есімі аңызға айналған кеңес Одағының Батыры Б.Момышұлы: «Соғыс жылдарында Отанымыздың, партиямыздың шақыруымен жүз мыңдаған Қазақстандықтар ел намысын, ер намысын қорғап, олар майдан шебінде тірескеннің тізесін бүктіріп, белдескеннің белін сындырып айқасты. Оларға бел тірек болған ер намысы, ел намысы болды.

Сондықтан да:

«Ежелден ер тілегі – ел тілегі,

Адал ұл ер боп туса – ел тірегі», - дегендей, майдан шебінде біздің жігіттер өлгенше намыс туын көтерді... [4].

Әл-Фараби бабамыз: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі», – деген екен. Расында да солай. Өйткені ғылымға бет бұрған, соған барынша назар аударып, тәрбиені заңмен реттеуге тырысқан көптеген дамыған мемлекеттер ел болашағы саналатын жастардың тіршілігіне аландаушылық білдіріп, мазасыз күй кеше бастады. Олардың жанында ғасырлар бойы атадан-балаға дарыған тәлім-тәрбиесі ұрпақты тек жақсылыққа тәрбиелейтін қасиеттер қазақты замана аласапыранынан сақтап келеді. Болашақта да тағдырымыздың тәлкекке түсіп, тал бесігіміз шайқалмауы үшін осы салада қыруар шаруаны іске асыру қажет. Осы орайда біз еңбек ететін «Бастапқы әскери дайындық теориясы мен әдістемесі» кафедрасының үлесі зор. Бұл орайда Б.Момышұлының ерен ерліктері мен жасампаз жауынгерлік істерін насихаттау кеңінен өріс алған. Оқу корпусында Кеңес Одағының батыры, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы атында музей – кабинет бар. Болашақта әскери патриоттық тәрбие орталығына айналдыру.

Әр азамат туған елінің өткені мен бүгінін біле отырып, болашаққа қадам басады. Болашаққа рухани мәдениетімен қатар ұрпағының ұлттық қасиеттерін сақтауда тарихын үлгі етеді. Ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін тарихи оқиғалардың баса ауқымдысы – Ұлы Отан соғысы. «Ер елсіз болмайды, ел ерсіз болмайды» деп дана халқымыз айтқандай, қан майдандарда қол бастап, елдің намысын жауға тапталпаған батыр бабаларымыз аз емес. Отанын жаудан қорғау үшін көп ұлтты кеңес халқының ішінде қазақ халқы ерекше ерліктерімен, аңыздарымен жауға қарсы тұрды. Панфиловшылардың ішінде шын мәнінде болаттай беріктік пен ер жүректілік көрсеткен, өз заманында-ақ аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлының ерлігі ерекше.

Жауға қарсы сұрапыл соғысты батальон командирі, аға лейтенант болып бастаған Б.Момышұлы Жеңіс күні жақындағанда гвардия полковнигі атағын алып, асқан ерліктері мен дүниені дүр сілкіндірген 9-гвардияшылар дивизиясының қолбасшысы атанды.

Б.Момышұлының адамгершілік тұлғасы, ұстаздық ғибраттары мен ерліктері небір дастандар мен шығармалар желісінде айшықтала түсті. Ол – әскери педагогика мен әскери психологияны байытушы, баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға.

Бауыржан Момышұлының жастарды ерлік, ұлтжандылық, туған тілді құрметтеу, батырлық, үлкенге ізет көрсету, намысшылдық, тағы басқа жақсы қасиеттерді келешек ұрпақтың бойына сіңіретін, ұлттық-патриоттық рухын көтеретін ой-пікірлері мәңгілік жас ұрпақ санасында сақталады. Бұл тұрғыда «Бастапқы әскери дайындық» пәнінен сабақ беретін ұстаздар еңбегі ерекше.

Жас ұрпақтар батырдың рухына бас иіп, биікке көтеріп, өткенімізді өшірмей, халықтың бостандығы мен азаттық жолында ерен ерлік пен жау жүректік көрсеткен батырды жиі-жиі еске алып, соған лайықты ізет пен құрмет көрсетіліп отырса жараспай ма!

Ер есімін ел есінде мәңгілікке қалдыру мақсатында 1990 жылы ел президенті Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысы бойынша Бауыржан Момышұлына Кеңестер Одағының Батыры атағы берілді. Осы атақ берілген кездегі өз сөзінде Н.Ә.Назарбаев «Бауыржан жұлдызды болған күн – қазақтың жұлдызы жанған күн», - деп толғана айтқан еді [5].

Бүгінгі таңда біздің кафедра оқытушыларының болашақ БӘД мұғалімдерін (жас мамандарды) дайындауда ұлттық тәрбие негізгі діндегі ретінде қазақтың батыр жауынгерінің ерліктері мен өмірін үлгі ретінде кеңінен қолдануда. Осы оқу жылында бітіруші бірнеше түлектер қазақтың ұлы батырына арналған тақырыпта дипломдық жұмыс жазу үстінде.

Ұлттық тәрбие нәтижесінің бірден-бір көрсеткіші өткен оқу жылында Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде өткен Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының «Бастапқы әскери дайындық» мамандығының студенттері арасындағы Республикалық олимпиадада жалпы командалық құрамда, алаң иелерінен кейінгі 2-ші орынға ие болдық. Жарысқа жалпы республика бойынша 15 құрама топ қатысты. Биылғы оқу жылында Ұлы Отан соғысының 72-жылдығы мен Кеңестер Одағының Батыры, аты аңызға айналған Б.Момышұлының 107-жылдық мерейтойына арнап 7-май Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері күніне қарсы «Ұлан» атты әскери-спорттық ойын институттың топтар арасында өткізуді жоспарлап, өткіздік. Бұл жылдағы дәстүрге айналған.

Біз, ұстаздар, халық алдында үлкен жауапкершілікті арқалап отырмыз. Олай дейтініміз, мұғалім – білім беру мен тәрбие ісімен айналысатын маман.

Осы үрдісті басшылыққа алған «Педагог – ұйымдастырушы және Бастапқы әскери дайындық» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамының жас мамандар дайындау саласындағы басты мақсаттарының бірі:

– Қазақтың қаһарман қолбасшысы Бауыржан Момышұлының өнегелі өмірін жас ұрпаққа насихаттау, оларды отансүйгіштікке баулу, Қарулы Күштер қатарына жан-жақты жетілген жастарды тәрбиелеу;

– халқымыздың атадан балаға жалғасқан ерлік дәстүрінің мән-мағынасын түсіндіру;

– Ұлы Отан соғысына қатысқан батырдың ерен ерліктерін ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру;

– оқушылардың патриоттық сезімін ояту;

– отанын сүйуге, елінің қорғаны болуға тәрбиелеу;

– батыр ағаның ерліктері мен еңбектері арқылы өткен тарихымызға қызығушылығын арттыру;

– тарихи тұлғаларды құрметтеуге тәрбиелеу, студенттерді отансүйгіштікке, ұлтжандыққа баулу; тарихи көркем шығармалар арқылы ой-өрістерін кеңейту.

Осылайша, әскери пәндерді оқыту арқылы жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беретін мамандар даярлай отырып, егемен еліміздің ұлттық сана-сезімі мен намысы оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, еңбекқор, бойында білімге негізделген ізгілікті қасиеттері қалыптасқан, «Сегіз қырлы, бір сырлы қазақ азаматын» тәрбиелеуге болатынына біздің көзіміз жетіп отыр [6].

«Жоғарғы білім сапасы ең жоғарғы халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс. Елдегі ЖОО-лар әлемнің жетекші университетінің рейтингіне еруге ұмтылулары керек», – деп білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев көрсетілгендей біз әлемдік үрдіске ұмтылуымыз керек. Қоғам талабы осыны қажет етеді [7].

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Айқын» газеті. №8(1432) 21.01.2010 ж.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 ж. – Алматы.
3. Бөлеев Қалдыбек. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасы. – Қарағанды, 2002 ж.
4. Джанабаева Р.А. Қазақ халық педагогикасындағы патриоттық – ерлік тәрбиесінің ғылыми негіздері. Автореферат. – Алматы, 2006 ж.
5. Республикалық әскери-патриоттық педагогикалық-әдістемелік журнал Алғашқы әскери дайындық-өмір қауіпсіздігі негіздері. №2 2009 3, 16-19 беттер
6. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халықтарына арналған Жолдауы. «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – қазақстанның жаңа мүмкіндіктері». 30 қантар 2010ж. №33-35(25881) /Егемен Қазақстан газеті.
7. Бұқаралық ақпарат өкілдерімен кездесу кезінде. Шілде айы 2016 ж.

ӘОЖ: 7967012.68

МРНТИ 77.29.11

С.Кунай¹

*¹педагогика ғылымдарының магистры, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Өнер, мәдениет және спорт институтының аға оқытушысы,
Алматы қ., Қазақстан*

КҮШ ҚАСИЕТІН ЖЕТІЛДІРУ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа

Бүгінгі таңда жақсы денсаулық адамның еңбек және қоғамның іс-әрекетке жемісті қатысуының маңызды кепілі. Адамдар дене мәдениетін жетілдіру мақсатында дене шынықтыру жаттығулары пайдаланылады. Сондай-ақ табиғаттағы табиғи күшті, гигиеналық факторлар мен тамақтану, демалу режимдері бірлікте пайдаланылады. Дене шынықтыру – қоғамдық мәдениеттің бір саласы. Тұлға қоғамдағы дене мәдениетінің мәні мен орнын дұрыс түсіну үшін, ең алдымен жалпы адамзат мәдениеті туралы хабардар болуы тиіс. Күшті жетілдіру әдістемесінде денеге түсетін күш тәсілдерін дамытуға техникалық жабдықтар пайдалану қазірде кеңінен кіргізілуде. Дене қуатын жетілдіру – адамның дене қуаты қасиетін үйлесімді дамыту және жан-жақты дайындығын жоғары деңгейге жеткізу. Дене қуатының рекреациясы – жаттығулар жасау арқылы белсенді демалыс ұйымдастыру. Ол дене тәрбиесі жаттығуларының көмегімен халықтың көңілін көтереді, бір әрекеттен екінші әрекетке көшіреді. Дене қуатының дамуы дегеніміз – адам ағзасының табиғи және мақсатты жолмен өсуін. Осы мақалада күш қасиетін жетілдіру әдістері көрсетілген.

Түйін сөздер: дене тәрбие, спортшы, дене қуаты, морфофункция.

Аннотация

С.Кунай¹

*¹магистр пед.наук, ст.преподаватель Института искусств, культуры и спорта при КазНПУ им. Абая
г. Алматы, Казахстан*

МЕТОДЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ СИЛОВЫХ КАЧЕСТВ

В данной статье рассмотрены вопросы эффективности применения программы развития и совершенствования методов развития силовых качеств спортсменов. Анализ результатов подтвердил теоретическую обоснованность необходимости совершенствование силовых качеств спортсменов для повышения эффективности их профессиональной деятельности.

Автор разработал и обосновал методы развития силовых качеств в процессе подготовки спортсменов-таэквондистов. В работе использовались специальные упражнения, обеспечивающие повышение взрывной силы мышц спортсменов. Данные методы позволяют сделать вывод о том, что специализированная работа, направленная на совершенствование силовых качеств с использованием общей физической подготовки, значительно уменьшает временные затраты на достижение максимально возможных показателей силовой подготовленности.

Ключевые слова: физическое воспитание, спортсмен, физическая энергия, морфофункция.

Abstract

Kunay S.¹

¹ magister of Education sciences, Senior teacher of the institute of arts, culture and sport at Abai KazNPU
Almaty, Kazakhstan

METHODS OF PERFECTION OF POWER INTERNALSS

This article discusses the effectiveness of the application of the development program and the improvement of the methods of strength qualities of athletes. The analysis of the results confirmed the theoretical validity of the need to improve the strength of athletes to increase the effectiveness of their professional activities.

The author developed and substantiated the methods of development of power qualities in the process of training athletes. Special exercises were used in the work, which provided an increase in the explosive power of the muscles of athletes. These methods allow to draw a conclusion that specialized work on perfection of power qualities with use of the general physical preparation considerably reduces time expenses for achievement of the maximum possible parameters of power readiness.

Key words: physical educations, athlete, physical energy, morphofunction.

Дене қуатының қасиеті, қозғалыс қасиеті деген терминдер ұғымы арнайы оқу кітаптарында, бір мағынада пайдаланылады. Дене қуаты қасиеті адам қозғалысында, дене қуатын көрсеткісі келгенде пайда болады.

Адамның денесінде, санасында белгілі бір деңгейде сақталып тұрып, ол қозғалғанда әрекет жасағанда пайда болатын қасиеттер дене қуаты дейміз. Осы дене қуаты қасиеттерінің деңгейін көтеру арқылы ғана біз дене тәрбиесі мен спортта жақсы нәтижеге жетеміз.

Күш – материалдық нүктеге немесе денеге басқа денелер немесе өрістер тарапынан болатын механикалық әсердің өлшемі. Күш деп дененің басқа денелер тарапынан болатын әрекеттің нәтижесінде үдеу алатынын сипаттайтын және осы әрекеттің өлшемі болып табылатын [физикалық шаманы](#) айтады. Сыртқы қарсылықты жеңу немесе бұлшық ет көмегі арқылы қарсылық көрсетуін күш дейміз [1].

Күш ұғымы ғылымда да кеңінен қолданылады және ол [физиканың](#) негізгі ұғымдарының біріне жатады. Дене мәдениетінің ілімі мен әдістемесінде бірқатар негізгі дене қасиеттері атап өтіледі: күш, төзімділік, жылдамдық, ептілік пен икемділік дене қасиеттері қатарында күшке бірінші кезек берілуі бекер емес. Әртүрлі көріністерде көп көріне беретін адамның нақ осы күш даярлығы, адамның өзінің дене даярлығын, мұнымен қатар, денсаулығын да ең басты кейіпте көрсетеді. Бірақ, адам үшін күш қасиетін ғана дамытып, ал басқа дене қасиеттері назардан тыс қалуы тиіс деген ұғым болмау керек. Әдетте, дене қасиеттері кешенді түрде, әйтеуір бір түрінің басымдылығымен дамиды. Көбінесе, күш қасиеті жақсы дамиды. Әдетте, күш жетілдіруінің көрінуі екі негізгі факторға тәуелді – туа біткен (генетикалық) және өмір сүру барысында алынған. Аталмыш жағдай дене, күш дайындықтарымен айналысқысы келетін тұлғалар үшін өзінің ағзасының құрылымын, әсіресе, оның негізгі жүйелері мен қызметтерін білу қажеттілігін растайды. Ол үшін, ең болмаса ағзаның жастық ерекшеліктерін, оның дене жүктемелеріне деген типтік реакциясын, сүйек пен бұлшық ет құрылысы туралы жалпы ұғымдардың болуы қажет. Бақыланбаған және түзетілмеген кез келген прогрестің тиімділігі аз болады. Сондықтан да, күш даярлығы деңгейінің өзгеруін бақылау ерекшеліктерін білу, осы үдерістің басты құрауышы (компоненті) болып табылады [2].

Негізгі дене және қозғалыс қасиеттері деп біз барлық спорт ойындарының ажырамас бөлігі ретіндегі жылдамдықты, күшті, жылдамдық-күш көріністерін, осы қасиеттің үшеуі де әртүрлі және өзгеріп отыратын құрамдас бөліктер ретінде көрініс табатын қимылдарды орындау үшін қажетті шарт болып табылатындықтан, қимыл әрекеттеріндегі ептілік пен координацияны, сонымен қатар төзімділікті түсінеміз.

Спортшының күшін жетілдірудің негізгі міндеттері мынаған келіп соғады:

1. Күшті көбейту мүмкіндігі – таңдаған спорттың түріне қарай, алдын ала әзірленген жалпы дайындықты жетілдіруге байланысты. Сондай-ақ осыған дейін қол жеткен табыстарын сақтай отырып, жаттығу кезеңдері ерекшеліктеріне үйлесімді шараларды жүзеге асыруға да байланысты. Спорттық жетілдіру саласындағы жинақталған процестердің сатыларын өтумен де байланысты.

2. Күш қабілетін тәрбиелеу – таңдаған спорттың түріне қарай оған қойылатын арнайы талаптарға жауап берерліктей болуға тиіс. Күштің дамуын қамтамасыз етіп, оны жүзеге асырудың тиімді жолдарын мақсат етіп қойылған нәтижеге жеткізерліктей болуға тиіс.

Күшті жетілдірудің жалпы дайындығында бұлшық еттердің жан-жақты дамуының мәні өте зор. Қимыл қозғалыс аппаратының бәрі де бірдей бір жүйеде қатысады. Дене тұтастығы бір-бірінен бөлуге болмайды. Жалпы дайындық күштің өте тиімді деңгейден көрінуіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ спортшының басына тән дербес дамуы да, жаттығу кезеңдерде, тағы басқа жағдайларда ескеріледі.

Күш болу үшін адам ағзасында қажетті бұлшық ет көлемі болуы қажет, ұзаруы және статистикалық, қалпын өзгертепеген жағдайда пайда болады. Күш барлық қимыл-қозғалыс сапаларының, яғни жылдамдық төзімділік, ептілік, иілгіштік сапаларының пайда болуында және оны дамытуда, қажетті қозғалыс қасиетінің көзі болып табылады. Күштің бірнеше түрі бар, олар меншікті күш, абсолютті күш және жылдамдық күші. Қиналмай 1-2 рет көтерген салмаққа жұмсалған күшін меншікті күш дейміз. Ауырлықты қиналып бір рет қана көтере алған салмаққа жұмсалған күшті абсолюттік күш дейміз. Адамдардың нақты күшін анықтағанда салыстырмалы күш көрсеткіші қолданылады. Ол күш жұмсаушының меншікті салмағының абсолютті көтерген салмағына қатынасы бойынша есептеледі. Мысалы, бірінші көтерген меншікті салмағы 50 кг болып, абсолютті көтерген салмағы 100 кг болса, онда салыстырмалы күш коэффициенті екі болады /100.50/. Екінші бір ауыр салмақтағы сарбаздың меншікті салмағы 120 кг болып, 150 салмақ көтерсе, салыстырмалы күш көрсеткіші /коэффициенті/ 1,25-ке тең. Меншікті күштің өзін дене мүшелерінің дамуына байланысты қолдың, аяқтың, дененің күші, қол саусақтарының күші т.б. бөліктерге бөлініп айтылады. Аталған күштерді арнайы жаттығулар арқылы дамытуға болады.

Күш сапасын тәрбиелеуде қолданылатын құралдар негізінен үдемелі қарсыласу мен күшпен орындалатын жаттығулар жатады. Ол жаттығулар әсер ету бағытына қарай екі топқа бөлінеді. Сырттан түсетін күш әсері, оған заттардың салмағы, қарсыласының қарсылық әрекеті серіппелі заттардың көрсеткен күші және сыртқы ортаның кедергісі /қармен жүгіру, суда, құмда жүгіру т.с.с./ жатады.

Күш өскен сайын берілетін салмақта өсуге міндетті және көтерілген салмақ максималды салмақтың 80-90 пайызы шамасында болуы шарт. Жоғарыда айтылып кеткендей максималды күш қуатын тәрбиелеудің жолдары бар. 1. Ортадан жоғары салмақты шамасы келгенше қайталап көтеру. 2. Сыртқы қарсылықты барынша көбейту /динамикалық немесе статикалық жағдайда/. 3. Қарсылықты барынша жылдамдықпен жеңу.

Осыған байланысты күшті тәрбиелеудің әдістемелік үш бағытын анықтауға болады. Күш сапасын тәрбиелеуде шамамен денеге түсетін ауырлықтың шамасын төмендегі көрсетілгендей пайдалану ұсынылады.

Көтеру салмағын бір мезеттегі салмақтың деңгейі мен қайталап көтеру шамасы %:

Өте ауыр салмақ	1 рет	100%
Ауыр салмақ	2-3 рет	80-90%
Үлкен салмақ	4-7 рет	75-80%
Үлкенге жақын салмақ	8-12 рет	65-70%
Орташа салмақ	3-18 рет	55-60%
Кіші салмақ	19-26 рет	40-50%
Өте кіші салмақ	25% жоғары	40% дейін.

Шамасы бір рет көтеруге келген салмақты 100% деп алынады. Күшті дұрыс дамытуында барысында: 1. Адам денесіндегі зат алмасу жұмыстары жақсарады, 2. Алғашқы уақытта шұғылданып жүрген адамның, әдісті дұрыс үйренуіне жәрдемдеседі, 3. Бұлшық ет көлемін ұлғайтады. 4. Көп көтеру шыдамдылыққа, табандылыққа тәрбиелейді. Аталған әдістеменің бағытында тиімді қолданылатын жолдары жаттығуды қайталау, бірқалыпты үзілісті жаттығу т.с.с. әдістер. Дайындық уақытының ұзақтығына байланысты, айтылған әдістер көптеген спортшылардың нақты құрал ретінде пайдаланылады. Ондағы мақсаты әртүрлі ірілі, ұсақ бұлшық еттердің күшін арттыру жолы көзделініледі.

Күшті жетілдірудің жалпы дайындығында бұлшық еттердің жан-жақты дамуының мәні өте зор. Қимыл қозғалыс аппараттарының бәрі де бірдей бір жүйеде қатысады. Дене тұтастығы бір-бірінен бөлуге болмайды. Жалпы дайындық күштің өте тиімді деңгейден көрінуіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ спортшының өзі таңдаған спорт түріне орай сапалық қасиеттерін ашады, жетілдіреді.

Күштің жетілуін бұлшық еттерді шынықтырумен бірлікте жүргізу – дайындықтың тиімділігін арттырып, нәтижені өрістетеді. Бұл саладағы салауаттылық спортшының мамандық ерекшелігін күрделендіруге тиімді ықпал жасайды.

Күшті жетілдірудің жалпы дайындығы күш қабілетінің тиімділігін жетілдіруге кеңінен қолданылады. Мұның тәрбиелік мәні – күш қабілетін, күш жылдамдығын және күш төзімділігін дамытады. Жалпы дайындыққа арналған жаттығулар спортшының таңдаған спорт түріндегі дайындығымен үйлесімді жүзеге асыруына, тиісті табыстарға жетуге мүмкіндік береді. Спортшы мамандығының ерекшелігіне үйлесімді ұйымдастырылған бағдар, деңгей, дәреже табысқа жетудің жолын ашады.

Күшті жетілдірудегі арнайы дайындық спортшыны әзірлеудегі негізгі мәселе. Арнайы дайындық спортшының қабілетін дамытып, спорттық мамандығын белгілі бағдарға өрістетеді. Арнайы дайындық спортшының таңдап алған спорт түрінде қолданылады күш қабілетін қалыптастырудың жүйесі болып табылады [3].

Тәсілдік ерекшелік құрамы күш қабілетін тәрбиелеудің негізгі тәсілі – күшті жетілдіру жаттығуына машықтандыру процесі болып табылады. Кейбір ерекшелік жағдайда ғана болмаса, бұлардың басты сипатын айқындайтын жарыстық жаттығуды орындаудан гөрі, бар күшін сала машықтану болып табылады. Қосымша күш жұмсаудағы ширьғу көбіне сырттан салмақ салу жаттығулары арқылы дамиды. Сапаны жақсартуда әдетте, түрлі факторлар пайдаланылады. Арнайы спорттық снарядтардан бастап, спорттық қарсылас ойыншыға дейінгі жәйі және табиғи ортаның жағдайы да пайдаланылады.

Күшті жетілдіру әдістемесінде денеге түсетін күш тәсілдерін дамытуға техникалық жабдықтар пайдалану қазірде кеңінен кіргізілуде. Денеге түсетін күш мөлшерін дәлдікпен белгілеу, шамасын айқындау негізінен бұлшық еттерге айқындауға бағытталады.

Күштің пайда болу түрлері: Өз күш мүмкіншілігі, статистикалық кезде және дене қозғалыс кезінде пайда болады.

Күш жылдамдығының мүмкіншілігі тез, жылдам қозғалыс пайда болады. Бұл жағдайда спортшы күш жылдамдық қосу арқылы, жаттығудан тез орындау арқылы жоғары нәтижеге жетеді.

Адам денесі күштің пайда болу үрдісінде үлкен маңыз атқарады. Адамның қозғалыста өз дене салмағын есептемей барлық мүмкіншілігімен көрсеткен күші абсолютті күш деп атайды.

Әртүрлі салмақтағы адамдардың күшін салыстыру үшін салыстырмалы күш деген ұғым пайдаланылады.

Жаттықтырушылар абсолюттік немесе салыстырмалы күштерді спорт түріне байланысты дамытады.

Күшті дамыту үшін жоғарғы қарсылық жаттығулары қолданылады. Олар екі топқа бөлінеді.

Сыртқы қарсылық жаттығулары. Сыртқы қарсылықтарға әр түрлі спорт құралдарының салмағы, сыртқы ортаның қарсылығы жатады.

Дене тәрбиесі тәжірибесінде мынандай күш дамыту міндеттері бар: жоғары күш салу әдісі - бұл әдіс кезінде жаттығулар аса ауыр салмақта орындалады. Жүйке бұлшық ет аппаратының жұмысы шегіне жете қолданылады, арқылы күштің көп өсуіне мүмкіншілік береді.

Қайталап күш салу әдісі – балаларды зақымдандырмайтын жаттығу дұрыс орындауға көмектеседі, зат алмасу үрдісін жақсартады, бұлшық етті өсіреді. Жеке бұлшық ет топтарын дамыту үшін қолдануға болады [4].

Жас ерекшеліктеріне байланысты күшті дамыту, балалар мен жасөспірімдердің күштерінің өсу қарқыны сүйек – бұлшық ет жүйелерінің морфофункционалық өзгеруіне, ағзаның жалпы биологиялық жетілуіне, қозғалыс белсенділігі деңгейін т.б. көптеген себептерге байланысты.

Сүйек бұлшық ет аппараты өзінің ересектің даму шегіне 18-20 жаста жетеді. Сондықтан бастауыш және орта мектеп жасындағы оқушылардың күштерін дамытуды жылдамдатуды болмайды. Статикалық жаттығуларды шектеп, жалпы қозғалыс сипаттағы жаттығуларды қолдау қажет. Сондықтан бастауыш және орта мектеп жасындағы оқушылардың күштерін дамытуды

жылдамдатуға болмайды. Статикалық жаттығуларды шектеп, жалпы қозғалыс сипаттағы жаттығуларды қолдау қажет.

Кіші және орта мектеп жасындағы балалардың күш дайындығының негізгі міндеттері барлық бұлшық ет топтарының үйлесімді дамуы, дененің түзу, дұрыс қалпын қалыптастыру, берік «бұлшық ет құрсауын» құру.

7-8 жастағы балалардың күшін жетілдірудің қарапайым амалдары гимнастикалық қабырғаға, сүйенбелі сатыларға өрмелеу ұсақ доп лақтыру секіру, жеке элементтері бар қозғалмалы ойындар ойнау және т.б.

10-12 жастағылардың күштің дамыту талабы артады: толтырылған доппен жаттығулар, арқанға өрмелеу, қозғалыс сипаттағы күш түсіретін қозғалмалы ойындар ойнау т.б. орындалады.

12-13 күшті арттыру амалдарын көбейтуге болады. Бұл жастағыларға арнайы құрастырылған бұлшық ет топтарында арналған, ұсақ ауырлықтармен қозғалыс сипаттағы күш жаттығуларының кешенін беруге болады.

14-15 жастағы жасөспірімдердің денеге күш түсіретін жаттығулар жасауға шамалары жетеді. Осы жастан бастап күшке бағытталған жаттығулар әбден болады.

Осы міндеттерді орындау үшін дене тәрбиесі сабақтарында толтырылған доптармен жаттығу, айналмалы шеңбері жаттықтыру, арқан тартысу сияқты күш ойындарды қолданады [5].

Жаттығулар динамикалық статикалық орындала береді. Абсолюттік күштің табиғи өсуі бозбалалардың 16-17 жаста, қыздар 10-11 және 16-17 жаста айқын байқалады. Осы кезеңдерде жүргізген оқушылардың күш дайындығы, үрдісі олардың ағзаларының жедел жетілуіне көмектеседі.

Қорыта келе, күшті жетілдіретін дайындық жаттығуларын іріктегенде күш-қуатты дамытуға лайықты гимнастика мен ауыр атлетикалық жаттығулар таңдаулы тиіс. Күшті жетілдіретін жалпы дайындық арнайы дайындыққа апаратын бір жақты сипатта болмауға тиіс. Демек, жалпы дайындық пен арнайы дайындықтың арасындағы байланысты үзіп алмай, олардың іштей бірлігін ескеру қажет. Сондықтан күшті дамыту барысында осы мүмкіншіліктерді ескере отырып әдістемені дұрыс қолданған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Дайрабаев С.Е. Спорт және дене тәрбиесі теориясы. – Алматы: Білім, 2009. – 100-102 б.*
- 2 Уанбаев Е.Қ. Дене тәрбиесінің негіздері. – Алматы: «Санат», 2000.*
- 3 Матвеев Л.П. Теория и методика физической культуры. – М: «ФиС», 1991 г. – 336 с.*
- 4 Уанбаев Е.К., Уанбаева Ф.Ж. Дене мәдениеті мен спорттық теориясы мен әдістемесі. – Өскемен, ШҚМУ баспасы. 2009 ж. – 273 б.*
- 5 Жұнусбеков Ж.И. Внеклассная спортивно-массовая работа в школе, как вариативная часть программы по физической культуре. – Алматы: ТОО «ЛЕМ», 2015. – 221 с.*

УДК: 796.012.56
МРНТИ 11.25.41

Ж.И. Жунусбеков¹, С. Таукейұлы², Д.Д. Джамалов³

¹ *к.п.н., заслуженный тренер Республики Казахстан, профессор КазАСТ
г. Алматы, Казахстан*

² *к.м.н., заведующий кафедрой Института искусств, культуры и спорта при КазНПУ им. Абая
г. Алматы, Казахстан*

³ *заслуженный тренер Республики Казахстан, профессор КазНАУ
г. Алматы, Казахстан*

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ТЕХНОЛОГИЯ ПОДГОТОВКИ СПОРТСМЕНОВ ВОСТОЧНЫХ ЕДИНОБОРСТВ

Аннотация

На протяжении последних десятилетий в нашей стране наблюдается феномен спонтанного проникновения восточных единоборств в практику отечественного физического воспитания и спорта. Авторы статьи обращают внимание на необходимость их адаптации к психолого-педагогическим, социальным и культурным условиям подготовки казахстанских спортсменов.

В настоящее время, как показывает практика, подготовка отечественных таэквондистов, осуществляется на основе общих положений теории спорта и спортивных единоборств. Вместе с тем, в этом виде спорта недостаточно изучены особенности соревновательной деятельности. Необходима разработка методики обучения базовой технике, требуют исследования вопросы оптимального построения учебно-тренировочного процесса, развития и контроля физических качеств.

В статье для повышения эффективности многолетней спортивной подготовки спортсменов восточных единоборств предлагается использовать технологию целенаправленного управления сложными динамическими системами.

Ключевые слова: система управления, кибернетика, компьютерная технология, спортивная подготовка, тренировка.

Аңдатпа

Ж.И. Жунусбеков¹, С. Таукейұлы², Д.Д. Джамалов³

¹ *педагогика ғылымының кандидаты, профессор, ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушы,
Алматы қ., Қазақстан*

² *м.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ, өнер, мәдениет және спорт Институтының кафедра меңгерушісі
Алматы қ., Қазақстан*

³ *профессор, ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушы ҚҰАгроУ
Алматы қ., Қазақстан*

ШЫҒЫС ЖЕКПЕ-ЖЕК СПОРТШЫЛАРЫН ДАЙЫНДАУЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Мақалада соңғы онжылдықтарда біздің елімізде дене шынықтыру және спорттың ұлттық дене шынықтыру практикасына жауынгерлік өнердің өздігінен ену феномені болды. Мақала авторлары қазақстандық спортшыларды даярлау үшін психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік және мәдени жағдайларға бейімделу қажеттілігіне назар аударады.

Қазіргі кезде тәжірибе көрсеткендей, отандық таеквондо ойыншыларын дайындау спорт және жауынгерлік өнер теориясының жалпы ережелері негізінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, осы спорт түрінде бәсекелестік қызметтің ерекшеліктері жеткілікті түрде зерттелмеген. Оқу үрдісінің оңтайлы құрылысы, физикалық қасиеттерді дамыту және бақылау бойынша негізгі әдістемелерді, зерттеу сұрақтары бойынша оқыту әдістемесін әзірлеу қажет.

Бұл мақалада шығыс әскери өнері спортшыларын дайындаудың тиімділігін арттыру үшін күрделі динамикалық системаларды басқару педагогикалық технологиясын қолдану керектігін көрсетеді.

Түйін сөздер: басқару системасы, кибернетика, компьютерлік технология, спорттық дайындық, оқыту.

Abstract

Zhunusbekov Zh.I.¹, Taukeyuly S.², Dzhalalov D.D.³

¹candidate degree in pedagogical sciences, full professor, Deserved trainer of Republic of Kazakhstan

²candidate of Medical Sciences, head of the Department of the Institute of Arts, Culture and Sports at KazNPU named after Abay.

Almaty, Kazakhstan

³ professor of Kazakh National Agricultural University

Almaty, Kazakhstan

PEDAGOGICAL TECHNOLOGY OF TRAINING ATHLETES MARTIAL ARTS

Over the past decades, the phenomenon of spontaneous penetration of martial arts into the practice of national physical education and sport has been observed in our country. The authors of the article draw attention to the need for their adaptation to the psychological, pedagogical, social and cultural conditions for the training of Kazakhstan athletes.

At present, as practice shows, the preparation of domestic Taekwondo players is carried out on the basis of general provisions of the theory of sport and martial arts. At the same time, in this sport, the features of competitive activity are not sufficiently studied. It is necessary to develop a methodology for teaching basic techniques, research questions on the optimal construction of the training process, development and control of physical qualities.

In this article, for improving the efficiency of long-term sports training of athletes of martial arts are encouraged to use complex dynamic systems management technology.

Key words: control system, cybernetics, computer technology, sport training, training.

Анализ состояния вопроса совершенствования системы управления многолетней спортивной подготовкой позволяет констатировать, что современной спортивной педагогией, психологией и смежными дисциплинами медико-биологического цикла накоплен значительный научный материал, направленный на повышение эффективности многолетней спортивной подготовки (Н.Г. Озолин, 1970; Ю.В. Верхошанский, 1974, 1976; Г.О. Туманян, 1974; А.А. Гужаловский, 1974; К.Т. Булочко, 1975; В.К. Бальсевич, 1978; Н.А. Фомин, В.П. Филин, 1986; Л.П. Матвеев, 1977, 1991). Большинство исследователей наибольшие надежды в этом плане возлагает на системно-структурный подход, как главное, организующее начало в реализации идей управления спортивной тренировкой (В.М. Зациорский, 1970; В.В. Кузнецов, А.А. Новиков, 1975; В.Н. Игуменов, 1992;). В связи с этим активно используется методологический арсенал и понятийный аппарат кибернетики, как специализированной на управлении отрасли знания (В.С. Келлер, 1975; В.Н. Максимова, 1991; А.А. Новиков, А.О. Акопян, 1997).

Кибернетику определяют как науку об оптимальном, целенаправленном управлении сложными динамическими системами (А.И. Берг, 1964). Под оптимальностью понимается минимальная затрата энергии, вещества и информации. Целенаправленность означает перевод системы в одно из заранее заданных состояний. Управление по своей сущности есть процесс приема, накопления, переработка, преобразования и передачи информации [1]. «Целенаправленный перевод системы внешних и внутренних отношений организма спортсмена в новое качественное состояние путем воздействия на ее подсистемы и элементы представляет собой смысл управления тренировочным процессом» (Ю.В. Верхошанский, 1970).

Современные компьютерные технологии позволяют во много раз повысить скорость и эффективность решения управленческих задач, в том числе: 1) поиски и хранения информации; 2) управление деятельностью спортивных организации и клубов; 3) планирования и проведения тренировок и соревнований, включая анализ и прогноз спортивных результатов; 4) диагностики состояния здоровья и уровня тренированности спортсменов; 5) спортивной селекции (отбор перспективных спортсменов и комплектования команд); 6) подготовку кадров; 7) научно-исследовательской работы.

В системе управления компьютер дает возможность хранить информацию и извлекать ее не только по названию документа, но и по любому другому признаку: редактировать и размножить тексты; превращать числовую информацию в графическую и обратно [2,3]. Разработка системы Интернет позволила получать информацию от любой спортивной федерации мира. Так, например, некоторые Международные спортивные федерации имеют в Интернете списки ведущих команд и результаты национальных сборных команд на крупных международных соревнованиях, анкетные данные всех призеров чемпионатов мира, Европы и Азии. На ведущих спортсменов-единоборцев мира создана видеотека коронных технических приемов, что позволяет получить информацию в мультимедийном исполнении.

Система управления может осуществляться при наличии следующих условий (рис. 1): 1) управляющей и управляемой систем - спортсмен (управляемый) и тренер (управляющий); 2) цели управления и задач по годам, периодам и этапам; 3) знание исходного состояния спортсмена и каких результатов следует добиться; 4) управляющих воздействий, т. е. принципов, средств, методов и форм организации, личного примера тренера и выдающихся спортсменов и т.д.; 5) наличии *прямой связи* - команды, задания, что должен делать спортсмен и *обратной связи* от исполнителя к управляющему, т.е. оценки состояния и того, что выполнил исполнитель в форме срочной и периодической информации; 6) способов контроля и учета функционального состояния, поведенческих сторон, различных качеств и спортивных результатов; 7) создание условий для достижений цели.

Для успешного управления подготовкой важно знать границы допустимых величин нагрузки, методы их определения, количество повторений для достижения оптимальных сдвигов в функциональном и психическом состоянии, вопросы дозировки работы и отдыха.

«Управление процессом спортивной тренировки характеризуется двумя основными контурами регулирования. Один из них *внешний*, со стороны педагога-тренера, другой - *внутренний*, со стороны спортсмена. Внешний контур регулирования включает всю совокупность воздействий педагога-тренера и окружающей среды на спортсмена. Внутренний контур связан с восприятием, активной творческой их реализацией и конкретными действиями не только на тренировке, но и в условиях соревнования и более того в условиях повседневной жизни и деятельности» (А.Ц. Пуни, 1974).




Рисунок 1. Схема системы управления подготовкой спортсменов восточных боевых искусств

В занятиях видами единоборства более тесное общение тренера и спортсмена. В них тренер выступает как учитель и как партнер, действующий за разных противников. Он создает разнообразные условия, проблемные ситуации, многократно повторяет их, влияет на функциональные психические и поведенческие стороны ученика и сам активно участвует в этом процессе.

Управление целенаправленной деятельностью отдельных спортсменов, как процесс воспитания личности и функционального совершенствования систем организма, относится преимущественно к биологической категории управляемых и самоуправляемых систем и также имеет две подсистемы – управляемую – спортсмен и управляющую – тренер и сам спортсмен (рис 2).

Система управления



Рисунок 2. Общая структурная схема системы управления «тренер-спортсмен»

